

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Зұлфұхар Гаипов, Шолпан Жандосова

САЯСИ ҒІЛІМДЕР ТАРИХЫ
Оқу құралы

**Алматы
2015**

ӘӨЖ 32 (075)
ҚБЖ 66.1(0) я7
Г 14

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының
докторы, профессор **З.К. Шәукенова** және философия
ғылымдарының докторы, профессор **С.Е. Нұрмұратовтың** жалпы
редакциясымен

Рецензенттер:

Қайдарова Ә.С., саяси ғылымдарының докторы, доцент
Нысанбаев Ә.Н., ҚР ҰҒА академигі,
философия ғылымдарының докторы, профессор
Молдахмет Б., «Саясаттану» мамандығы бойынша PhD докторы

Г 14 Саяси ілімдер тарихы: Оқу құралы // З.С. Гаипов,
Ш.М. Жандосова / З.К. Шәукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың жалпы
редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2015. – 192 б.

ISBN – 978-601-304-053-0

«Саяси ілімдер тарихы» оқу құралында Антика дәуіріндегі,
Ежелгі Грекия мен Римдегі, Шығыс Араб-Мұсылман елдеріндегі,
Қайта өрлеу дәуірі мен Жаңа замандағы саяси ілімдер сипатталған.
Атап айтқанда, сол замандарда орын алған саяси ахуал, «саясат»
және «билік» ұғымдары, сонымен қатар әртүрлі ғұлама ғалым-
дардың іргелі еңбектерінде тұжырымдалған саяси-құқықтық мә-
селелер қарастырылады.

Аталған оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне,
магистранттарына, PhD докторанттарына, сондай-ақ саясатпен
айналысатын өзге де саланың мамандарына арналған.

ӘӨЖ 32 (075)
ҚБЖ 66.1 (0) я7

ISBN – 978-601-304-053-0

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2015
© Гаипов З.С., Жандосова Ш.М., 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1-тарау. Ежелгі Шығыстағы саяси ойлар.....	7
2-тарау. Көне Грекиядағы саяси ілімдер тарихы.....	15
3-тарау. Ежелгі Римдегі саяси ілімдер.....	22
4-тарау. Ортағасырдағы Батыс Еуропадағы саяси ілімдерге жалпы сипаттама.....	27
5-тарау. Шығыс Араб-Мұсылман елдеріндегі саяси ойлардың тарихы.....	32
6-тарау. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси ойлар.....	41
7-тарау. Қайта өрлеу және Жаңа замандағы саяси ой.....	46
8-тарау. XVII ғасырдағы Голландияның саяси ілімдері.....	54
9-тарау. XVII ғасырдағы Англиядағы саяси ойлар тарихы.....	60
10-тарау. XVII ғасырдағы Ресейдің саяси және құқықтық ойлары.....	65
11-тарау. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси ілімдер тарихы.....	73
12-тарау. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдегі саяси ойлардың дамуы.....	87
13-тарау. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы саяси ойлар.....	105
14-тарау. XX ғасырдағы Америка Құрама Штаттарындағы саяси ілімдер.....	114
15-тарау. XX ғасырдағы Францияның саяси ой тарихы.....	123
«Саяси ілімдер тарихы» пәні бойынша тест сұрақтары	137

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	182
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	185
Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Committee Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	188

КІРІСПЕ

Саяси ілімдер тарихы – адамзаттың рухани мәдениетінің құнды да ажырамас серігі және саяси ғылымның бір құрамдас бөлігі. Қандай да бір халық болмасын, оның ойлау мәдениеті, өз ішінен шыққан ойшылдары болады. Тарихта ойлау кеңістігі болмаған халық, мемлекет болған емес. Сондықтан да саяси ілімдер тарихының мәні – саясат пен мемлекеттің мәнін ашу, халықтардың саяси өмірі мен тіршілік тәсілдерінің, саяси ой-түсініктерінің қалыптасуын, эволюциялық дамуын зерттеу болып табылады.

Қазіргі заман бейнесін дұрыс танып білу үшін, сондай-ақ келешекте жақсы да парасатты мемлекет басшысын сайлауда және қоғамда жақсы жол таңдап алу үшін адамдар әр кезде өзіне дейінгі болған идеяларға арқа сүйеген.

Саяси ілімдер де адамзаттың рухани және күнделікті саяси тұрмыс тіршілігінде маңызды рөлге ие болған. Ол өмірдің жан-жақты саяси шындығы мен қайшылықтарын өрнектеуде қалтықсыз қызмет атқарып келеді.

Саяси ілімдер қоғам мүшелерінің саяси мәдениетін айқындайды. Сондықтан да қоғамның саяси мәдениеті адамзаттың төрт мың жыл бойы қалыптасқан саяси ілімдер тарихынсыз дамуы мүмкін емес.

Саяси ілімдер қоғамның, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаның қалыптасуын және олардың саясат субъектісіне айналу тарихын, саясатқа саналы түрде араласуының және саяси билік үшін күреске қатысу кезеңдерін ашады.

Әрбір халықтың саяси тарихы мен мәдениетінде тек саяси түсініктер ғана емес, сонымен бірге саяси билікті

жүзеге асыру дәстүрлері де қалыптасқан. Оларды зерттеу белгілі бір хронологиялық (уақыт), кеңістіктік (географиялық) және портреттік (индивидтік-портреттік) өлшемдермен өлшенеді. Мұндай зерттеу әдісін қолдану олардың қай дәстүрге қатысты екенін анықтау үшін керек.

Аталған еңбекте авторлар саяси ойлардың даму кезеңдері мен саяси ілімдегі дәстүрлердің эволюциясына талдау жасауға ұмтылады.

1 тарау. ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫСТАҒЫ САЯСИ ОЙЛАР

Саяси ойлардың қалыптасуы мен дамуы өз бастауын көне заманнан алады. Олардың пайда болуы алғашқыда философиялық-діни бағытта болды. Өйткені қоғамда діни нанымдар ертерек пайда болған еді және адамдар санасы қоршаған ортаны танып білуде өте тұрпайы да, қарапайым болды. Адамдар санасында қоғамдағы болып жатқан әр түрлі табиғи-саяси және әлеуметтік үрдістерді, қоршаған ортаны түсіндіруде мифтік көзқарас басым болды.

Адамдар өздерін қоршаған ортаны жанды космос әлемімен байланыстырды. Сондықтан да көне замандағы көптеген халықтар (гректер, парсылар, египеттіктер, үнділер мен үндістер, вавилондықтар мен римдіктер) жердегі болып жатқан құбылыстар мен тәртіпті көктен түскен заңды құбылыс деп қабылдады. Осыдан да болар, олар жердегі барлық жағдайды: қарапайым адамдар арасындағы қатынастан бастап, саяси істерге дейін барлығын діни идеологияға апарып таңып қойды.

Көне Египетте халық биліктің қайнар көзі деп құдайлар мен фараондарды қабылдады. Сондықтан да Египеттегі биліктің өзі фараондар салдырған пирамидаға ұқсас болды. Пирамида басында құдайлар мен фараондар, яғни пирамиданың шыңы, ал пирамиданың табаны (негізі) – халық, ортасы – абыздар мен ақсүйектер деп түсінді. Ал осы тәртіпті бұзған жағдайда адамдар құдайдың қарғысына қалады, ақырзаман болады деп түсінді. Осыдан барып олар қоғамдағы қалыптасқан жағдайды, тәртіпті сақтап қалу үшін әр түрлі заңдар жинағын жариялады. Сондай заңдардың ең көнесі ретінде ежелгі

вавилондағы Хамурапи (б.э.д. 1782–1750 жж.) патшаның заңдарын айтуға болады. Заңның кіріспе бөлімінде «осы заң сендерге әділеттілік үшін жіберілген» деп көрсетіледі.

Көне Үндістандағы бізге дейін жеткен көне ескерткіштердің бірі – ертедегі арийлер туралы мәліметтер сақталған **«Ригведа»**. Бұл құнды деректе олардың қоғамдық өмірі түгел сипатталады. Дерек бойынша үнділер қоғамды төрт арнайы топқа бөлген: а) брахмандар – абыздар; ойшылдар, ғалымдар; ә) кшатрийлер – әкімдер мен жауынгер әскери басшылар; б) вайшилар – көпестер мен саудагерлер; в) шудралар – бұқара халық.

Қоғамдағы мұндай әлеуметтік тапқа бөліну сол заманның идеологиясына ешқандай қайшы келмеді және бір таптан басқа тапқа ауысуға қатаң тыйым салынды. Осылайша үнді қоғамында саяси өмірді реттеуші қатаң касталық жүйе қалыптасты. «Ригведада» берілген мәліметтерге қарағанда арийлер еңбекшілерге билік жүргізген, сондай-ақ кшатрийлерді өздері сайлап отырған. Арийлер егер де кшатрийлер өздеріне берілген қызметті дұрыс атқармаған жағдайда және патшаға адалдық сақтамаған кезде оларды билік басынан алып тастау құқығын иеленген.

Көне заманнан бізге жеткен тағы да бір құнды жәдігердің бірі – ежелгі үнді тарихшысы, ойшылы Каутильяның жазған «Артхашастра» еңбегі болып табылады. Бұл еңбекте автор үнді жеріндегі көне Маурья мемлекеті туралы сөз қозғайды.

Маурья империясы мемлекетілік нышандары түгел қалыптасқан, өз құрылымы, нысаны, салық жүйесі және басқа мемлекеттермен саяси байланыс орнатқан мемлекет болғаны сипатталады.

Басқару формасына байланысты Маурья мемлекеті автократиялық тұрпатта болды, соған қарамастан қалалар мен ауылдық жерлерде оларға кейбір автономиялық өкілеттіктер берілді. Атап айтқанда, сауда, салық, мүлік,

шекара күзету мәселелеріне келгенде тұрғындар бұл сұрақтарды арнайы құрылған мекемелер, заң, сот жүйесі арқылы шешіп, жүзеге асырып отырды.

Маурья мемлекетінде арийлер ерекше мәртебеге ие болды. Олар ешқашан құл болмады.

Арийлер патшаны олардың мүліктік жағдайына қарамастан сайлады. Таққа отыру рәсімі кезінде патша халыққа адал қызмет ету туралы ант берді. Патша «егерде мен сіздерге қысымшылық көрсетсем, онда мені жаратушы аспан мен жерден және ұрпағымнан айырсын» деп ант берген.

Каутилья былай деп түсіндіреді, патшаның бақыты оның қол астындағыларының бақытына, олардың әлеуметтік жағдайына тікелей қатысты, өйткені патшаның негізгі қызметі халыққа қызмет етуден тұрады. Патша халқына адал болмаған жағдайда халық оны тақтан түсіруге құқылы болды. Бірақ үнді қоғамындағы билеушілердің ашкөздігі мен дүниеқоңыздығы Каутилья сипаттаған қоғамның біртіндеп құлдырауына әкеліп соқты.

Маурья мемлекетінде тұрғындарды табиғат және соғыс жағдайларына байланысты әлеуметтік қорғау механизмі құрылды.

Қалаларда сәулет, жол салу, туу мен өлімді тіркейтін, ішкі тәртіпті қадағалайтын арнайы муниципалды кеңестер жұмыс істеді. Бірақ соған қарамастан, Маурья мемлекетіндегі қатаң касталық жүйе біртіндеп саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан дағдарысқа ұшырай бастады. Патша мен брахмандардың шектен шыққан билігі мен қатыгездігі кедей бұқара халықтың құқықтарын аяққа таптады. Бұл өз кезегінде қоғамды идеологиялық тығырыққа әкеліп тіреді. Енді саяси сахнаға халықты осы тозақ шеңберінен құтқарушы жаңа харизматикалық лидер Будда (ханзада Гаутама Сиддхартха) келді.

Будданың («Будда» – көзі ашылған, нұрланған) өзі және оның ізбасарлары брахманизмнің қасиетті мәтіндерінде қалыптасқан идеяларды, ұғымдарды және санскрит тілін пайдаланды. Олардың көптеген ойлары брахманизм идеясымен ұштасып жатты. Атап айтқанда, қайта туу (сансара) қағидаты, жазасын алу (карма), парыз, хақ жолы (драхма) және т.б. Алайда ендігі жерде Будда ұжымдық психологиядан жеке психологияға ауысты. Адам жеке өзінің хақ жолын сезініп, қалыптастыра отырып, сансардан шыға алады және тағдырына ықпал етіп, карманы өзгерту мүмкіндігіне ие бола алады.

Будда іліміне кіріп, аман қалу жолында барлық адамдар бәрі бірдей деп саналды. Таптық, әлеуметтік және нәсілдік айырмашылықты адамдар рухани жағынан кемелденген шақта өзгерте алады. Ешқандай әлеуметтік сатыға, дәрежеге бөлінбейді. Адамның бақытқа жетуі де өз қолында. Ол оның істеген іс-әрекеттеріне байланысты. Будданың айтуынша, бақытқа жету үшін адам өз өміріне, құндылықтарына, қағидаттарына, тәртіп ережелеріне, қарым-қатынасына (ортамен), ниетіне, наным-сеніміне (діни) саналы мүмкіндік жасауы тиіс. Бұл жолдағы жақын мақсат пен мүмкіндік – болашақ өмірге қайта келу (туу) мәртебесіне ие болу бұқара халық үшін өте тиімді болды. Өйткені бұған дейін өмірде қайта туу мәртебесіне тек брахмандар ғана мүмкіндік алған еді.

Будда ілімінің бұқаралық мәні халық тарапынан кең қолдау тапты. Тіпті аристократия өкілдері де жаңа дінді қуанышпен қарсы алды. Б.э. II ғ. Үндістанда ірі мемлекет билеушісі Ашоко патша будда дінін насихаттауда ерекше еңбек етті. Ол өзін будда монахтығы – сангханың, яғни 32 буддизмнің этикалық нормасы – дхарманың қорғанымын деп жариялады. Сол арқылы ол жергілікті элитамен тартыста болашақ империяның билігін нығайтты.

Мемлекет бақылауымен Паталипутрада өткен соборда будда ілімін толық мойындау үдерісі басталды. Буддизм-

нің үш асыл қазынасы: ұстаз – Будда, ілім – дхарма, ақиқат иелері – сангха туралы түсінік бекітілді. Соның ішінде сангха нирванаға жетер жолды көрсете және жеңілдете алатын, ілімді түсіндіретін институт деп қабылданды. Сондай-ақ, Будда дінінде нирванаға жетер жолдағы ұстаз рөлінің маңызы артты.

Саяси ілімдердің бағзы отанының бірі – Қытай. Қытай халқының күрделі саяси өмірін түсіндіретін, реттейтін елде бірнеше мектептер болды. Сол заманда негізі қаланған идеялар қазіргі кезде де қытай халқының негізгі идеологиясына айналып отыр.

Қытай қоғамында конфуций ілімі негізгі доктринаға айналғанға дейін, мемлекеттің саяси өмірінде даосизм мен буддизм ілімдері саяси-идеялық тәртіпті қалыптастырып үлгерген еді. Буддизм адам мен ғаламның үйлесіміне назар аудара отырып, қоғамда әділетті мемлекет орнатуға болады деген идеяны қолдады.

Кун-фу-цзы (б.э.д. 551–479 жж.) Конфуций әлеуметтік және саяси қайшылықтар заманында өмір сүрді. Мемлекет іргесі шайқалып, патриархалдық-рулық нормалар дағдарысқа ұшырап, елді хаос жайлаған кез болды. Осы жағдайдан шығу үшін Конфуций әлеуметтік үйлесімділік идеясын ұсынды, сонымен қатар, ол Қытайдың рухани және қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарған даналар мен ел билеушілерінің беделіне сүйенді.

Конфуций идеялары көрініс тапқан «Луньюй» жинағында (оның шәкірттерімен арадағы сұхбат ретінде жазылған еңбегі) жетілген адам (цзюнь цзы) идеясы ашылады, адами тұлға өзіндік тұлға ретінде қарастырылады. Ол ғарышпен үйлесімділікте болатын рухани кемелденген тұлға деңгейіне жету мақсатында жетілген адам бағдарламасын жасады. Мейірімді адам – бүкіл қоғам үшін адамгершілік мұраттың бастауы. Тек соған ғана үйлесімділік сезімі мен табиғи ырғаққа сай өмір

сүру тән. Ол ішкі жүрек әрекеті мен сыртқы іс-қимылдың тұтастығының көрінісі. Дана табиғатқа сәйкес әрекет етеді, өйткені «алтын үйлесімділік» ережесін сақтау, оған туа біткен қасиет. Оның мақсаты – ғарышта орын алған үйлесімділік заңына сай, әлеуметті қайта құру, барлық тіршілікті тәртіпке келтіріп сақтау.

Конфуций үшін бес «тұрақтылық»: әдет-ғұрып, адамгершілік, әділетті парыз, білім мен сенімділік аса маңызды. Әдет-ғұрыптан ол әрбір тұлғаға, қоғам мен мемлекетке шексіз ғаламнан өз орнын табуында, Жер мен Аспан арасында «негіз және арқау» болатын құралды көрді. Осы тұрғыда Конфуций отбасылық этиканы мемлекеттік деңгейге дейін көтереді. Иерархиялықтың негізіне ол білім, кемелдену және мәдениетке жақын болу қағидатын алады.

Осы қасиеттерді тәрбиелей отырып, даналар қоғамдағы иерархияны өміршеңдігін қалыптастырады. Әлеуметке берілген табиғи ырғақ қоғам мен мемлекеттің дамуына негіз болады. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сұхбат табиғи үйлесімге негізделіп, шиеленіс пен қақтығысқа жол бермеу керек деп түсіндіреді.

Саясаткер ретінде Конфуций ел басқарудағы әдет-ғұрыптың құндылығын өте жақсы түсінеді. Үлкен және ұсақ істерде ол қол астындағы адамдардың өз шамасын білу сезіміне тәрбиелей отырып, әдет-ғұрып, тұлғалық және әлеуметтілік деңгейдегі адамды «сыртқы ортаға» бейімдейді, қақтығыстардың алдын алады.

Әдет-ғұрып қоғамдағы қалыптасқан саяси өмірді жалғастыруға, аман болуына себеп болады. Қазіргі қытай қоғамы өзінің саяси және мәдени-экономикалық дамуында, тұрақтылығында негізін Конфуций қалаған, әдет-ғұрып пен моральдық-этикалық нормаларға көп қарыздар.

Конфуций саяси идеясы жағынан алып қарағанда консерваторлық бағытты ұстанған, гуманист ойшыл болды.

Конфуцийшілдікті әрбір жаңа ұрпақ өзінше талқылап, қабылдады. Мысалы, **Мен-цзы** (б.э.д. 372–289 жж.) ұстаздың билік мәні туралы тезистерін қайта қарады. Қоғам мен мемлекеттің пайда болуын ол қоғамдық келісім нәтижесі деп түсіндірді. «Көк жарлығы» идеясы арқылы қоғамдағы жоғарғы тап пен төменгі таптар арасындағы келісімділікке жетудің жолын көрді. Идеалды мемлекетте биліктің қайнар көзі халықта және бұқара барлық қажеттіні өз қолына алады деп түсіндірді. Әділеттілік бұзылған жағдайда бұқара халық «Көк жарлығын» жаңа, игі ел басшысына ауыстыруға болады деген ескерту айтады.

Легистер конфуцийшілдік гуманистік идеяға сын айтушылар еді. Көне легистер идеясы, негізі б.э.д. IV ғ. аралығында дүниеге келген «Шан цзюнь шу» (Шан облысы басқарушысының кітабы) еңбегінде айтылған еді.

Шан Ян конфуцийшілдердің әдет-ғұрыпқа арқа сүйеп, елді басқару идеясын қатты сынады. Легистер мемлекеті басқаруда қатал заң мен тәртіп қана тұрақтылықты қамтамасыз етеді деп түсіндірді. Олар «Егер халық мемлекеттен күшті, басым болса, онда мемлекет әлсіз, ал керісінше мемлекет – билік халықтан мықты болса, онда армия (әскер) мықты болады» деді.

Легистер заңға бағыну деп халықты тұтастай қанау мен құдалауды түсінді. Шан Ян тіпті «Ақылдылар ғана заң шығару құқығына ие, ал ақымақтар оны орындаумен ғана шектелу керек» деген екен.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: халық, билік, құдай, патша, әдет-ғұрып, дін, мемлекет, брахма, кшатра, шудра, карма, драхма, дао, сансара.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Көне Шығыстағы саяси ойлар тарихының ерекшелігі неде?
2. Көне Үндістандағы касталық жүйенің қоғам өміріндегі орны мен рөлі қандай?

Саяси ілімдер тарихы

3. Көне Қытайдағы саяси мектептерді атап өтіңіз.
4. Конфуций ілімдерінің қытай қоғамындағы орны қандай? (өткен заманмен салыстырыңыз).

Әдебиеттер:

1. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы, 2007.
2. История политических и правовых учений (Древний мир) / под ред. В.С. Нерсисянца. – М.: Наука, 1985.
3. История политических и правовых учений / под ред. Сыздықов К.К. – Павлодар, 2006.
4. Сырымбетұлы Б., Сатершинов Б. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы. – Алматы, 2015.
5. Утченко С.Л. Политические учения древнего мира. – М. 1972.

Реферат тақырыптары:

1. Көне Египет пен Вавилондағы саяси ойлар.
2. Көне Үндістандағы саяси ілімдер тарихы.
3. Брахманизм ілімінің саяси мәні.
4. Қытайдағы саяси ойлардың негізгі ерекшеліктері.
5. Конфуций – мемлекеттегі тұрақтылық туралы.

2 тарау. КӨНЕ ГРЕКИЯДАҒЫ САЯСИ ІЛІМДЕР ТАРИХЫ

Көне Грекия территориясында алғашқы мемлекеттер б.э.д. I мың жылдықта дербес, егеменді қала – мемлекеттер – полистер ретінде пайда болды.

Алғашқы қауымдық құрылыстан құлдық формацияға көшу процесі қоғамда өте қатал таптық қайшылықтарға толы болды. Екі антогонистік тап қалыптасты. Бір жағынан бай аристократтар болса, екінші жағынан кедейленген қала тұрғындары және ерікті адамдар мен құлдар болды.

Мемлекет басқару формасында қала полистер арасында қатаң бәсекелестік басталды. Бұрыннан билік басында болған ақсүйектермен (аристократтар) бақталастыққа олигархтар (ірі мүлік иелері) түсті. Осындай қиын жағдайда кейбір қалаларда демократиялық басқару формасы қалыптасты (Афина мен Абдер қалаларында). Қоғамдағы осы саяси жағдайлар мен процестер грек ойшылдарының саяси ілімдерінің қалыптасуына ықпал етті.

Грекиядағы саяси ойлардың даму ерекшеліктерін саралағанда, біз оның үш кезеңін қарастырамыз. *Алғашқы кезең* – (б.э.д IX–VI ғғ.) ол көне грек мемлекеттерінің қалыптасуымен тұспа-тұс келеді және мемлекеттің пайда болуын философиялық-құқықтық (Пифагор, Гераклит) негізде түсіндіру үрдісі қалыптасады. *Екінші кезең* – (б.э.д. V–IV ғғ.) грек философиясының өркендеуі мен саяси-құқықтық идеялардың даму кезеңіне сай келеді. Бұл Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель заманы еді. *Үшінші кезең* – эллинизм дәуірі, грек мемлекеттерінің құлдырауы мен грек қала полистерінің әуелі Македонияның, одан кейін Рим империясының қол астына енуімен сипатталады.

Демокрит (б.э.д. 460–370 жж.) өзінің саяси ойларын да алғаш рет адам мен адамзат және қоғамның дамуы әлемдік даму үдерісінің табиғи жалғасы деп қарастырды. Осылайша адамзат қоғамы прогрессивті эволюциялық өзгерістерден кейін өзінің қалыпты жағдайынан шықты. Осы тұрғыдан алып қарағанда полис, қоғам және заңнамалар қолдан жасалған, ол табиғаттан алынбаған. Сондықтан да олардың пайда болу үдерісінің өзі қажеттіліктен туылған, яғни кездейсоқ процесс емес деп көрсетеді. Осыдан да болар Демокрит үшін табиғи және қолдан жасалған дүниенің байланысы саясат пен этикалық нормалардағы өлшеммен анықталады. Сондықтан да ол адам табиғатына қарсы келетін дүниенің барлығын әділетсіз деп қабылдайды.

Демокрит үшін мемлекетте әділеттілік пен жалпыға бірдей мамыражай жағдай қалыптастыру керек. Мемлекеттік мүдде барлығынан да жоғары тұруы керек, ал азаматтар мемлекеттік құрылым мен басқаруды жетілдіруге ат салысуы тиіс деген. Демокрит «жақсы басқарудағы мемлекет – зор қорған, өйткені ол жалпы тұтастықтың негізі, егер де ол өлсе, онымен бірге барлығы да өледі» дейді. Мемлекеттілікті дамыту барлық мемлекет тұрғындарының ісі, олардың бір-біріне өзара көмегі мен туысқандығында. Қоғамдағы азамат соғысы екі жаққа бірдей тиімсіз. Қоғамдағы тепе-теңдікті ұстап тұруда мүліктік жағынан алшақтық болмау керек, өйткені мемлекеттегі әлеуметтік тұрақтылыққа кері әсер етеді деп санайды.

Демокрит үшін ел басқару ісі ол тек аристократияның үлесі. «Ақымақтар үшін бағынышта болу абзал, өйткені ел басқару тек жайсаңдардың үлесі. Әдеп бойынша заңға, билікке, ақылы асқандарға бағыну керек, ақымақтардың қол астында болу қандай қасірет» деген екен. Ақымақ азаматтарға биік мансап беруге болмайды, өйткені олар әдепсіз және топас болады дейді Демокрит. Ел басқару ісінде

Демокрит тектілікке, көрегендікке және жауапкершілікке ерекше мән береді. Заңдар тек қарапайым адамдар үшін керек, өйткені олардың арасындағы қызғаныш пен бір-біріне деген алауыздықтарды жою үшін, ал даналар үшін, қай қоғамда өмір сүрсе де, олар әділетті болады, себебі әділеттілік даналар үшін мызғымас қағида дейді.

Сократ (б.э.д. 469–399 жж.) адамзат тарихында өшпес рухани із қалдырған танымал ойшыл. Өз заманында лайықты бағасын алып, данағөй атанған. Софистермен болған пікірталаста ол қарсыластарының көптеген идеяларын өзіне алып, кейінірек оларды дамытқан.

Сократтың пікірінше мемлекет басқару ісін практикада істі білетін іскер адамдар айналысуы керек. Ал теориялық деңгейде мемлекетті басқарудың адамгершілік мәнін ашу керек деп түсінді. Билікті ұдайы сынағаны үшін Сократ бірнеше рет қудаланды. 399 жылы қарсыластары оны дінсіз, заңды бұзушы ретінде өлім жазасына кескен болатын. Сонда Сократтың жақтаушылары оны түрме қызметшісіне пара беріп шығарып алмақ әрекет етеді. Сол кезде Сократ «Мен өзім жұрттан заңдылықты талап етемін, енді қалайша өзім заңсыз әрекетке бармақпын» деп өлім жазасына мойын ұсынады.

Кейінірек Сократтың ілімдері Платон мен Аристотель сияқты заманының ғұламаларына үлкен серпіліс әкелді.

Платон (б.э.д. 427–347 жж.) антикалық дәуірде өмір сүрген, философия мен саясаттану және саяси ілімдерде өшпес із қалдырған ғұлама.

Платон Афинадағы атақты отбасында дүниеге келген. Жас шағында (407–399 жж.) Сократтан дәріс алған, кейіннен оған сол дәрістері керемет әсер етіп, болашағына жол ашқан. Сократтың өлімінен кейін ол Афина қаласын тастап, ұзақ уақыт ел аралап саяхат жасайды. 387 жылы Афинаға қайта келіп өзінің Академиясын (Академ – жер аты) ашады.

Платонның алғашқы кезеңдегі еңбектерінде («Апология Сократа», «Протогор», «Критон») Сократқа еліктеушілік басымдау болады. Сократ сияқты ол рационалды идеяға көбірек беріледі. Ал кейінірек жазылған («Мемлекет», «Саясаткер», «Софист», «Парменид» және «Заңдар») еңбектерінде діни-мифологиялық сарын көбірек кездеседі.

Платонның ойларындағы басты идея екі әлем жайлы. Біріншісі – идеялар әлемі, екіншісі – құбылыстар әлемі. Идеялар әлемі Платон үшін ол – нағыз болмыс, яғни құдайдан түскен жарлықтар, ал құбылыстар әлемі – ол болмыстың кері құбылмалы көшірмесі.

Платон жердегі қалыптасқан саяси өмір мен саясат және мемлекет туралы айтқанда оны барынша идеялар әлеміне жақындатуға тырысты. *Біріншіден*, азаматтар арасындағы еңбек бөлінісінің қатаң сақталуын, сондай-ақ иерархиялық деңгейлердің де сақталуын талап етті. Полистерде билік – басқарушылар, әскер – ел қорғаушылар, қолөнершілер мен шаруалар, яғни өндірушілер болу керек деп қарастырды. Мемлекеттегі еңбек бөлінісінің мұндай схемасы адам жанының үш бастауына сәйкес келеді деп түсіндірді: саналылық, жанкештілік және іскерлік.

Екіншіден, мұндай қатаң әлеуметтік сословияларды қалыптастыру мемлекет үшін де пайдалы, өйткені ол тәртіпке жауап береді деп түсіндірді. Мемлекет басындағылар математика мен философияны оқытып үйретумен қатар бұқара халыққа «ізгілік ойларды» да үйретуге тиісті. Адамдар туылғаннан барлығы бірдей болмағанымен де, олар бір-біріне көмектесіп қол ұшын беру керек деп қорсеткен.

Үшіншіден, ол аристократиялық басқару формасын жақтады. Аристократияны ол қоғамның ізгі жақсылары деп түсіндірді. Платон аристократиялық басқару формасына олигархия, тирания және демократиялық басқару

формаларын қарсы қойды. Олардың барлығына өзінше анықтама береді.

Платон демократияға «демократия қысқа мерзімге арналған халық билігі. Биліктен шаршаған халық қайтадан бір тиранды таққа отырғызады...» деп анықтама береді.

Платон «Мемлекет» еңбегінде жеке меншікке шектеу қояды. Өйткені шектен тыс байлық қоғамға алауыздық әкеледі, сондықтан да байлық орташа болуы керек дейді.

«Заңдар» еңбегінде Платон мемлекеттің екі құрылымы туралы айтады: біріншісі – барлығының үстінен билеушілер қадағалайтын, екіншісі – билеушілер үшін де заң жазылған мемлекет. Ал, бұл жерде Платон заң үстем болатын мемлекет туралы айтады. Осы «Заңдар» еңбегінде Платон «заңды сыйламаған, құрметтемеген елдің болашағы жоқ» деген пікір айтады. Заңды жүзеге асыруда Платон сот жүйесіне жүгінеді, ол үшін соттардың қызметін жақсарту керек дейді.

Платон өзінің идеялық көзқарасында идеалист болды.

Аристотель (б.э.д. 384–322 жж.) аралығында өмір сүрген антикалық дәуірдің көрнекті ғалымы. Аристотельдің саяси-құқықтық тақырыпта жазылған бірнеше еңбектері бар: «Саясат», «Афина саясаты», «Этика», «Риторика».

Аристотель саясат туралы ғылымды барынша жан-жақты дамытуға тырысты. Саясатты ол этикамен тығыз байланыстырды. Аристотельдің пікірінше, саясаткердің адамгершілік қасиеттері басты назарда болуы керек. Аристотель де Платон сияқты мемлекет жайлы ой қозғанда, мемлекеттік мүддені барлық басқа құндылықтардың бәрінен жоғары қойды.

Аристотель үшін мемлекет – табиғи дамудың жемісі. Мемлекеттің пайда болуын ол отбасылық жағдаймен, яғни отбасының пайда болуымен салыстырады. Жеке тұлғаның саяси-әлеуметтік дамуы полистерден (қала мемлекеттер) басталады. Жеке тұлғаның саяси өмірге

араласуы және қалыптасуы осы полистердегі саяси жағдайға тікелей байланысты деп түсіндіреді.

Платонмен салыстырғанда Аристотель жеке меншікке ерекше көңіл бөлді. Өйткені, меншік иесі болу адамның табиғатынан және өзіне деген махаббатынан шығады деп көрсетеді. Қоғамдағы барлық теңсіздіктер меншікке байланысты дей отырып, Аристотель өз пікіріне қарамақайшы пікір айтады. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік қайшылықтар осы мүлік теңсіздігіне және қоғамдағы орта таптың орны мен рөліне байланысты дейді.

Аристотельдің ойынша, мемлекеттің басты мақсаты – орта тапты қалыптастыру және сол орта тап мемлекеттегі саяси-әлеуметтік тұрақтылық кепілі болады.

Мемлекеттің басқару формасына келгенде Аристотель оны «дұрыс», яғни көпшілікке пайда, жақсылық әкелетін түрін: монархия, аристократия, полиция және сонымен қатар «бұрыс» басқару – тирания, олигархия және демократияны көрсетеді.

Аристотель идеалды-озық мемлекет ретінде полицияны ұсынады. Полиция оның пікірінше, басқарудың ең жақсы элементтері, яғни аристократия, олигархия және демократиядан тұрады. Аристотельдің бұл тұжырымында үлкен мән бар, өйткені ол аристократтардан қашанда ізгілік есіп тұратынын, олигархтар қоғамда жұмыс орнын қалыптастырушылар, ал демократия халықпен санасу деп тұжырымдайды. Бірақ Аристотель де Платон сияқты демократиялық басқару формасына қарсы болды. Себебі, егер демократия қадағалаусыз болса, онда ол қоғамды тығырыққа апаратын жол деп көретеді. Жалпы мемлекетті басқаруда, байлық жинауда және билікті жүзеге асыруда орташа болу керек, яғни орта тапқа арқа сүйеу керек деп ескертеді.

2-тарау. Көне Грекиядағы саяси ілімдер тарихы

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: мемлекет, аристократия, олигархия, эллинизм, саясат, деспотия, полиция, демократия, республика, империя.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Көне Грекиядағы саяси ілімдер тарихының ерекшелігі неде?

2. Платонның «жетілген мемлекеті» қалай деп аталады?

3. Аристотель мен Платон идеяларындағы орта таптың негізгі рөлі қандай?

4. Аристотельдің іліміндегі тоталитарлық режимнің негізгі белгілерін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Античная культура и современная наука. – М. 1985.

2. Антология мировой политической мысли: в 5 т. – М.: Мысль, 1997.

3. Аристотель. Политика. – М., 1972.

4. История политических и правовых учений / под ред. В.П. Малахова, Н.В. Михайловой. – М., 2007.

5. Рассолов М.М. История политических и правовых учений. – М., 2010.

Реферат тақырыптары:

1. Демокрит – демократия туралы.

2. Платонның идеалдық мемлекеті.

3. Платон – құқықтық мемлекеттің негізін қалаушы.

4. Аристотель – мемлекет басқару туралы.

5. Гераклиттің саяси көзқарастары.

3 тарау. ЕЖЕЛГІ РИМДЕГІ САЯСИ ІЛІМДЕР

Көне Римдегі саяси ілімдер де өз тарихи тамырын тереңнен алады. Антикалық Римдегі саяси ілімдер тарихын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

1. патшалық (б.э.д. 754-510 жж.) кезең;
2. республикалық (б.э.д. 28-509 жж.) кезең;
3. императорлық (б.э.д. 27-476 жж.) кезең.

Біздің дәуіріміздің 395 жылы Рим империясы екі империяға бөлініп кетті. Батыс Рим – астанасы Рим қаласы, Шығыс Рим – астанасы Константинополь, ал соңғысы 1453 жылы толық мемлекеттілігінен айырылды.

Көне Римдегі саяси ілімдердің қалыптасуы Патрицийлер мен байыған плебейлер, оптиматтар, мен популярлар, ерікті азаматтар мен құлдар арасында күшті таптық күреспен бірге қатар дамып жүріп жатты. Осының барлығы да кейіннен Рим билеушілерін билік монополиясын бөлісуге итермеледі. Соның бірі Римнің алтыншы императоры Сервий Туллийдің плебейлерді «рим халқының» санатына қосуымен аяқталды. Бірақ оларды мүлкіне қарай бірнеше разрядтарға бөлді. Нәтижесінде плебейлер халық жиналысына қатысу және жер иесі атану құқығына ие болды. Плебейлер мен патрицийлер арасындағы теңдік үшін күрес ұзаққа созылды. Осы жолда көптеген рим консулдары мен халық трибундары реформа жасауға тырысты, бірақ олардың әрекеті нәтижесіз, өздерінің өлімімен аяқталды.

Өздерінің бағдарламасында рим реформаторлары Сократ, Платон, Аристотельдің мемлекет, заңдар және саясат пен саясаткерлер туралы идеяларын пайдаланды

және соған арқа сүйеді. Әсіресе, рим ойшылдары саясат пен құқықты дамытуда ерекше рөл атқарды. Солардың бірегейі – Цицерон.

Марк Туллий Цицерон (б.э.д. 106–493 жж.) атақты заңгер, мемлекет қайраткері, ойшыл. Ол өз шығармашылығында мемлекет пен құқық мәселелерін қарастырды. «Мемлекет туралы», «Заңдар туралы», «Міндеткерлік туралы» атты еңбектердің авторы.

Цицерон мемлекетке (*respublica*) анықтама бергенде оған «халық – адамдардың бей-берекетсіз, мақсатсыз жиынтығы емес, керісінше қоғамда өз ынтымағы бар, ортақ мақсаты мен құқығы үшін топтасқан адамдар жиынтығы» деп баға береді. Осылайша Цицерон алғаш рет саяси ілімдер тарихында мемлекетке заң тұрғысынан анықтама берген ойшыл, ғұлама.

Цицерон мемлекеттің пайда болуын адамдар арасындағы өзара келісімділікпен түсіндіреді. Мемлекет пен құқық, Цицеронның пікірінше, адамдардың өз қалаулары бойынша пайда болмайды, ол құдіреттің (құдайдың қалауымен) арқасында болатын іс. Осының барлығын түсініп білу үшін үлкен сана иесі болу керек. Жердегі болып жатқан барлық үдерістер жоғарыдағы «саналы әрекет арқылы әділетті басқарылуы» тиіс деп көрсеткен.

Сана – адам жанының ең жоғарғы сатысы. Атақ-құмарлық, дүниеқоңыздық және мансапқорлық сияқты «жан бүлікшілері» дана басшыларға жат қасиет, «парасат жайлаған жерде ешқашанда ашу-ыза мен бейбастылыққа жол болмайды» деген пікір білдірген.

Цицерон көне грек философтары сияқты мемлекет басқару формасының үш түрін көрсетеді: патша билігі, оптиматтар (аристократия) және халық билігі (демократия). Патша осы көрсетілген формаларды пайдаланып мемлекетті ұтымды басқарса мемлекет дұрыс дамиды дейді. Патша егерде жеке-дара басқарып, өктемдікке

берілсе, оның арты тиранияға алып келеді, ал оптиматтар билігі тек байлар мен игі жақсылардың жиынына айналады деп ескертеді. Сонымен қатар, Цицерон «жағымсыз» басқару деп демократияны көрсетеді, өйткені ол «тобырдың ақылсыздығы мен озбырлығына алып келеді» деп ескертеді. Сондықтан да, оның ойынша, басқарудың ең озық түрі – аралас басқару формасы деп тұжырымдайды.

Ақылды мемлекет басшысына мемлекеттегі көптеген мәселелердің алдын алу керек деп ескертеді. Мемлекет басшысына алдын болжай білетін көрегендік қасиет пен өз ісіне деген жауапкершілікті басты талап етіп қояды.

Цицерон табиғи заңдарға ерекше мән береді. Ол табиғи заңдар барлық заңдардан бұрын пайда болғанын атап өтеді. Сонымен қатар, мемлекеттегі қабылданған заңдар сол елдің менталитетіне сәйкес болуы керек деп ескертеді.

Рим стоиктерінің саяси көзқарастары Рим империясының әлемдік державаға айналған тұсына сай келеді. Олар өз идеяларында космополитизм мен адамның адамгершілік жағынан өзін-өзі дамыту мәселелерін қозғады.

Луций Анней Сенека (б.э.д. 3–65 жж.) император Неронның тәрбиешісі, мемлекет қайраткері, сенатор болған.

Сенека рухани идея бостандығы үшін күресті. Ол адамдардың қай әлеуметтік статусқа жататындығына қарамай олар рухани жағынан азат болуы керек деп есептейді. «Тіпті құлдың өзі де рухани азат адам, тек оның тәні ғана құлдықта» деген. Құлдық жүйені Сенека жоққа шығармайды, бірақ ол құл иелерінен құлдарға адамгершілікпен қарауын сұрайды. Ол барлық адамдар тағдыр алдында бірдей дәрежеде «құл» деп есептейді. Оны ол «біреулер құлқынның құлы, біреулер дүниенің құлы. Ең ауыр құлдық – өз еркімен құлдыққа мойын ұсыну» деп түсіндіреді.

Сенека өзінің табиғи-құқықтық тұжырымдамасын «тағдыр заңдарына» таңып қояды. Бұл заңға адамзаттың

ойлап тапқан нұсқаулары, мемлекет және заңдар түгел бағынады деп түсінді.

Стоиктердің келесі өкілі – **Эпиктет**. Ол қоғамдағы адамдар әрқайсысы өзіне тағдырдан келген істермен ғана шұғылдануы керек дей келе, байлық пен құлдық жүйені қатаң сынады. Құл ұстау адамгершілікке жатпайтын жат қылық деді. «Өзіңе тілемеген жаман істі өзгеге де тілеме. Егер саған құл болу ұнамаса, онда өзгені де құлдықта ұстама» деген.

Марк Аврелий Антонин мемлекет пен құқық туралы ойды дамыта түсті. Император-стоик қоғамдағы адамдардың заң алдында барлығының бірдей және жауапты болуымен қатар, қол астындағылардың ерікті азат болуын қалады.

Стоиктердің саяси ойлары кейіннен рим саяси құқығының негізін қалады.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: патша, император, республика, билік, плебейлер, патрицийлер, мемлекет, заң, саясат, құқық, сана, аристократия, демократия.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ежелгі Римдегі саяси ілімдерге сипаттама беріңіз.
2. Цицерон идеяларындағы құқықтық мемлекеттің қоғамдағы орны қандай?
3. Марк Тулий Цицеронның «Мемлекет туралы» және «Заңдар туралы» еңбектерінің мәні неде?

Әдебиеттер:

1. Синайский В.И. История источников римского права. – Варшава, 1911.
2. Трубецкой Е.Н. Религиозно-общественный идеал западного христианства в V в. – М., 1892.
3. Утченко С.Л. Политические учения Древнего Рима III-I вв. до н.э. – М., 1977.
4. Утченко С.Л. Цицерон и его время. – М., 1972.

5. Цицерон Марк Туллий. Диалоги. О государстве. О законах. – М., 1996.

Реферат тақырыптары:

1. Таптар мен түрлі әлеуметтік топтардың теке-тіресуі Ежелгі Римдегі саяси идеологиялардың түрлі бағыттарының қалыптасуының қайнар көзі ретінде.

2. Римдегі саяси мектептер.

3. Цицерон – мемлекеттің түрлері мен құлдықтың табиғаты туралы.

4. Цицеронның саяси көзқарасы.

5. Римдік стоиктер: фатализм ілімі.

4 тарау. ОРТАҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ САЯСИ ІЛІМДЕРГЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Батыс Еуропа тарихында ортағасыр тарихы ең ұзақ кезеңді (V–XVI) қамтиды. Батыстағы саяси-құқықтық идеялардың қалыптасуы үлкен таптық қайшылықтарға толы, құқықтық институттардың пайда болуымен және мемлекеттік тәртіптердің қалыптасу процесімен қатар жүрді.

Ортағасырда Батыстағы саяси ойлар ылғи өзгеріп, дамып отырды. Қоғамдағы сол өзгерістер кейіннен ескі құрлықтағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің, сондай-ақ, феодалдық қатынастардың дамуына әкеліп соқты.

Батыстағы саяси ойлардың дамуы мен қалыптасуын үш кезеңге бөлуге болады. *Бірінші кезең* – ерте феодалдық (V–XI ғғ.). Бұл уақытта қоғамда феодалдық қатынастар енді ғана қалыптасып, жаңа қоғамдық-экономикалық формацияның негізі қаланған уақыт еді. Осы уақытта ірі мемлекеттік құрылымдар қалыптасып, монархиялық билік орнады және сол ірі мемлекеттер кейіннен ұсақ конгломераттарға бөлшектеніп кетті.

Екінші кезең – феодалдық қатынастардың шарықтап дамыған (XI–XV ғғ.) тұсына және орталықтандырылған сословиелік-монархияның орнауына тұспа-тұс келеді.

Үшінші кезең – (XV ғасырдың аяғы – XII бас кезі) феодализмнің аяғы, капиталистік қатынастардың енді пайда бола бастаған кезі, сондай-ақ, монархиялық биліктің көпшілігі абсолюттік монархияға ұласып үлгерген тұсымен сипатталады.

Ортағасырлық Батыстағы саяси ілімдердің қалыптасуына христиан дінінің, соның ішінде рим-католик шіркеуінің ықпалы өте күшті болды. Христиан діні Батыста тұтастай христиандық мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етті. Осыдан барып белгілі библиялық «Құдайдан басқаның билігі жоқ, барлық билік тек құдайдан» деген қағиданы ұстанды және ол феодалдық қоғамның басты идеологиясына айналды.

Батыс Еуропаның ортағасырлық саяси тарихында мемлекеттік билік үшін рим-католиктік шіркеуі, папство мен зайырлы феодалдар арасында қатаң тартыс жүрді.

Ортағасырлық Еуропаның саяси және рухани өмірінде папство өзінің шарықтау шегіне XIII ғасырда жетті. Оның ерекше дамуына үлкен үлес қосқан доминикандық монах, теолог-ғалым **Фома Аквинский (Аквинат, 1225–1274 жж.)**. Фома Аквинскийдің еңбектері сол замандағы шіркеу билігінің ресми идеологиясына айналған еді. Негізгі еңбектері «Билеушінің басқаруы туралы» (1265–1266 жж.), «Теология жиынтығы» (1266–1274 жж.).

Фома Аквинский өз саяси доктринасының негізі етіп Аристотельдің идеяларын қабылдады. Әсіресе, оған Аристотельдің мемлекет туралы идеясы құба-құп келді. Аквинский Аристотельдің «адам саяси хайуан» ұғымын басты назарға ала отырып, адамдардың әу бастан бірігіп мемлекет құруға ұмтылысы олардың табиғатынан, өйткені адамдар жеке-жеке жүріп өз қажеттілігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да олар мемлекет құруға ынталы болды дейді. Мемлекеттің пайда болуы құдайдың әлемді жаратқанымен пара-пар. Әлемді жаратпастан бұрын құдай жерде тәртіп пен біркелкілікті орнатты. Монархта осы жолды қайталайды. Әуелі мемлекеттің құрылымын анықтап алғаннан кейін, тәртіп пен басқаруды жүзеге асырады деп тұжырымдайды.

Мемлекеттің мақсаты – «жалпыға жайлы» адамдарға лайықты өмір сүру мүмкіндігін қалыптастыру. Аквинат

билікті айқындауда үш: 1) биліктің мәніне; 2) формасына (пайда болуына); 3) билікті қолдану элементіне назар аударады.

Биліктің мәні – басқару мен бағындыру, соның ішінде жоғарғы сословие төменгі сословиеге өз билігін жүргізуге тиісті деген қорытындыға келеді. Осылайша, ол биліктің құдайдан келген әмір екенін тағы да бір тұжырымдайды. Бірақ Аквинат билікті теріс мақсатта пайдаланатын билеушілер де бар деп ескертеді.

Аристотельдің мемлекетті басқаруын (аристократия, олигархия, демократия) саралай келе, Аквинат, басқарудың ең жоғарғы жетілген формасы ретінде монархияны қолдайды. Ол монархияның екі түрін ұсынады: абсолюттік және саяси монархия. Аквинат абсолюттік монархияға қарағанда, саяси монархияға үлкен ықыласпен қараған. Өйткені ол кезде, яғни саяси монархия жағдайында ірі феодалдар мен шіркеу қызметкерлерінің мүдделері қарастырылып, олар билікке ықпал ете алатын еді.

Фома Аквинский өз заманының нағыз идеологы болды. Әсіресе ол католиктік шіркеу мен ірі феодалдар мүддесін қорғаушы ретінде жасаған еңбегі католиктік шіркеу тарапынан жоғары бағаланып, Аквинатқа «періштелер докторы» деген жоғарғы титул берілді.

Аврелий Августин (345–430 жж.) – христиан-теологы, философ-мистик, көзқарасы, ұстанымы жағынан неоплатондық бағытты жақтаған. Басты ұстанымы «Сенімсіз білім мен шындық жоқ». Негізгі еңбектері «О граде божем» және «О земном граде».

Аврелий Августин әлемдік тарихтың христиандық концепциясын дамытушы және оның сөзімен айтқанда «дүние жаратылысының өзі құдайдың қалауымен болған іс» деген идеяны жақтаушы ғалым. Адамдардың жердегі барлық көрген қиындықтары мен жамандықтары олардың құдай алдындағы жасаған күнәларынан

деп түсіндіреді. Августиннің ілімі римдік шіркеу қызметкерлерінің зайырлы феодалдық бағытты ұстанушыларға қарсы күресінде басты идеологияға айналды. Мемлекетті басқару формасында Аврелий абсалюттік билікті жақтаған. Августинизм әлі күнге дейін христиан дініндегі протестанттық бағытты жақтаушылардың басты ілімі деп саналады.

Католиктік шіркеудің ықпалына қарсы күрескен ірі неміс ғалымы **Мартин Лютер (1483–1546 жж.)**.

Мартин Лютердің пікірінше адам екі әлемде өмір сүреді. Алғашқысы – рухани әлем, екіншісі – жер әлемі. Рухани әлемде құдайға сенушілер, яғни құдайлар үстемдігі, ал жер әлеміне барлық адамдар тұрағы, яғни жердегі билік үстемдігі жатады. Рухани әлем адамның рух еркіндігі мен сенімін және ішкі дүниесін, ал жер әлемі адамның іс-әрекетін, болмысын анықтайды. Қоғамдағы рухани өмір адамдардың жердегі іс-әрекетіне тікелей байланысты. Осыдан барып жердегі билеушілердің негізгі қызметі қоғамды әділдікпен басқару, күш қолданбау деп түсіндіреді.

М.Лютердің бұл идеясы көпшіліктің қолдануына ие болды. Бұл идея бұқараны христиандық құндылықты қайта қарауға итермеледі, нәтежисінде католиктік діндегілердің ішінде жаңа ағымның лютерандық сенімнің пайда болуына әкеліп соқты.

Ортағасырдағы діни концепцияның саяси ілімдерді дамытудағы рөлін жоққа шығаруға болмайды. Себебі, адамдардың әділетті басшы мен әділетті мемлекетке деген сенімін қалыптастырды. Екіншіден, адамдардың саяси санасына, саяси мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етті. Сондай-ақ, қоғамда саяси плюрализммен қатар діни плюрализмнің де негізін қалады. Үшіншіден, діни дәстүр кейінірек көптеген мемлекеттердің идеологиялық бағытын айқындады.

4-тарау. Ортағасырдағы Батыс Еуропадағы саяси ілімдерге жалпы сипаттама

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: феодализм, монархия, дін, шіркеу, Библия, лютерандық сенім, протестант, католик.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ортағасырлық Батыс Еуропадағы саяси жағдайға жалпы сипаттама беріңіз.
2. Мартин Лютер реформасының мәні неде?
3. Ортағасырлық Батыс әлемінде католик шіркеуінің беделі қандай болды?
4. Фома Аквинскийдің «Мемлекет басқару туралы» еңбегінің саяси мәні неде?

Әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. Дінтану негіздері. – Алматы, 2006.
2. Боргош Ю.Ф. Фома Аквинский. – М., 1975.
3. История политических и правовых учений. Средние века и Возрождение. – М., 1986.
4. Токарев С.А. Ранние формы религии. – М., 1990.
5. Фома Аквинский. Антология мировой философии. – М., 1969.

Реферат тақырыптары:

1. Ортағасырдағы Батыс Еуропалық саяси ойдың дамуындағы басты ерекшелік.
2. Фома Аквинскийдің саяси-құқықтық көзқарастары.
3. Ф. Аквинский – мемлекеттің пайда болуы туралы.
4. Аврелий Августин – христиан схоластикасының негізін қалаушы.
5. Мартин Лютер және оның христиан дініндегі реформаторлық қызметі.

5 тарау. ШЫҒЫС АРАБ–МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ САЯСИ ОЙЛАРДЫҢ ТАРИХЫ

Мұсылман-араб әлеміндегі құқықтық-саяси ілімдердің дамуы рулық-тайпалық қатынастардың әлсіреп, феодалдық қатынастардың қалыптаса бастаған VII–X ғасырлар аралығына тура келеді.

Мұсылмандық саяси-құқықтың қалыптасуы мен дамуына қасиетті **Құран** (араб тілінен аударғанда – «есітіп оқу», «тақпақтата дауыстап оқу», «мәнерлеп оқу») және **Сунна** (араб тілінен аударғанда – әдет-ғұрып, үлгі-өнеге) ерекше әсер етті. Көп құдайлықтан бас тартқан арабтар исламды басты дін тұтып, бір ислам идеологиясы аясына топтасып, күшті мемлекет – халифат орнатты. Ислам халифатын орнатуда **Мұхаммедтің (с.ғ.с.)** мемлекет қайраткері, ірі саяси реформатор ретінде орны ерекше.

Мұсылмандық құқықтық-саяси теориядағы басты мәселе – мұсылмандық билік пен басқарудың арнайы халифаттық түрі болды.

Мұсылмандық Шығыстың саяси-құқықтық ойының басты тақырыптарының бірі – ізгілікті қала мен адаба (жетілген адам) мәселесі болып табылады.

Ізгілікті қала мәселесінің негізі әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның саяси теорияларында қаланды.

Әбу Насыр әл-Фараби саяси ойларын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» деген еңбектерінде жинақтаған. Әл-Фараби өз идеясында басты назарды билеушінің адамгершілік қасиеті мен оның белсенді азаматтық позициясына аударды. Әл-Фарабидің

пікірінше, жақсы мемлекет басшысы жоғарғы билік өнерін жүзеге асырушы болып табылады.

Ізгілікті қалада бақытқа жетудің өзекті мәселесінің бірі – философиялық және құқықтық мәдениеттің, моральдық сапалардың, адамның рационалдық қабілеттерінің өзара үйлесімді әрекеттесуі болып табылады. Мұндай өзара байланысты билеушінің өзі жүзеге асыруы тиіс. Билеуші тек өзінің философиялық эрудициясын, қолданылып жүрген қағидаларды және өз білімділігін ғана жүзеге асырмауы тиіс, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерді, теориялық және практикалық ізгілік істерді жүзеге асыруы тиіс.

Өнерді, ізгілікті, білім мен даналықты және өзінің ұйымдастыру қабілетін мемлекет басқару ісінде шеберлікпен жүзеге асыра білу, әл-Фарабидің пікірі бойынша, билеуші үшін бастапқы негізді құрайды.

Философиялық, адамгершілік және құқықтық мәдениетті терең меңгеру – билеушіге мемлекетті дұрыс, шебер басқаруда, заңдылықты қамтамасыз етеді және олардың мүлтіксіз орындалуына кепіл болады.

Бұл туралы әл-Фараби былай деп жазады: «Заң шығарушы, біріншіден, өзінің заңдарын ендіре білгені, екіншіден, басқара білгені жөн. Егер ол берген жарлығын ендіре алмаса, басқалар қадағалайтынды өзі де қадағаламаса, онда оның нұсқауларының заңды күші болмайды және оның сөзін қол астындағылары қабылдамайды. Егер заң шығарушы – білімсіз адам болса, онда ол адамдарға пайда әкелетін заңды белгілей алмайды, заңды сақтаудағы маңызды орынды тәрбие алады. Заңды елемейтін және өзінің бағыныштыларын да соған итермелейтін адамның өзі, өзінің іс-әрекетімен үлкен тәртіпсіздікке душар қылады».

Әл-Фараби қоғамдағы саясатты жүзеге асыруда, билеушімен қатар қала тұрғандарының да философия-

лық, адамгершілік, құқықтық және саяси мәдениетінің маңыздылығына назар аудару қажеттілігін атап өтеді.

Қайырымды қала тұрғындарының өзін әл-Фараби бірнеше топқа бөледі. Бұқара халықтың негізгі бөлігі кедей-кепшіктер, олар ерекше қамқорлықты қажет етеді, сондықтан да олардың мұң-мұқтажын үнемі естен шығармау керек, шаруамен келген адамның ісіне қолғабыс жасап, ілтипат көрсету керек. Тек жетілген қалада ғана адамдар бір-біріне қол ұшын беріп, бір-бірін қолдап, ұжымдасып өмір сүреді деп ескертеді.

Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының қатарына медресе шәкірттерін де жатқызады. Кейбір шәкірттер білім алуды қара басының қамы үшін пайдаланғысы келеді, мұндай шәкірттердің ісіне сын көзбен қарап, теріс мінездерін алдымен өздеріне түзеттіру қажет. Ал мінезі түзу шәкірттерге білім ешбір қиындықсыз қонады деген пікір айтқан.

Келесі топқа әділдігін елге мадақтап айтып отыратын, әлеуметтік жағдайы жұрттан жоғары тұратындар (қала басшысы және оның көмекшілері) кіреді. Қала басшысының қызметі мен мінезіндегі кемшіліктерін тікелей айтпай, оны жанамалап, астарлап сынау арқылы түзету керек дейді.

Әл-Фараби бойынша, адам өз өмірінің қожасы, сондықтан да ол өз тағдырына өзі жауапты. Адамның өмірдегі бақыты мен бақытсыздығы ол құдайдан емес, ол адамның күнделікті істеген әрекетінен деп түсіндіреді.

Әл-Фарабидің идеяларын қабылдаған және оларды шығармашылық жағынан дамытқан ойшылдардың бірі – Жүсіп Баласағұн.

Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) – көрнекті түркі филологтарының бірі, атақты «Құтадғу біліг» (Берекелі білім немесе Құтты білік) еңбегінің авторы. Бұл шығарма «бәйітпен» жазылған, 6520 «бәйіттен» тұрады. Негізгі

тақырыбы – моральдық-этикалық мәселе. Жүсіп Баласағұн жазған моральдық-этикалық мәселе адам өмірінің тамаша жағдайын, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін көрсетеді. Бұл кітапта ойшыл, сол кезде өзі өмір сүрген Қарахан мемлекетінің негізін шайқалтқан, саяси бүлік кезеңінде өте қажетті ізгілікті билеушінің тамаша аспектілерін керсетуге ұмтылды.

Жүсіп Баласағұн билеушінің рөлі туралы айта отырып, мынадай өсиет қалдырады: «...Және біл: адамның алдында сенің үш борышың бар. Оларды орында, күшпен ұзақ тұра алмайсың. Біріншіден – күмістің тазалығын сақта. Екіншісі – адамдарға әділ заң бер. Үшіншісі – жолды күзетіп отыр». Баласағұн билеушінің мәртебесін және оның халық алдындағы борышын сипаттай отырып, билеушінің қол астындағыларынан оның шешімін талап етуін атап өтеді. «Сенің билігіңнің үш құқығы бар. Бағынышты адамдардан сұрайтыныңды ұмытпа. Олардың бірінші борышы – сенің барлық бұйрығыңды құрметтеу. Олардың екінші борышы – қазына алдында борышы болу керек. Және үшіншісі: сенің жауларыңмен жауласып, сенің достарыңмен достасулары керек. Егер сен өз борышыңды әділ орындасаң, бағыныштыларыңның да қайтарымы жақсы болады».

Билеушіге өсиет айта отырып, Баласағұн да әл-Фараби сияқты мемлекеттің ізгілікті түрі билеушінің рухани тазалығы мен еңсесінің биіктігіне, қол астындағыларының ізгілікті, адамгершілікті өзара қарым-қатынастарына байланысты деп санады.

Ортағасырлық мұсылман әлемінің ойшылдары үшін **адаб** (кемел адам) білімділік пен адамгершіліктің көрсеткіші болып саналды. Мұндай білімнің мақсаты – мәдениетті және нәзік сезімді адам жасау болып табылады. Сопылық философиясында адаб идеясына көп

көңіл бөлінді. Нақты өмірде діни, адамгершілік жолдан таю, құқықтық және мемлекеттік нигилизм болатынын атап көрсете отырып, сопылыққа рух берушілер рухани-адамгершілік кемелдену жолын ұсынды. Тек кемеліне жеткен адамға ғана ақиқат ашылады.

Сопылардың ойынша, кемел адам бейбіт өмір сүріп, қоғамдағы адамгершілікке жат нәрселерге, әділетсіз мемлекетке қарсылық танытады. Зұлымдық бой бермейтін және күйреткіш, жүрегінде құдайға деген сүйіспеншілікке орын жоқ адамдарды өзіне қатты тартады. Мұндай адамдар табиғатының қалауымен әрекет етіп, қылмыс, зұлымдық жасауға барады.

Факихтер дамытқан мемлекет теориясы бойынша бедел иелерінің арасында әл-Мүліктің орны ерекше. **Әл-Мүлік (шамамен XI ғасыр)** нақты саяси билік ретінде сұлтандықты нығайтудың негізгі қағидаттарын қалыптастырды. Халифатты тек діни институт ретінде, ал халифті діни басшы ретінде ғана тани отырып, сұлтандық билікті негіздеуге тырысты.

Әл-Мүлік өзінің идеясын негіздеу және оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін уәзірлік қызмет атқара отырып, әл-Джувейни және әл-Ғазали сияқты бедел иелерін тартты. Олар өздерінің теорияларында басқарудың ықпалдылығы мен тиімділігі тәрізді билік қырларына көңіл бөлуге тырысты. Мысалы, әл-Джувейни басқарудың барынша тиімді түрі сұлтан билігі деп есептеді, бірақ бұл үшін оның заңды екендігін негіздеу керек болды.

Бұл міндетті шешуге көптеген еңбектер («Әл-Иктисад фи-л-истинад», «Фадаих әл-батынния ва-фадаил әл-Мустазхирия») жазған факихтердің ірі кемеңгері **әл-Ғазали (1058–1111 жж.)**. Ол мемлекетті басқару мәселесіне «Насырхат әл-Мүлік» деген еңбегін арнады.

Әл-Ғазали халифатты сынап және сұлтандардың нақты билігіне заңдылық дәрежесін бере отырып, мұсылман

мемлекетін нығайту керек деген мәселеге көңіл бөлді. Бұл идеяға ол өзінің «Ихйа» деген еңбегін арнады.

Жаңа әдіснамалық қағидатты іздеуге көптеген идеологиялық және теориялық-кұқықтық, діни-кұқықтық мәселелер мен методологиялық сипаттағы қиындықтар кедергі келтірді.

Әл-Ғазали өзінше бір эклектикалық нұсқа табады. *Біріншіден*, оның тапқан шешімінің нұсқасы тәртіпті қамтамасыз етіп, қоғамды әр түрлі бүліктен сақтай отырып, тұрақтылықты қалыптастырады. *Екіншіден*, мәселені шешу қағидаты мұсылман мемлекетін нығайтуға ықпал жасаса деген бағытта болады.

Саяси мүмкіндіктерді, халифаттың болашағы мен нақты жағдайларын объективті бағалай отырып, әл-Ғазали мұсылман мемлекетін нығайту үшін ең алдымен халиф және сұлтан мәселесінің арақатынасын шешіп алу керек деген тұжырымға келеді. Ал бұл мәселені шешу үшін имамның сұлтанмен одақ құру идеясын ұсынады.

Әл-Ғазалидің имамат теориясының негізгі ережелері мыналар болып табылады:

1. тәртіпті ұстап тұру үшін билік қажет;
2. сұлтанат халифаттың бір бөлігі болып табылады, ал халифаттың өзі қауым мен имам бірлігінің символы;
3. халифаттың беделі Шариғатқа сүйенеді.

Әл-Ғазалидың ойынша, имам бедел иесі бола отырып, не пайғамбар арқылы, не халиф, не нақты билік иесі сұлтан арқылы тағайындалады. Әл-Ғазалидың ойынша, таяу арада сұлтан халифты (имамды) тағайындайтын болса, онда ол «сенім мен билік – егіз» деген қағидатқа сүйене отырып, оның беделін мойындауы тиіс.

Әл-Ғазалидың пікірінше, мемлекеттің міндеті – исламды және исламдық өмір сүру түрін қорғау болып табылады. Сол себептен, ойшыл саясат пен дінді бір-бірінен бөлуге болмайтын, өзара байланысты тұтас орга-

низм ретінде мойындап, бір-біріне себепші арақатысы бар мәселе деп қарастырады. Ғазалидың пайымында, саясат дін мен моралдың қажетті компоненті болып табылады. Дін ғылыммен, құқықпен және этикамен тығыз байланысты. Саяси ғылым адамның бақытқа жетіп, болашақта аса жоғары бақыт иесі болуын қамтамасыз етуге тиіс деп көрсетеді.

Ибн-Халдун (1332–1406 жж.) өзінің саяси тұжырымдамасында мемлекет дамуындағы және жоғалып кетуіндегі кейбір аспектілерді айқындауға тырысты және билік жүргізу түрлерінің ерекше бір жіктеуін жасады.

Философтың пікірінше, мемлекеттің пайда болуы қоғамдық дамудың бір көрсеткіші болып табылады. Мемлекет күш пен билеуге сүйеніп, ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асырады. Сыртқы саясатта мемлекет өзінің дербес позицияларын сақтайды, ал ішкі саясатта ол тайпалардың тығыз бірігу функциясын жүзеге асырады, заңдар мен тәртіптің іске асырылуын қамтамасыз етеді, халықтан салық жинайды, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін әскер құрады.

Әр мемлекеттің өзінің өмір сүретін уақыты болады. Философтың пікірінше, мемлекеттің өмір сүру уақыты рет-ретімен бес сатыдан өтеді екен:

1-саты – пайда болу (билікке жаңа билеушінің келуі);

2-саты – биліктің жаңа билеушінің қолына шоғырлануы;

3-саты – мемлекеттің гүлденуі (мұнда тәртіп орын тебеді, тұрақтылық қамтамасыз етіледі);

4-саты – күш көрсетудің ашық нысандары қолданылып, оппозиция қудаланады;

5-саты – мемлекеттің жойылуы (дағдарыс қоса жүреді).

Мемлекет эволюциясының себептерін талдай отырып, ибн-Халдун биліктің өмір сүру ерекшеліктерін анықтайды, саясат түрлерінің мазмұнын (сыртқы, ішкі, жаза-

лау) және саяси режимнің типтерін айқындайды. Ибн-Халдун мемлекеттің үш түрін жіктейді: саяси монархия, табиғи монархия және халифат. Саяси монархия парасатқа негізделген және адамдардың материалдық мүдделеріне бағытталған. Басқарудың бұл түрінде монарх рухани және діни құндылықтардан азат. Табиғи монархия жеке бастың деспоттық режимі болып табылады, себебі басқа адамдардың мүдделерімен емес, монархтың субъективті мүдделерімен айқындалады.

Ибн-Халдунның ойынша, басқарудың ең жақсы түрі – халифат. Халифат Шариғатты басшылыққа алады, бұл дүниелік істерді жүзеге асырады, исламға қатысты сенімінің мүдделерін қорғайды. Ойшылдың пікірінше, дәл халифатта діни және осы дүниелік қағидаттарды үйлестіре отырып, билікте үйлесім табуға, мұсылман құқығының әділдігіне сүйенуге болады. Басқару нысаны ретінде халифаттың артықшылығын атай келіп, ибн-Халдун оның эволюциясын және монархияға ұласуы мүмкін екенін жоққа шығармайды.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: Құран, сунна, шариғат заңдары, құдай, сұлтанат, халифат, саяси монархия, тәртіп, құқық, кемел адам, адамгершілік, қайырымды қала.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Құранның Шығыс араб-мұсылман әлеміндегі саяси және құқықтық ілімдерді дамытудағы рөлі қандай?

2. Мұхаммедтің (с.ғ.с) мемлекет қайраткері, халифаттың негізін қалаушы ретіндегі саяси портретін ашып беріңіз.

3. Әл-Фарабидің мемлекет басшысына қоятын талаптары қандай?

4. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасының саяси мәні қандай?

5. Араб ойшылдарының (әл-Ғазали, ибн-Халдун) батыстағы саяси ілімдер тарихының дамуына әсері қандай болды?

Әдебиеттер:

1. Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ. Ж., Сатершинов Б.М. Саяси ой тарихы. – Алматы, 2003.
2. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. – А., 2006.

Реферат тақырыптары:

1. Ислам дінінің Мұсылман-араб елдеріндегі саяси ойдың қалыптасуына тигізген ықпалы.
2. Мұхаммед (с.ғ.с) діни және мемлекет реформаторы.
3. Әл-Фараби – «Шығыс Аристотелі».
4. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» туралы.
5. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі мемлекет және мемлекетті басқару туралы ойлары.

6 тарау. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ ОЙЛАР

Қазақ даласындағы саяси ойлардың тарихы оған идеялық-саяси ықпалын тигізген түркі және араб саяси философиясына барып тіреледі.

Мұсылман Шығыс ойшылдарының әдет-ғұрыптарын қабылдап және оны жалғастырғанымен, қазақ саяси ойларының өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл өзіндік ерекшелік идеалды мемлекеттің теориялық үлгісін құрған араб тілді саяси ойшылдарға қарағанда, қазақ даласында саяси өмірдегі мәселені практикалық жағынан шешу және нақтылық байқалады. Қазақ сахарасындағы идеялар тек саяси шындықты ғана көрсетіп қоймайды, керісінше онда мол фактілік материалдар жинақталған және оқиғаларды түсіндіруде үрдістік сипат басымдыққа ие болады. Ғұламалардың жазған еңбектерінен біз олардың өзінің жеке бақылағандарына негізделген айқын қойылған мақсаттар мен міндеттерді табуымызға болады. Авторлардың шығармаларының мұндай өзіндік ерекшеліктеріне қарап, оларды тек қазақтардың XV–XVII ғасырлардағы саяси тарихы ғана суреттелген тарихи-саяси ескерткішке жатқызуға болмайды, неге десеңіз бұл дерек көздерінде қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылысы, басқару саясаты мен нысандары туралы мол фактілік материалдар бар.

Асан Қайғы Сәбитұлы (XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың бас кезі) мемлекет қайраткері, би, ойшыл, жырау. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария өзенінің жағасын мекендеген.

Асан Қайғы ұсақ хандықтардың басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Жәнібек пен Керей хандарды жақтайды. Ал қазақ хандығының негізі қаланған кезде, Асан Қайғы жаңа мемлекеттің жаршысы, басты идеологына айналды.

Билік басындағылардың асау мінезін сынап, Асан Қайғы оларды сабырлыққа шақырады. Сабырлық парасат пен ізгіліктен тұрады. Билеуші ең алдымен – ізгілік иесі деп көрсетеді.

Жырау емес, ол би, ол қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған саяси қайраткер. Мемлекеттің басты белгісі территориясы – жері болса, бұл мәселені Асан Қайғы жаңа Жерұйық деген ұғыммен жалғастырады. Жерұйық ұғымын елдің басты ұранына айналдырады. Сонымен қатар, ол елді бірлікке шақырып, ел тұтастығын үндеген. Асан Қайғы бірлік хақында былай деген «Қарындасты жамандап, туысты қайдан табасың».

Асан Қайғы әлеуметтік мәселелерге де араласып, қоғамда билеушілерді әділеттілікке шақырып отырған.

*Хан мен билер қасқанда,
Халық қайтіп күн көрер.
Онда халық түнерер,
Халыққа қысым күш берер,
Халықтың кегі күшке енер – деп ескертіп отырған.*

Қазақ топырағында артында өшпес із қалдырған тұлға – **Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551 жж.)**. Мұхаммед Хайдар Дулати тарихшы-ғұлама, мемлекет қайраткері және де «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің авторы. Кітап сол заманның мәдени-тарихи, саяси өмірін сипаттаған жазба мәдениеттің үлгісі.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» кітабында мемлекетті басқаруда мынандай бірнеше шарт айтады:

- белгілі бір істі шешкенде патша өзін көпшіліктің бірі ретінде, ал басқаны өзіне әкім ретінде қоюы керек, өзі

құптамаған үкімді ол басқаның қабыл алуын лайық деп санамасын;

- «мұсылманның шартын орындауды патша ғибадат санасын. Пайғамбар бұйырды, мүмүннің көңілін шаттыққа бөлеу – адамдардың барлық ғибадаттарымен тең». Мұсылман патша ұдайы мұсылмандардың мұқтажын өтеуге дайын болуы керек;

- патша халықты риза ету үшін үкімінде әлсіздік байқатпауға және алдамауға тиіс. Кез келген адамды риза ету үшін хақ (шындық) және шарифатқа қарсы іс жасамауы керек;

- патша елге төнген қауіптен қамсыз қалмауға тиіс, ол әмір мен басқарушының билігі мәңгі игілік пен бақыттың құралы екенін нақты білуі керек;

- патша менменсіп һәм тәкаппарланып халықты жәбірлеп, өзінен шошытпауға тиіс, қол астындағыларға, әлсіздерге игілік пен шапағат жасап, қара халықтың сүйіспеншілігіне бөленуге ұмтылуы керек;

- патша, не әкім парасатты болуы керек. Патша болып жатқан оқиғаларға, терең үңіліп қарауы керек, һәм әркім даналық, ақыл, ақиқат алдында оларды тудырған себепті айқындап даналық көзбен олардың зардабын көре білуі тиіс. Егер олар кәдекілгі іс болса, шарифат жолымен шешуге міндетті, ал егер мәселе шиеленісіп кеткен болса, онда оны парасаттылық нұрымен ұғуға тиіс.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасындағы парасаттылық пен ізгілік мәселелері одан кейінгі ойшылдарға да үлкен азық болды.

Қазақ қоғамындағы бізге жеткен аса маңызды алғашқы саяси-құқықтық құжат – «**Жеті Жарғы**» (XVII–XVIII ғғ.) саналады. «Жеті Жарғыда» нормалар тізбесі, қазақ қоғамындағы діннің рөлі, әлеуметтік топтар мен саяси ұйымның саяси-құқықтық белгілерінің сипаты беріледі. Ең ықпалды саяси күш – ақсүйектер тұқымы (төрелер) болып табылды. «Жеті Жарғыда» көрсетілгендей, сұлтан – жоғары

билікті, үкіметті біддіреді, ал Х ғасырдан бастап ол билікке ие дербес тұлғаны біддіреді. Ақсүйектерге жатпайтын халықтың қалған бөлігі «қара-сүйек» деп аталып, рулар мен тайпаларға бөлінді.

Олардың арасында сот, әкімшілік және әскери билікке ие және сұлтандармен бірге мемлекет мәселелерін басқаруға қатысқан биліктің (қазының) алатын орны маңызды болды.

Сұлтанның билігі ылғи да абсолютті сипатта болған жоқ, тек Қасым ханның тұсында ғана бір орталыққа бағынған, күшті биліктің болғанын байқаймыз. Тәуке хан басқарған кезде бүкіл қазақ хандығының үш жүзінің аумағы оған құқықтық бағынышта және оның саяси ықпалында болды. Ол қайтыс болғаннан кейін әр түрлі дерек көздерінен кездестіргеніміздей, хандардың саяси билігінің әлсірегені байқалады.

Сөйтіп, XVIII ғасырға дейін қазақ даласындағы саяси ойлардың эволюциясында рухани әдет-ғұрыптың сақталуы мен дамуы байқалады. Сол заманның тарихшылары билеушінің моральдық қасиеттері мен саясаткерлер бойында парасатқа ерекше мән береді. Осылайша олар көзі ашық, адамгершілігі мол билеуші басқарып отырған мемлекеттің мінсіз үлгісін әзірлеуге тырысады. Сонымен қатар, тарихшы ғұламалар мемлекеттің саяси, әкімшілік құрылымымен қатар қоғамдағы болып жатқан саяси оқиғалардың барысын сипаттайды.

Қазақ хандығы тұсындағы саяси ойлар біріншіден, қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді заң нормалары арқылы шешуге байланысты билер институтын қалыптастырды. Билер институты сондай-ақ, мемлекеттегі соғыс пен бейбітшілік мәселелерін де қарастырды. Екіншіден, елдің тұтастығы мен егемендігі туралы идеясының негізін қалады. Үшіншіден, қазақ хандығының іргетасы қаланды және мемлекеттілік жайлы ұғым қалыптасты.

6-тарау. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси ойлар

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: Қазақ хандығы, Жерұйық, төре, би, сұлтан, мұсылман, патша, билік, парасаттылық, ізгілік, рулар мен тайпалар, Жеті Жарғы, Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Қазақ хандығының пайда болуының алғышарттарын атап беріңіз.
2. Асан Қайғы. «Жерұйық» тұжырымдамасының саяси мәні.
3. Асан Қайғының елдік санасын қалай түсінесіз?
4. М.Х.Дулати шығармаларындағы ел мен жер, билік пен саясат мәселелері.
5. Жеті Жарғының қазақ қоғамындағы әлеуметтік, құқықтық, саяси мәні неде?

Әдебиеттер:

1. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы, 2007.
2. Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ. Ж., Сатершинов Б.М. Саяси ой тарихы. – Алматы, 2003.
3. Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди». – А., 2003.
4. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. – А., 2006.

Реферат тақырыптары:

1. Асан Қайғы қазақ хандығының алғашқы идеологы.
2. Асан Қайғы жырларындағы егемендік идеясы.
3. Асан Қайғы жырларындағы бірлік идеясы.
4. М.Х.Дулати қазақ хандығының қалыптасуы туралы.
5. Жеті жарғының қазақ қоғамындағы саяси-құқықтық қатынастарды реттеудегі орны мен мәні.

7 тарау. ҚАЙТА ӨРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ САЯСИ ОЙ

Қайта өрлеу және Жаңа замандағы саяси ойлардың басты ерекшелігі, бұған дейінгі саяси ойшылдар сияқты «жақсы өмірді» аңсау мен тұлғаның сыртқы күштерге деген тәуелділігі емес, керісінше, оларды мемлекет пен оның пайда болу мәселесі қатты қызықтырды. Саяси ойлар бірте-бірте діни және философиялық көзқарастардан айырылып, сана болмыстың негізі ретінде қарастырылып, заңдар оның құралына айналуы керек деген қағида бірінші кезекке қойылды.

Қайта өрлеу және Жаңа заман дәуіріндегі реформалық үрдістердің нәтижесінде әлеуметтік мәдениеттің жаңаша үлгілері жасалды, олар өз заманындағы дамыған бүкіл өркениеттік құндылықтар қатарына енді. Бұл заманның ойшылдары өздерінің мемлекет, құқық, заң сияқты түсініктерін қалыптастыруда антикалық өркениеттің рухани мұраларына сүйенеді. Антикалақ мұралар жаңа мемлекеттің үлгілерін іздестіруге негіз болды. Өйткені бұл үлгілер қайта өрлеу заманында өмір сүрген адамдарға жаңа мәселелерді шешу үшін қажет болды.

Қайта өрлеу мен Жаңа заман ойшылдары дүниені түсіндіруде адамның тағдыры, шыққан тегі, атағы, конфессиялық статусы арқылы алдын-ала болжанбайды, ол адамның қажырлығы, белсенділігі, игілікті істері арқылы анықталуы тиіс деп түсіндірді. Азаматтылық, халық игілігіне риясыз қызмет ету тұлғаның ең басты мақсатына айналып, басты мәселесі ретінде қарастырылды. Бұл түсінік теңдік пен әділеттілік ұстанымдарына сүйенеді,

жеке адамның бас бостандығының кепілі іспеттес болып, адамға тән табиғи бастамаларына сәйкес келді.

Азаматтық концепцияны зерделей келе, оны Ренессанс деп қарастыруымызға негіз бар. Бұл мәдени құбылыс тұлғаны қайта қарауға мүмкіндік жасады. Тұлғаны бұрынғыдай тек діни тұрғыдан қарастырмай, қайта керісінше, оның қоғамдағы рөлін барынша қарапайым түрде түсіндіруге тырысты. Н. Макиавеллидің сөзімен айтқанда, қоғам адамдарға қызмет ету керек деген ұстаным – Жаңа заманның басты ұранына айналды.

Қайта өрлеу заманының көрнекті өкілдерінің бірі – итальяндық ғалым **Николло Макиавелли (1469–1527 жж.)**.

Николло Макиавелли саяси ойлар тарихында көптеген еңбек жазып қалдырған. Соның ішіндегі ең маңыздылары: «Патша», «Тит Ливийдің алғашқы он кітабы туралы ой толғаныстар», «Флоренция тарихы» және «Әскери өнер».

Ғалымның қарастырған мәселелерінің ішіндегі бастысы деп мыналарды айтуға болады:

1. Саяси ғылымды қоғамтану ғылымдарының ішінде дербес ғылым деп қарастыруы. Мемлекет пен құқық, тұлға мен мемлекет, шіркеу мен адамдардың ара қатынастарын зерттей келе, олардың қалай пайда болғанына ерекше көңіл бөледі, сонымен қатар, ол мемлекеттегі билік тің ауысу мәселесіне, эволюциялық дамуына, басқарудың формаларына ерекше ден қояды. Саясатты билік үшін талас деп түсінген Н. Макиавелли қоғамдағы саяси өмірді реалистік тұрғыдан түсіндіруге тырысып бақты. Ол антикалық ойшылдар ізімен саяси ғылымның теологиядан арасын ажыратып, қоғамдағы саяси үрдістер табиғи қалыпты жағдай деп түсіндірді.

2. Н. Макиавелли мемлекеттің пайда болуын қоғамдағы саяси ұйым ретінде қарастырды. Жалпы ол саяси ойлар тарихында алғаш рет қолданысқа «мемлекет» ұғы-

мын ендіреді. Сондай-ақ, антикалық ойшылдар дәстүрімен ол мемлекетті басқарудың алты үлгісін жасайды, үшеуі «формасы жағынан халыққа жағымды» (монархия, аристократия, демократия), үшеуі «жағымсыз» (тирания, олигархия, охлократия). Сонымен бірге ол мемлекет басшыларының ауысуы қоғамда ешбір діни наным-сенімдерге байланысты емес деп түсіндіреді. Макиавеллидің пікірінше, басқарудың ең озық үлгісі аралас басқару (монархия, аристократия, демократия осылардың әр қайсысы қоғамдағы тұрақтылықты ұстап тұруға мүдделі болуы керек).

3. Жеке тұлғаға саналы, ерікті, өз құқығы үшін күресуге мүмкіндігі бар белсенді деп қарады. Тұлғаның жеке белсенділігі қоғаммен тікелей байланысты деп түсіндіреді. Қоғам неғұрлым тұрақты, гармониялы түрде дамыса, тұлға да соншалықты белсенді болмақ. Ол адамның жеке мүмкіндігіне ерекше көңіл бөледі. Адам неғұрлым қорғансыз болса, оның солғұрлым өмірге құмарлығы, өмір үшін арпалысы күшейе түседі, нәтижесінде мемлекет пен діннің, адамгершілік қатынастардың дамуына алып келеді деп түсіндіреді.

4. Саясат пен құқықтан моральдың ара-жігін ажыратып берді. Саясат пен құқық христиандық догмалық және моральдық ұстанымдарға еш уақытта бағынбайды. Ол өмірдегі тәжірибе мен практикаға, соның ішінде, күшке байланысты деп түсіндіреді.

Саясаттағы азаматтық концепция идеясын одан әрі жалғастырушы ойшылдардың бір ағылшын ғалымы – **Томас Гоббс (1588–1679 жж.)**. Ол өз ой-тұжырымдарын «Левиафан немесе материя, форма және мемлекет билігі» деген ғылыми еңбегінде тұжырымдады. Жоғарғы билік пен ізгілікті мемлекет оның еңбегіндегі басты идея. Ол Англиядағы монархиялық билікті барынша арашалап алуға тырысты, бірақ, соған қарамастан биліктің құдайдан

екенін жоққа шығарды. Сондай-ақ, ол монархиялық биліктің қайнар көзі – қоғамдық келісімде жатыр деп түсіндірді.

«Левиафан» еңбегінде ол мемлекетке дейінгі жағдайды мағынасыз, көріксіз, хаос түрінде, жанжалдық жағдайда болды деп түсіндіреді. Бұл жағдайдан шығудың ең басты жолы – қоғамдық келісім деп есептеді. Қоғамдық келісім патшамен оның қол астындағылар арасында жасалуы керек. Қарапайым халық сыртқы және ішкі жаулардан қорғану үшін өздерінің барлық табиғи құқықтарын монархқа беруге тиіс деп түсінді. Ал патша өз тарапынан халықты басқалардан қорғай алатындай заң кепілі болуын қалады. Тек сонда ғана қоғамда тұрақтылық пен даму болады деп түсіндірді. Патша осы талаптарды түгел орындаған жағдайда ғана оның қол астындағылары оған түгелдей бағынуға тиісті, ал егер де ол өз қызметін дұрыс орындамаған жағдайда, халық оны орнынан алып тастауға, яғни тақтан тайдыруға құқылы деп есептеді.

Жаңа заман ойшылдарының келесі бір өкілі – ағылшын философы **Джон Локк (1632–1704 жж.)**. Ол өз заманында азаматтық концепция идеясын өте нақты жеткізе білген ойшыл. Дж. Локк саяси ойлар тарихында – либерализмнің негізін қалаушы. Ол алғаш рет төмендегідей ұғымдарға анықтама берген: тұлға, мемлекет, қоғам. Локктың пікірінше, кез келген адам туылғанынан «өмір сүру, ерікті болу және де меншік иесі болу» сияқты табиғи құқықтарға ие. Әсіресе, Дж. Локктың меншікке деген көзқарасы ерекше болған. Ол оны екі жол арқылы түсіндіреді.

Біріншіден, меншігі бар кісі өзін, отбасын күнделікті тұрмысқа жетерлік дүниелермен қамтамасыз ете алады. Ал тұрмысы жақсы адам өзінің дамуына тікелей мүмкіндік жасайды, қоғамда еркін болады. Екіншіден, меншік иесі болған адам жеке тұлға ретінде толық қалыптасады.

Мемлекет, билік туралы Дж. Локктың көзқарасы да өте ұтымды. Мемлекетті ол тұрақты саяси институт ретінде қарастырады. Ал билікті Т. Гоббспен салыстырғанда шектеу керек деп түсіндіреді. Ол мемлекет пен қоғам арасын бөліп қарастырады. Мемлекет қоғамға бағыну керек, егер де оларды бұрынғы билік қанағаттандырмаса, қоғам жаңа мемлекеттік билік пен мемлекет жасауға мүмкіндігі бар дейді. Сондай-ақ, ол билікті бөлу принципін жақтаған. Оның пайымдауынша, билік заң шығарушы, атқарушы болып бөлінуі керек. Заң шығарушы билік мемлекеттің басты саясатын айқындайды. Ал атқарушы билік тек парламент шешімдерін жүзеге асырушы орган деп түсіндіреді.

Осы заманның көрнекті өкілдерінің бірі, француздың ағартушы ғалымы – **Шарль Луи Монтескье (1689–1755 жж.)**. Ол саяси ойлар тарихында өзінше таңба қалдырған ғұлама, ғалым.

Ш.Л. Монтескье «Заңдар рухы» еңбегінде екі мәселеге ерекше назар аударады, біріншісі «Заңдар рухы» болса, екіншісі «Басқару образы». Ол одан әрі осы еңбегінде «Көптеген заттар адамдар өміріне тікелей әсер етеді: соның ішінде климат, дін, заңдар, мемлекетті басқару қағидаттары, өткен тарих, әдет-ғұрыптар, осының барлығы жинала келіп сол халықтың рухын айқындайды» деп есептейді.

Монтескье, сонымен қатар, Дж. Локктың саяси ойларын одан әрі қарай жалғастырады. Билікті асыра пайдалану адам табиғатының негізінде жатқандықтан, ол оны, яғни билікті шектеу мәселесін қарастырады. Сөйтіп, ол билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігі деп үшке бөледі және оларды бір-бірінен тәуелсіз институт деп таниды, сонымен қатар, ол билік арасындағы тежеу жүйесінің механизмін қарастырады. Осылайша, саяси ілімдер тарихында Ш.Л. Монтескье биліктің бөліну теориясын жасады.

Француз ағартушысы, ұсақ буржуазияның идеологы **Жан Жак Руссоға** келетін болсақ, ең алдымен оның азаматтық концепциясын қарастыруға болады. Оның саяси теориясындағы негізгі мәселе – халық егемендігі. Ж.Ж.Руссо халықты «Тұтас моральдық дене» немесе «Қоғамдық Адам» деп мойындап, оның тұтастығы мен еріктілігін қолдайды. Бірақ өмірдің дамуына байланысты халық бірте-бірте үлкен қауымдастыққа бірігуінің арқасында қоғамда теңсіздікке душар болды деп есептейді. Теңсіздіктің негізінде жатқан мәселе, ол меншікке байланысты деп, қоғамдық меншікті жақтаған, ал теңдікке жету жолы қоғамдық келісімге келу деп түсіндіреді.

Сонымен қатар, Ж.Ж.Руссо мемлекетті басқару ісінде демократияның көне түрі – тікелей демократияны қолдаған. Ол тек тікелей демократия тұсында ғана халық билік субъектісіне айналады деген. Ал сайланбалы демократия ол тек көзбаяушылық, яғни сайланбалы демократия – құлдық деп түсінген. Депутаттар билікке қолы жеткен соң халыққа берген уәдесін ұмытып кетеді деп есептейді.

Жалпы, кейіннен Жан Жак Руссоның саяси концепциялары Француз революциясы көсемдерінің іс-әрекеттерінде көрініс тапты және олардың әлеуметтік доктриналарына айналды.

Жаңа заман ойшылдары жасаған мемлекетті түбірімен қайта өзгерту арқылы әділетті қоғамдық құрылысқа өту туралы ойлары көптеген жаңа бағыттардың пайда болуына түрткі болуымен қатар олардың көзқарастарына теориялық негіз жасады.

Азаматтық концепцияның жарқын идеяларының көрінісі – қазіргі еуропалық мемлекеттердегі саяси жүйенің негізін қалады. Бірақ Еуропа құрлығындағы «ескі» унитарлық мемлекеттердегі қалыптасқан саяси құрылымдар бірте-бірте өзінің дамуында кейбір әлсіз

тұстарын көрсете бастады. Ал осы саяси үрдістерді дер кезінде байқаған Америка Құрама Штаттарының «негізін қалаушы әкелері» жаңа мемлекеттің негізіне теория мен практиканы керемет ұштастыра білді. Мемлекеттің тұрақты да, қарқынды дамуына тікелей әсер ететін бірден бір алғышарт ретінде демократиялық ұстанымдар мен саяси плюрализм, саяси консенсус екендігін олар жақсы білді және де осы идеялардың негізгі теориясын қалыптастырды.

Солардың бірі – республикандық **Джеймс Мэдисон (1751–1836 жж.)**.

Джеймс Мэдисон – биліктің субъектісі халық, ал сайлау оның ажырамас бөлігі, республика мемлекеттің ең жақсы түрі деген идеяны жақтады. Бірақ ол көпшілік фракциясынан әрдайым сақ болуға шақырды, саяси шешім қабылдағанда олар азшылықтың пікірін аяққа таптауы мүмкін деп ескертеді.

Дж. Мэдисоның тағы да бір саяси ғылымға қосқан үлесі – билік қатынастарындағы тежеу мен тепе-теңдік жүйесін қалыптастырды. Ш.Л. Монтескье биліктің бөліну теориясын жасағанмен, оның тежеу механизімін көрсете білген жоқ. Тежеу мен тепе-теңдік жүйесі АҚШ саяси жүйесінде әлі күнге дейін қызмет атқарып келеді.

Тақырыпқа қатысты түсініктер мен ұғымдар: мемлекет, қоғам, жеке тұлға, саяси ұйым, саясат, құқық, парламент, республика.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Азаматтық қоғам концепциясының пайда болу алғышарттарын атаңыз.
2. Макиавеллизм дегеніміз не?
3. Дж.Локк либералистік идеяның негізін қалаушы.
4. Ж.Ж.Руссоның халық егемендігі идеясын қалай түсінесіз?
5. Ш.Л.Монтескье биліктің бөліну теориясының негізін қалаушы.

Әдебиеттер:

1. Алексеев А.С. Макиавелли как политический мыслитель. – М,1980.
2. История политических и правовых учений. Средние века и Возрождение. – М, 1986.
3. Макиавелли Н. Государь. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. О военном искусстве. – М., 1996.
4. Руссо Ж.Ж. Трактаты. – М., 1969.
5. Эльфонд И.Я. Политические учения эпохи Возрождения и Реформации. (Франция). – Саратов, 1991.

Реферат тақырыптары:

1. Н. Макиавеллидің «Патша ағзам» еңбегіндегі ел бірлігі мен тұтастығы және мемлекет басшысы туралы ойлары.
2. Т. Гоббстың саяси ойлары.
3. Дж. Локк либерализмнің негізін қалаушы.
4. Ш. Монтескьенің саяси ойлары.
5. Ж.Ж. Руссоның «халық егемендігі» идеясы.

8 тарау. XVII ҒАСЫРДАҒЫ ГОЛЛАНДИЯНЫҢ САЯСИ ІЛІМДЕРІ

Голландия – Еуропа құрлығындағы испандық феодалдық-монархиялық мемлекеттен өз тәуелсіздігін алып өзін республика деп жариялаған мемлекет.

Жас егеменді буржуазиялық республиканың саяси өмірі қиын тартыспен өтіп жатты, өйткені Еуропада сол заманда өмір сүріп жатқан мемлекеттер негізінен монархиялық басқару формасында болатын. Тек XVII ғасырдың екінші жартысында Англиядағы буржуазиялық революциядан кейін ғана Голландия республикасының саяси жағдайы біршама жақсарып тұрақтанды. Дегенмен, ішкі саясатта ел ішіндегі екі партия – республикалық (буржуазиялық бағытты қолдаушы) және оранжистер (ескі консервативтік бағытты қолдаушы) билік үшін тартысқа түсті.

Елдің діни өмірінде католиктік бағыттағы кальвинистер ерекше мәнге ие болды. Кальвинистер елді Испан езгісіне қарсы ұйымдастыруда негізгі идеологиялық бағытты басқарған болатын. Ел тәуелсіздігінен кейін кальвинистік шіркеу бұқара арасындағы беделінен айырылғысы келмеді. Сол себептен де енді олар республикандықтармен саяси тартысқа түсті. Басты идеологиялық қайшылық – қоғамдағы либералистік идеология төңірегінде қалыптасты. Қоғамда жаңа буржуазиялық идеологияны жақтаушылар пайда бола бастады. Солардың негізгі өкілдерінің қатарына голландиялық ойшылдар Гуго Гроций және Барух Спиноза жатады.

Гуго Гроций (1583–1645 жж.) – голландиялық белгілі заңгер және саяси ойшыл, мемлекет пен құқық туралы

ерте буржуазиялық ілім мен жаңа замандағы табиғи және халықаралық құқықтың рационалды доктринасының негізін қалаушылардың бірі.

Г. Гроций мемлекет пен құқық теориясы, тарихы, соғыс пен бейбітшілік мәселелері, халықаралық, табиғи, канондық құқық мәселесі, жалпы тарих, этнография, антикалық әдебиет және мәдениет туралы 90-ға жуық еңбектер жазған. Оның негізгі еңбегі – «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы. Табиғи құқық пен халықтар құқығы, әрі қоғамдық құқықтың принциптері түсіндірілген үш кітап» (1625). Г. Гроцийдың саяси-құқықтық көзқарастары оның «Олжа құқығы туралы», «Батав республикасының құрылымы мен көнелігі туралы», «Голландия құқығын үйренуге кіріспе» секілді еңбектерінде көрініс табады.

Ерте буржуазияның «құқықтық дүниетанымының» өкілі ретінде Г. Гроций феодализмнен капитализмге өту дәуіріндегі құқықтық-теориялық негіздемеге қызығушылық танытты. Оның қоғам, мемлекет, ішкі және сыртқы саясат мәселелерін құқықтық көзқараста қарастыруға ұмтылысы саясат туралы ғылым аясында емес, нақты құқықтану саласында көрінеді.

Табиғи құқық концепциясының негізінде Г. Гроций заң саласының нормативті маңызды, аксиоматикалық жүйесін жасауға тырысты, олардың жалпы бастамасы мен жағдайын мемлекетшілік және мемлекетаралық мәселелерде қолдануға болатын еді.

Г. Гроций өзінің келісім концепциясында мемлекеттің құрылуы мен заңдарды табиғи құқықтың логикалық жалғасы екендігін көрсеткісі келді. Келісім міндеттерін сақтау табиғи құқықтан бастау алса, заңдар да сол қайнар көзден шығатыны даусыз. Кез келген қоғамдастыққа мүше болған немесе өзгеге бағынған, сөз берген адамдар келісім табиғатының күшіне сай көпшіліктің қалауын немесе билікке ие адамның қалауын орындауға міндеттенді.

Г. Гроцийдың еңбектерінде заңның пайда болуы, оның табиғи жағдайдан «азаматтық қоғамға» өтуі көрсетіледі.

Карнеаданың «шындық пен әділеттіліктің анасы – ол пайда» деген утилитаристік тезисін сынай келе, Г. Гроций «өзгелермен қатынасқа итермелейтін адам табиғаты – табиғи құқықтың анасы, ал заңның анасы – ортақ келісімнен туатын жағдай болып табылады, ал соңғысы өз күшін табиғи құқықтан алғандықтан, табиғат мемлекеттік заңның негізгі көзі болады» деп көрсетті.

Г. Гроций өзінің «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінде халықаралық құқықты табиғи құқықтан бөліп қарастырады.

Құқық пен күш қатынасы мәселесі – бұл Г. Гроций концепциясындағы табиғи құқықтың одан шығатын еріктік құқық формаларымен байланыс мәселесі. Адам табиғатына тән саналы қарым-қатынас және табиғи құқықтан туатын әділеттілік пен пайда құқығының формасы Г. Гроцийдың іліміндегі дедуктивті жолмен шығатын мемлекеттен көрініс табады. «Мемлекет, – деді Г. Гроций, – ортақ пайдамен құқықты сақтау мақсатында құрылған еркін адамдардың одағы».

Адамдардың мемлекетке дейінгі кезеңін Г. Гроций «табиғи жағдай» деп сипаттады. Адамдарда бұл жағдайда жеке меншік болмады, олар «ұлы қарапайымдылықта және өзара төтенше қатынаста» болды, «ортақ мүлікпен» қолданды деп көрсетеді. Уақыт өте адамдар түрлі өнермен айналысты, өзгеше өмір сүре бастады, алғашқы ортақ мүлік қоғамынан жылжитын, әрі жылжымайтын мүлікті бөлісу қоғамына өту кезеңі орын алды. Адамдар арасында әділеттілік пен өзара көмек әлсіреді, «нәтижесінде еңбекте де, өнімді пайдалануда да теңдік өз деңгейінде сақталмады». Мұндай даму процесінің нәтижесінде жеке меншік пайда болды.

Г. Гроцийдың соғыс пен бейбітшілік жөніндегі іліміне бейбітшілік бағыты тән. Бұл орайда оның «соғыстар

бейбітшілік орнату үшін жүргізіледі» және «бейбітшілік соғыстың соңғы мақсаты» деген ойлары еске түседі.

Г. Гроцийдың халықаралық қатынастағы құқықтың жаңа зайырлы доктринасына сіңірген еңбегі оның «халықаралық құқық әкесі» деп аталуына себеп болды.

Жаңа зайырлы «заңнамалық түсініктің» теориялық негізделуіне және саяси-құқықтық ойлардың одан әрі дамуына Г. Гроцийдың табиғи әрі мемлекетшілік құқық мемлекеттің келісім нәтижесінде пайда болуы туралы ілімдері түрткі болды.

Қоғамның, мемлекеттің және құқықтың жаңа рационалды амалдары голланд философы мен саяси ойшылы **Барух (Бенедикт) Спинозаның (1632–1677 жж.)** шығармашылығында көрініс тапты.

Оның саяси-құқықтық көзқарасы «Құдайлық – саяси трактат», «Геометриялық әдіспен дәлелденген этика», «Саяси трактат» атты еңбектерінде сипатталады.

Ол табиғат заңдарын «табиғи жарлықпен ашылған Құдай шешімдері», яғни Құдайдың өзімен емес, адамның санасымен ашылғандар деп сипаттады.

Белгілі күштердің тұрақты күресінде табиғаттың жоғарғы заң құқығы әрбірінің өзін-өзі сақтауға ұмтылысынан тұрады. Бірақ ортақ құқық болмаған табиғи жағдайда адамдардың өзін-өзі сақтау мүмкіндігі іске аспайды. Оған қоса, табиғат пен табиғи қажеттілік адамдарға шешімсіз жағдайдан шығудың жолын көрсетеді. «Адам табиғатының ортақ заңы, – деді ол, – ешкімнің еш нәрсемен қызықпауында, яғни ол үміттенгеннен көбірек игілік болады немесе ірі залалдың алдындағы қорқыныштан, яки, пәлекеттен қашып құтылуда болса керек. Бұл дегеніміз – әрбір адам екі игіліктің қайсысы үлкен немесе екі қасіреттің қайсысы азырақ соны таңдайды». Бұл заң Б. Спинозаның ойынша, мәңгілік шындықтың қатарына жатады және оны барлығы да біледі.

Б. Спинозаның мемлекет туралы келісім теориясының ерекшелігі – әрбіреудің табиғи құқығына азаматтық жағдайда тыйым салынбайды, себебі адам табиғи, әрі азаматтық жағдайда өз табиғатының заңы бойынша әрекет етеді, өз пайдасы ықпалында ойлайды, қорқыныш пен үміттен одан әрі сескене, ояна түседі. Бұл екі жағдайдың басты айырмашылығы сонда, яғни азаматтық жағдайда мемлекеттің жоғарғы келісімдегі табиғи құқығы бар, барлығына ортақ құқық пен қаулы бар, ортақ кепіл мен қауіпсіздіктің қорғанышы бар және барлығы да бір нәрседен – жоғарғы биліктен қорқады.

Б. Спинозаның пікіріне сай, жоғарғы билік ешбір заңмен байланыспайды, бірақ барлығы оған бағынуы тиіс, егер ол ақылға сыймайтын істі жүзеге асырса да, оны барша жұрт орындауы міндетті.

Мемлекеттің бағынушыларға қатысты бұйрықты қатынасын реттей отырып, Б. Спиноза алдағы уақытта мүмкін болатын айыптауды жоққа шығарып былай дейді: «Мырза өз пайдасы үшін құлына бұйрық береді, ал жоғарғы билік қоғамның пайдасы үшін, яғни сол бағыныштының өзі үшін де игілікті іс мақсатында бұйрық береді».

Жеке тұлға мен мемлекеттің бостандығы, Б.Спиноза бойынша, рұқсат пен еріктік негізінде емес, олардың саналылығының деңгейі бойынша анықталады. Себебі бостандық табиғи қажеттіліктің негізі мен шекарасында ғана іске асады. «Ерік пен сана – бір ұғым», – деді Б. Спиноза. Осы концепцияға сай, тек саналы ерік қана бостандықта өмір сүре алады.

Оған қоса, Б. Спинозада мемлекеттің соңғы мақсаты – әрбіреуді қорқыныштан құтқару, оның қауіпсіздігі мен табиғи құқығын сақтауға кепіл болу туралы ойлар да бар. Яғни, мемлекеттің мақсаты – шын мәнінде, бостандық болып табылады. Егер мемлекет сана бұйрығына қарсы әрекет етсе, онда ол табиғатына «күнә жасайды», яғни ол қылмысқа жол береді. Бірақ бұл қылмыс азаматтық құқық

8-тарау. XVII ғасырдағы Голландияның саяси ілімдері

бойынша емес, табиғи құқық бойынша болады, себебі, сөз мемлекет өзі үшін сақтауы тиіс құқық жөнінде болып отыр. Мемлекет азаматтық құқыққа бағынбайды, яғни ол құқық бойынша қылмыс істей алмайды.

Тақырыпқа қатысты түсініктер мен ұғымдар: кальвинизм, либерализм, идеология, құқық теориясы, әділдік, әділетсіз соғыстар, мемлекет.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Голландиядағы революцияның негізгі әлеуметтік қолдаушылары кімдер?
2. Кальвинистік идеяның өміршеңдігі неде?
3. Гуго Гроцийдың мемлекет пен құқық туралы ілімі.
4. «Шынайы құдай» идеясының мәні неде?
5. Бенедикт Спинозаның саяси және құқықтық ілімі.

Әдебиеттер:

1. Антология мировой правовой мысли. – М., 1999.
2. Бельский М.С. Спиноза. – М., 1964.
3. Гроций Г. О праве войны и мира. – М., 1994.
4. Демидов А.И., Феодосеев А.А. Основы политологии. – М., 1995.
5. Заиченко Г.А. Джон Локк. – М., 1973.

Реферат тақырыптары:

1. XVII ғасырдың екінші жартысындағы Голландияның саяси жағдайы.
2. Гуго Гроцийдің «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінде халықаралық құқық және табиғи құқық мәселесі.
3. Барух Спиноза – саясатта реалистік бағытты қалыптастырушы.
4. Барух Спиноза – жеке тұлға мен мемлекеттің бостандығы туралы.

9 тарау. XVII ҒАСЫРДАҒЫ АНГЛИЯДАҒЫ САЯСИ ОЙЛАР ТАРИХЫ

XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция феодализмнің тамырына балта шапты, сөйтіп қоғамда жаңа капиталистік қатынастар орнады және оның дамуына мол мүмкіншілік ашты. Англияны Батыс Еуропадағы алдыңғы қатарлы держава рөліне көтерді.

Ағылшын революциясының бір ерекшелігі – ол орта және ұсақ дворян өкілдеріне арқа сүйеді және де олардың әлеуметтік қолдаушылары қала қолөнершілері мен шаруалар болды. Революциядан тыс қалғандар ірі дворян өкілдері (ірі жер иелері) мен шіркеу еді.

Революцияға қатысқан әрбір саяси топ өз мақсатын көздеді. Бірақ олардың барлығының басын біріктірген идея – құдайға деген нық сенім еді. Қарсыластар Библия текстерінен өздерінің мақсатына қатысты үзінділерді «жұлып» алып бір-біріне құдай жолынан ауытқығандар деп айып тағып айтыса бастады. Басты идеология ретінде «шынайы құдай» идеясынан ауытқығандарды жазау қағидаты қабылданды. Діни ұстаным идеологиясы көтерілісшілерге ортағасырдан бері мұра болып жеткен еді. Енді көтерілісшілерге қуат беру үшін тек осы ұранды одан әрі жаңа формада жеткізу әрекеті ғана жетпей тұрған болатын.

Ағылшын буржуазиясы кальвинистердің идеологиясын өздеріне басшылыққа алды. Сонымен қатар, буржуазия өзінің талаптарын, мақсатын «көпестерге жол ашу, банкирлерді қолдау» деп бастады. Қоғамда мақсат-мүддесіне қарай саяси партиялар құрыла бастады. Халық та сол партиялар маңайына топтасты.

Орта буржуазияның мақсатын индепендер партиясы, ал ұсақ буржуазияның мүддесін левеллерлер партиясы қолдады. Енді осы левеллерлер партиясынан кедей шаруалардың мақсатын қорғаушы диггер партиясы бөлініп шықты. Ал ескі тәртіпті қолдаушылар монархистер «билік құдайдан» деп, сол баяғы ескі әуенмен қала берді. Бұл «билік құдайдан» деген идеяның жақтаушысы Лейден университетінің профессоры (Голландия) **Клавдий Салмазий** болды. Ол өзінің «Корелевская защита» еңбегінде патша құдіретті құдайдан, сондықтан қарапайым халықтың оны құлатуына, күдіктенуіне жол беруге болмайды деп түсіндіреді.

Мемлекеттің пайда болуының патриархалдық теориясының негізі де осы заманда қалыптасты. Бұл теорияның негізін қалаушы – **Роберт Фильмер** болды. Ол «Патриархия, или Естественная власть короля» деген еңбегінде патша билігі көне заманнан Адам атадан мұра болып келе жатқан билік түрі деп көрсетті. Құдайдан тараған билік ешқашанда сайланбайды, ешбір заңға бағынбайды және де патша қара халықпен араласпайды, өйткені ол құдайдың баласы деп түсіндірді.

Революция кезінде елде әр түрлі топтар мен ағымдар өмір сүрді. Осыдан да болар сол замандағы ағылшын қоғамында сан түрлі идеялар кең қанат жайды. Солардың қатарына өз уақытында кең таралған және үлкен беделге ие болған индепендентер идеясы болды. Индепенденттердің басты ұраны – дінге сенуші қауымға жаппай бостандық пен ерік берілсін, ар-ождан бостандығы сақталсын, билік пен ар алдында «құдайдан басқаның билігі жүрмесін» деп жариялады. Дей тұрғанмен де, индепенденттер қоғамда республикалық басқару жүйесін қолдаумен қатар, конституциялық монархияның қатар өмір сүргеніне қарсы болмады. Индепенденттердің басты идеологы Джон Мильтон (1610–1674) болды.

Джон Мильтон (1610–1674 жж.) бірнеше «О власти королей и должностных лиц», «Защита английского народа против Салмазия» атты трактаттардың авторы. Ол идеялық көзқарасы жағынан демократиялық күштерге жақын болды. Дж. Мильтонның пікірінше, халық табиғатынан ерікті және қоғам өмірінде де еріктілікті сақтап қалу керек. Халықты басқару тізгінін корольге, магистрларға бергенде өзіне үстемдік жүргізу үшін емес, керісінше өздеріне король тапсырмаларын орындаушы өкілдер ретінде қарау және билік басындағылар халық мүддесін түсініп, азаматтық заңдарға бағынуы керек дейді. Егер де билік басындағылар жоғарыда аталған ережелерді сақтамаса, онда халық өз өкілдері арқылы (парламент) оларды қатаң жауапқа тарту құқығына ие деген пікір айтады.

Дж. Мильтон республикалық басқару түрін жақтады. Тек республикалық формада ғана жеке тұлға өз құқығын толық қамтамасыз ете алады деген. Сонымен қатар, билік иесі «ақылды және іскер» адамдарға қамқор болу керек деп ескертеді. Демократиялық билікті корольдің (халық уақытша сайлаған) жүзеге асыруына болады деп көрсетеді.

Халық егемендігі идеясын одан әрі жалғастырушы – **Оливер Сидней (1622–1683 жж.)**. «Рассуждениях о правительстве» атты еңбегінде ол Р. Фильмердің «Патриархия» шығармасын қатты сынады. Ол мемлекеттің пайда болуын адамдардың сыртқы күштерден қорғануы үшін өз еріктерімен бірігуінің нәтижесінде пайда болды деген пікірді жақтайды. О. Сидней халық әр уақытта да өз егемендігін сақтап қалады және халықтан тыс басқару болмайды деп атап өткен. Король өз міндетін атқара алмаған жағдайда халық оны орнынан алып тастауға құқығы бар, өйткені патша мен халық арасында өзара келісім бар деген пікірді жақтайды.

Левеллердің саяси көсемі мен басты идеологы **Джон Лилберн (1614–1657 жж.)** болды. Ол бірнеше еңбектер мен

памфлеттер және құжаттардың авторы. Еңбектеріндегі басты идея – қоғамды демократияландыру, құқық пен заңнамаларға байланысты болды. Дж. Лилберннің идеясын демократиялық бағытты қолдаушы буржуазия өкілдері қолдады. Левеллердің бағдарламасындағы басты қағидат – халық егемендігі мен заң болды. «Барлық биліктің, – деп жазды Дж. Лилберн, – әуел бастан қайнар көзі халық, халық өз өкілдері арқылы билікті жүзеге асырады». Сонымен қатар, левеллерлер бұл қағидатты тек жазып қана қоймай, оны іс жүзінде де жүзеге асыруға тырысты. Олар билікті заң арқылы қоғам алдында жауапты етуге, әсіресе тұлғаның саяси және азаматтық құқықтарын барынша шектемеуге тырысты. Ешбір заң актісі арқылы адамның табиғи құқығын шектеуге болмайды, өйткені табиғи заңдар, барлық заңдардан бұрын пайда болған деп түсіндірді.

Басқа ағымдар мен партияларға қарағанда левеллерлер патша мен олигархиялық билікке үзілді-кесілді қарсы болды. Мемлекет республикалық формада болу керек және бір палаталы парламентті сайлау арқылы халық өз билігін жүзеге асырады деп көрсеткен. Сайлау құқығын мемлекеттің барлық азаматтары мүлкіне қарамастан бірдей пайдаланады, дворяндар мен буржуазия өз артықшылықтарынан айырылу керек деп түсіндіреді. Билікті узурпациялау үдерісін болдырмас үшін, депутаттар тек заң шығару қызметімен айналысу керек, сондай-ақ ол заңдар барлық республика азаматтарына бірдей болуы абзал дейді.

Левеллерлер билік (мемлекет) пен дінді бөлу керек деген пікірде болды. Мүлік – жеке меншік мәселесі де левеллерлердің назарынан тыс қалмады. Олар жеке меншікке қатысты – «Парламент азаматтардың мүлкін теңдестіру мен қиратуға және оны ортақ деп жариялауға құқығы жоқ» деп өз бағдарламаларында жариялады.

Левеллерлердің бағдарламасы негізінен таза буржуазиялық сипатта болды, десек те, олардың идеясы өзінен кейінгі саяси ойлар мен мемлекетті әлеуметтік бағытта дамытуда, нарықтық қатынаста либералистік жол салуда ерекше мәнге ие болды.

Тақырыпқа қатысты түсініктер мен ұғымдар: буржуазия, либерализм, саяси партиялар, шіркеу, халық, билік, король, аралас басқару, памфлеттер, мемлекет.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XVII ғ. Англиядағы саяси ахуалға сипаттама беріңіз.
2. Ағылшын революциясының негізгі әлеуметтік қолдаушылары кімдер?
3. «Шынайы құдай» идеясының мәні неде?
4. Клавдий Салмазий мен Роберт Фильмердің саяси доктриналары.

Әдебиеттер:

1. История политических и правовых учений / под ред. О.В. Мартышина. – М., 2004
2. Общественный договор или принципы политического неравенства // Трактаты. – М., 1990.
3. Сатышев В.Е. Политико-правовые учения в Англии в эпоху буржуазных революций 17 века. – М., 1985.
4. Сырымбетұлы Б., Сатершинов Б. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы. – Алматы, 2015.
5. Токвиль А. Старый порядок и революция. – М., 1911.

Реферат тақырыптары:

1. Ағылшын революциясының негізгі ерекшелігі.
2. Роберт Фильмер – мемлекеттің пайда болуының патриархалдық теориясының негізін қалаушы.
3. Левеллердің бағдарламалық платформасындағы басты принципі.
4. Джон Мильтон – индипенденттердің басты идеологы.
5. Оливер Сидней мен Джон Лилбернның саяси ойлары.

10 тарау. XVII ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАРЫ

XVII ғасырдың екінші жартысында Ресей мемлекеттігінің дамуында абсолюттік ағартушылық билік туралы тұжырымдамалар басымдық ала бастады. Еуропамен саяси және экономикалық байланыстардың орнауы және ондағы болып жатқан мәдени-саяси жаңалықтар Ресей қоғамын айналып өтпеді. Әсіресе, Англиядағы буржуазиялық революция қоғамдық санада, саясатта, экономикалық-әлеуметтік салада үлкен бетбұрыс жасады.

Революция нәтижесінде қоғамда жаңа әлеуметтік тап – буржуазия қалыптасты. Бұрын қоғамда өз орнын әлі анықтап үлгермеген буржуазия өкілдеріне революция жаңа мүмкіндіктер берді. Билікке араласа бастаған буржуазия пайда табу мақсатында жаңа аралдарды игере бастады. Өзгерген қоғамда буржуазияның мүддесін қолдайтын өз идеологтары да қалыптасып үлгерген еді. Батыстағы буржуазиялық идеологтардың әсері Ресей қоғамына да әсерін тигізбей қоймады. Қалыптасқан саяси-әлеуметтік тенденциялар «ағарған» абсолюттік монархия туралы саяси оқуларда өз көріністерін тапты. Осындай түрлі доктриналар олардың даму жолдарын көрсете отырып, экономикалық және саяси түрлендірулерді бір түйінге байлады.

Ағарған абсолюттік монархияның құқықтық дәйектемелерімен **Самуил Петровский-Ситнианович (1629–1680 жж.)** шықты. Полоцк қаласында дүниеге келіп, Киево-Могилевский академиясын тамамдап, 1659 жылы Полоцкідегі православтік Бого-явленск шір-

кеуінде Семеона атты есімді қабылдады. 1664 жылдан бастап Мәскеуде тұрды. Никольский көшесінде орналасқан Заиконопасс шіркеуіндегі мектепті басқару оның алғашқы атқарған қызметтерінің бірі болды. XVII ғасырдың 60 жылдарының соңында Семеон Полоцкий патша балаларының мұғалімі болды, сонымен қатар, аула маңындағы ақын қызметін атқарып, богословскінің әр түрлі салалары мен ғылыми білімділерінің арқасында танымалдылыққа ие болды. Оның ең танымал деген шығармалары: 1666 жылғы «Жезл правления», 1668 жылғы «Вертоград многоцветный», 1679 жылғы «Рифмологион» атты өлеңдер жинағы. Семеон Полоцкий өз шығармаларында батыстық мәдениет пен білімділіктің жолсерігі ретінде шыққан болатын.

Ойшыл әлеуметтік теңсіздікті жақтаған болатын. Оның ойынша, барлық адамдар өз борыштарын атқару керек, әр адамның бұл өмірдегі өз орны бар. Орыс өміріндегі жаман нәрселердің ішінен Семеон Полоцкий жалқаулықты, мерекелер мен ішімдікті атап көрсетеді. Ойшылдың барлық шығармаларында еңбек сүйгіштік орын алады.

Семеон Полоцкий шығармаларындағы өзекті мәселелердің бірі – жоғарғы билік, оны ұйымдастыру мен оның қызметі. Ол алғашқы болып отандық саяси-құқықтық ойлар тарихында ағартушы монархияны қалыптастыру керектігін айтқан болатын. Семеон Полоцкий патша беделін дәріптеп, оны күнмен теңестіреді. Оның ойынша, патша ең алдымен білімді болуы керек, сонымен қатар өзін ғана емес, бүкіл халықты да білімге жұмылдыруы керек.

Ақын-ойшылдың ойынша, ағартушы монархия мемлекет болуы, ал оның қызметі заң жүзіне сүйенуі керек. Заң барлық адамдарға бірдей, патшаның өзіне және оның баласына. Барлық адамдар заңнан қорқуы керек деп көрсетеді.

«Шындық» терминін Семеон Полоцкий дәстүрлі түрде «заң» ұғымында қолданады. Ол патшадан «шындықты

сақтауды» сұрайды. Оның ойынша, сот қызметі шындықты орнатуы керек. Семеон Полоцкий барлығына бірдей сот жүйесі болса екен деп армандайды (үлкен-кішілігі, түр-әлпетіне қарамастан). Оның ойынша, сот жүйесін ұйымдастыру бір түрлі болуы керек, демек барлығы үшін бір сот болуы керек.

Ойшыл Белоруссияның Ресейге қосылуын құптап, барлық славян халықтарының азат болуы туралы ойларын талай рет айтқан болатын. Оның ойынша, орыс патшасы барлық православ халықтарына ортақ жауларынан құтылуына көмектеседі деп ойлаған.

Орыс мемлекетінің сыртқы саяси бағытында Семеон Полоцкий орыс саяси ойларына тән дәстүрлі сыртқы саяси дағдарыстарды бейбіт жолмен шешуді ұстанады. Ол патшаға мемлекеттің бейбіт өмір сүру, жау шапқан кезде ғана соғысу, жеңілгендерге қайырымдылық көрсету керектігін айтқан.

Семеон Полоцкий тірі кезінде танымалдылыққа ие болды. Патша Федор Алексеевичтің сұрауы бойынша оның өліміне жазылған «Эпитафione» кітабында Семеон мемлекет пен шіркеуге қажетті мейірбан адам ретінде суреттеледі.

Семеон Полоцкийдің ойларын замандасы Юрий Крижанич ары қарай дамытқан болатын.

Юрий Крижанич (1618–1683 жж.) Хорватияда дүниеге келген, Загребтік рухани семинарияны, одан кейін Венадағы Венгерлік рухани Хорватиялық коллегияны және Болоньедегі венгерлік-болгарлық коллегияны бітірді. 1640 жылдан бастап Ю. Крижанович Римде өмір сүрді, онда ол қасиетті Афанасияның гректік коллигумын бітірді. 1659 жылы орыс патшасы Алексей Михайловичке қызметке келеді, ал 1661 жылы жалған айыпталып, Тобольскіге жер аударылады. Мәскеуге жаңа патша Федор Алексеевичтің бұйрығы бойынша 1676 жылы

қайта келеді. Ол Тобольскіде жер аударылып жүргенде «Саясат» атты еңбегін жазады. Еуропа мемлекеттерінің саяси жүйесімен танысуы, оған салыстырмалы сараптама жасауға және Ресейдің ары қарай дамуын болжауға мүмкіндік береді.

«Саясат» атты еңбегінде Ю. Крижанич көптеген мәселелерді қарастырады: экономикалық (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, сауда-саттық); әлеуметтік (қоғамның құрылысын ұйымдастыру) және саяси-құқықтық (мемлекеттің пайда болуы және мақсаты, басқару формалардың классификациясы, сыртқы саясат). Оның сараптамасы шұғыл қайта құруды қажет ететін сыни нұсқаулар мен позитивті бағдарламалардан тұрады.

«Саясатта» мемлекеттің пайда болуы, оның мақсаты мен алған бағыттары зерттелген бөлінеді. Ю. Крижанич бойынша, мемлекеттің мақсаты – қоғамның барлық мүшесіне жаппай пайда әкелу. Корольдің парызы әділеттікті, тыныштықты, дінді, сотты, бейбітшілікті қамтамасыз ету.

Аристотель секілді, Ю. Крижаничта үш дұрыс басқару формасын көрсетті: абсолютті монархия, боярлық басқару немесе республика. Осылардың ішіндегі ең жақсысы абсолютті монархия. Дәл осы басқару формасын «аллиндік философтар» және «қасиетті әкелер» қолдады, өйткені бұл басқару формасы мемлекет ішіндегі тыныштықты сақтады. Абсолютті монархия әлемдегі ең көне және ең мықты басқару формасы.

Патша тағында Ю. Крижанич король-философты көргісі келеді. Корольдерге білім аса қажет, өйткені олар өз қателіктерінде үйренуге болмайды, олардың қателігі тек өзіне ғана емес, сонымен қатар халыққа да ауыр қиыншылықтар әкеледі деген.

Ю. Крижанич Платонға, Аристотельге және Цицеронға сүйене отырып, тирандарды және тирандық билеуді

қатты сынға алады. «Тиран – ол қарақшы... Тиран билік басында болса, ол халық жағдайын ойламайды, мемлекет қойған мақсатына жетпейді, ол өзінің жеке мүддесін қудалайды, табиғи заңдарды бұзады. Мұндай басқарушыны халық емес, тек құдай жазалай алады», деп айтқан болатын.

Ю. Крижанич монархияның тиранияға айналмауының кейбір қырларын көрсетеді: біріншіден, тақта монарх-философ отыруы керек; екіншіден, жақсы заңдар қабылданып, оның орындалуын бақылау, үшіншісі, мемлекеттегі барлық сословиелердің нормативті регламентациясы (осыған байланысты қоғамға қатынасты әрбір сословиенің міндеті белгіленеді).

Ю. Крижанич әділеттілікті заң арқылы ғана орнатуға болады деп есептейді. Ол заң шығарушыларға үлкен талаптар қояды. Оның ойынша, заң шығару үшін мемлекеттегі бар заңды білу аз, ұзақ өмір сүрген мемлекеттердің заңдарын зерттеп, солардан тәжірибе алу қажет.

XVII ғасырдың екінші жартысында мемлекеттік құрылымда абсолютистік тенденциялар басымдық ала бастады, ол мемлекет экономикасының алдында тұрған өзекті мәселелерге түрткі болған.

Ондай теориялардың бірімен XVII ғасырдың ортасында Псков дворяны **Афанасий Лаврентьевич Ордин-Нащокин (1605–1680 жж.)** шыққан болатын. Ол көрнекті саяси қызметкер және дипломат.

А.Л. Ордин-Нащокин бірінші болып орыс саяси ойларында Батыс Еуропада кең таралған «меркантилизм» идеясын жүзеге асырған болатын. Сонымен қатар әскери сұрақтарға да жауап іздеген болатын. Оның ойынша, Балтық және Каспий теңіздерінде отандық флот құрылысын жүргізу керек.

Сыртқы саяси көзқарастарында А.Л. Ордин-Нащокин көршілес мемлекеттермен достастық қарым-қатынас

орнату керек деп есептейді, солардың ішінен ол славян халықтарын бөліп көрсетеді. Оның ойынша, Ресей бастаған экономикалық және әскери одаққа қосылу керек. Мұндай одақ славян мемлекеттерінің бірігуі мен дамуына өз үлесін қосады.

XVIII ғасырдың басында бюрократиялық аппараттың құрылуы мен жоғарғы биліктің іске асуы іс жүзінде сословиелік монархияның абсолютті монархия болу тенденциясы анықтаушы болды. Мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен басқару жүйесі түрлі өзгерістерге ұшырады: Боярлық дума өмір сүруін тоқтатты және оны Үкіметтік сенат алмастырды, қалаларда қалалық өзін-өзі басқару органдары – магистраттар пайда болды.

Петр I түрленуі мен мемлекеттің құрылу процессінің қарқындылығы саяси теорияларда көрініс табады. Кейбіреулері қоғамдық пікірді қалыптастыру керек деп ұсынса, басқалары мемлекеттік құрылымның жаңа мүмкіндіктерін қарастыру керек деп ұсынған болатын.

Сондай реформалардың жақтастарының бірі – архиепископ **Феофан Прокопович (1681–1736 жж.)** болды.

Феофан Прокопович украиндық сатушы отбасында дүниеге келген. Жас кезінде жан-жақты білім алады: Киево-Могиляндік діни академияда, одан кейін Польша, Рим және Германияның оқу орындарында дәріс алған. Отанына оралғаннан кейін ол ұстаздық қызметке бет бұрып, Киево-Могилянск академиясында математика, физика, астрономия, логика және риторика сынды пәндерден сабақ береді.

Феофан Прокопович Киево-Могилянск академиясының ректоры, Псковтік епископ, Новгородтік архиепископ және Әулие Синодтің вице-президенті болып қызмет атқарады.

Архиепископ қылқаламына мынадай шығармалар жатады: «Слово о власти и чести царской», «Духовный

регламент», «Владимир» трагикомедиясы, «Поэтика», «Риторика» және бірнеше поэмалар.

Ф. Прокопович өз дәуіріндегі ең үлкен кітапхана иегері ретінде ең білімді адамдардың бірі болды. Өз концепциясын құруда ол антикалық және қазіргі заманғы батыс еуропалық ойшылдардың еңбектерін оқып, қолданған болатын. Өз ойларында Ф. Прокопович жаратылыстық-құқықтық теориялардың аргументтерін діни догматтармен ұштастыра білген.

Орыстың саяси-құқықтық ойлар тарихында ол бірінші болып мемлекеттің шығу үдерісін зерттеуге көңіл бөлген. Оның ойынша, қоғамдағы жоғарғы билік келіс-сөздер арқылы пайда болған, осының негізінде халық толықтай тәуелсіздігінен бас тартып, оны жоғары билікке табыс еткен болатын. Бірақ халық өзіне қалаған басқару түрін таңдауына мүмкіндігі бар. Солардың арасынан Ф. Прокопович монархия, аристократия, демократия және «аралас» басқару түрлерін бөліп көрсетеді. Ф. Прокоповичтің ойынша, аристократия мен демократия ел басқару үшін жағымсыз. Сонымен қатар, республика кішкентай территорияда орналасқан аз ғана елді мекенді басқару үшін керек.

Билікті ұйымдастыру формасы ретінде монархияны қарастыра отырып Ф. Прокопович екі түрлі нұсқаны зерттейді: шектелген және абсолютті. Шектелген монархияда мемлекет түрлі міндеттемелермен байланысқан, оларды бұзу биліктен айырылумен теңеседі. Ресей үшін ең тиімді басқару формасы болып абсолютті монархия табылады. Абсолютті монархия «ішкі және сыртқы» қауіптерден қорғайтын, адамдар үшін ең тиімді басқару түрі деп біледі.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: монархия, ағартушы меркантилизм, сенат, уақытша үкімет, либерализм, диктатор, радикализм.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XVII ғасырдағы Ресейдегі саяси ілімдердің даму ерекшелігін атап өтіңіз.
2. Батыс саяси ойшылдарының Ресейге тигізген әсері қандай?
3. Абсолюттік монархия идеясының Ресейде нақты мемлекеттік идеологияға айналуын түсіндіріп беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Вопросы государства и права в общественной мысли России 16-19 вв. – М., 1979.
2. Золотухина Н.М. Развитие русской средневековой политико-правовой мысли. – М., 1985.
3. Грацианский П.С. Политическая и правовая мысль России второй половины 18 в. – М., 1984.
4. Покровский С.А. Государственно-правовые взгляды Радищева. – М., 1956.
5. Посошков И.Т. Книга о скудости и богатстве и другие сочинения. – М., 1951.

Реферат тақырыптары:

1. XVII ғасырда Ресейдегі саяси және құқықтық ойлардың қалыптасуындағы негізгі ерекшелік.
2. Семеон Полоцкий шығармаларындағы жоғарғы билік және оны ұйымдастыру мәселесі.
3. Юрий Крижанич «Саясат» еңбегіндегі мемлекетті басқару формасы мен түрлері және патшаға қойылатын талаптар туралы.
4. А.Л.Ордин-Нащокин орыс саяси ой тарихында «меркантилизм» идеясын таратушы.
5. Феофан Прокопович Ресейдегі абсолюттік монархия идеясын қалыптастырушы.

11 тарау. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ САЯСИ ІЛІМДЕР ТАРИХЫ

ХІХ ғасырдың І жартысындағы Батыс Еуропадағы қоғамдық-саяси өмір буржуазиялық тәртіптің Англия, Франция, Германия, Швейцария, Голландия секілді елдерде қуаттырақ, әрі тереңірек орнауымен өтті. Сол уақытта пайда болған негізгі идеологиялық ағымдар өзін-өзі анықтай түсті. ХVІІІ ғасыр соңындағы француздық буржуазиялық революция капитализмның Еуропада дамуына күшті импульс болды.

Өзнің бұрынғы кең мүмкіндіктерінен айырылып баратқан феодалдық-монархтық орталар, аристократтар капиталистік өмірдің орнауына барынша қарсы болды. Олар буржуазияға дейінгі тәртіпті қайта қалпына келтіруді ұсынды. Оған қоса, капиталистік тәртіпті пролетарлық социалистік лагерде қызу сынады. Капиталистік жүйе оларды кедейшілік өмірдің ең төменгі деңгейіне түсіріп тастады. Олар құтқару жолын жеке меншікке негізделген өркениеттен бас тартудан және ортақ меншіктің орнауынан көрді. Тағы бір идеологиялық ағым – анархизмның бағдарламасы өзгеше еді. Олардың жақтастарының барлығы да буржуазияға қарсы емес, анархистер мемлекетті барлық қоғамдық зұлымдықтың көзі деп білгендіктен, оның кез-келген формасына қарсы шықты.

Батыс Еуропада орныққан капиталистік құрылым либерализм секілді идеологияға жетті, ХІХ ғасырда ол ықпалды әрі интеллектуалды болатын, ал әлеуметтік

негізін кәсіпкерлер, шенеуніктер және университеттік профессорлар құрады.

Либерализмның концептуалдық негізін екі тезис құрады: 1) индивидтің жеке бостандығы мен меншігі; 2) аталған құндылықтардың жүзеге асуы тек тұлғаның өзіне ғана пайдалы емес, сондай-ақ, бүкіл қоғамның өркендеуі мен ұйымдасуына да өз септігін тигізеді. Бұл негізгі екі тезис либерализмдегі әлемнің рационалды ұйымдасуы, тарихтағы прогресс, бәсекелестік және қадағалау секілді идеологиялық элементтерге бастау болды.

Консерватизмнің шарықтау шегі өткен ғасырдың бірінші жартысына келеді. Социализм мен либерализмге қарағанда, консерватизмнің тұрақты концептуалды негізі болмады. Алайда консерватизмнің идеяларын жасау мен таратудың арқасында белгілі болған азаматтар да жоқ емес. Мәселен француздар **Жозеф де Местр (1753–1821 жж.)** және **Луи де Бональд (1754–1840 жж.)**, немістерден **Людвиг фон Галлер (1768–1854 жж.)** және **Адам Мюллер (1779–1829 жж.)**.

XIX ғасырдағы қоғамтануға Канттың зерттеушінің фактіге негізделген білімінің міндетті түрде болуы, тарихи үдеріс заңдылығын анықтау, әлеуметтік құрылым мен институттарды зерттеу секілді идеялары белгілі дәрежеде ықпал етті. И. Канттың қоғамды организм ретінде түсінуі, функциялаудың заңдылығын шектеуі және қоғамның даму заңдылығын көрсетуі – теңдесіз еңбек ретінде бағаланады.

Англия XVIII ғасырдың соңғы жартысында қоғамдық дамудың көрсеткіштері бойынша әлемнің жетекші капиталистік державасына айналды. Оған біршама факторлар ықпал етті. Жеке меншік, жеке тұлға белсенділігі, адамның жеке өмірінің қауіпсіздігі – қоғамтанудың негізгі тақырыптарына айналды. Индивидуалистік идеялар кең тарады. Соның негізін қалаушылардың бірі – **Ирмия Бентам (1748–1832 жж.)**. Ол – Т. Гоббс, Дж. Локк,

Д.Юмның әлеуметік-философиялық идеяларын жинаған утилитаризм теориясының негізін қалаушы. Оның негізгі 4 постулатын көрсетсек:

1) ләззат алу мен қайғы-қасіреттің болмауы – адам әрекетінің мәні;

2) пайдалылық, кез-келген тапсырма шешімінің әдісі болу – барлық жағдайдың негізгі критеріі;

3) барынша көп адамға барынша мол бақыт ұсынғанда ғана адамгершіліктің негізі қаланды;

4) жеке және қоғамдық мүдделердің гармониясы арқылы жалпы игілікке жету – адамзат дамуының мақсаты.

Бұл постулаттар И. Бентамның саясатты, мемлекетті, құқықты сараптағанда негізгі тірегі болды. Ол өзінің саяси-құқықтық ойларын «Заңнама принциптері», «Үкімет туралы фрагменттер», «Деонтология немесе Мораль туралы ғылым» атты еңбектерінде баяндаған.

И. Бентам – еуропалық либерализмнің негізін қалаушылардың бірі. Бірақ оның либералистік идеялары өзгеше. И. Бентам индивидтің жеке бостандығынан гөрі, оның мүдделері мен қауіпсіздігі жөнінде көп ойланған. Адам шеттен көмек күтпей, өз игілігі үшін өзі қам жеу керек дейді. Тек адамның өзі ғана оның мүдделері мен пайдасын өзі анықтай алады деп көрсеткен.

Ол қоғам мен мемлекет адамдар арасындағы өзара келісімнің арқасында дүниеге келді деген оймен келіспеді. Бұл пікірді ол дәлелденбейтін тезис, фикция ретінде бағалады. И. Бентам мемлекеттік биліктің құрылымы жөнінде демократиялық позицияда тұрды. Ол билігі үш тармаққа бөлінген республиканы қолдай отырып, монархия мен мұрагерлік аристократияны сынады. Бірақ И. Бентам үш тармақтың бір-бірінен тәуелсіз қызмет етуіне келіспеді. Ол осы үш билік тармағының өзара әрекетін, кооперациясын қолдады, себебі ішкі тәуелділік оларды келісімге келтіреді, тұрақты ережеге мойынсұндырады,

жүйелі жұмысқа итермелейді деп көрсеткен. Егер биліктер бір-бірінен тәуелсіз болса, онда бұл олардың қақтығысына әкеледі деп түсінді. Демократиялық-республикалық құрылымның қолдаушысы ретінде, И.Бентам Англияда лордтар палатасының құқығы шектеліп, бір палаталы парламенттік жүйенің енгізілуін қалады.

И. Бентамның пікірінше, тек мемлекеттік билікті ғана емес, сондай-ақ, бүкіл қоғамның саяси жүйесін де демократияландыру қажет. Бұл орайда, ол сайлау құқығының кеңейтілуін қалады, оның ішінде бұл құқықтың әйелдерге де тиесілі екенін де ұмытпады. Ол демократиялық институттардың көмегімен заң шығарушы және атқарушы биліктің әрекеттерін қадағалауға болады деп үміттенді.

И. Бентамның еңбегінде үкімет қызметінің шекарасы мен бағыттары туралы ойлар кең орын алды. Бірақ И.Бентам мемлекеттің экономика саласына араласуын жақтамады, себебі ол жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін деген пікірде болған.

И. Бентамның еңбегі заңнаманы ескі элементтен арылтып, оны қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерге сәйкестендіруінде көрініс табады. Оның пікірінше, бүкіл қоғамның ең басты мақсаты – адам саны қаншалықты көп болса, бақыт та соншалықты мол болуы тиіс.

Англия – еуропалық либерализмнің отаны және өмірге осы атаққа тұрарлық ұлдарын әкелді. Соның бірі – **Джон Стюарт Милль (1806–1873 жж.)**. Ол Ресей интеллигенциясының арасында зор құрметке ие болды. Оның мемлекет, билік, заң жөніндегі көзқарастары «Бостандық туралы», «Өкілдік басқару», «Саяси экономияның негіздері» атты еңбектерінде жазылды.

Өзінің ғылыми-шығармашылық қызметін бентамдық утилитаризмнің замандасы ретінде бастаған Дж. Милль,

кейінірек іргесін аулақ сала бастады. Мәселен, ол адамгершілікті бүтіндей жеке тұлғаның жеке экономикалық пайдасына негіздеу постулатымен келіспеді. Оның ойынша, жеке бақытқа жету қағидаты тек көзқарастар сәйкес келгенде ғана іске асуы мүмкін, соның ішінде, әлеуметтік көзқарастар да шет қалмауы тиіс. Ол өзі бұл жөнінде былай дейді: «Мен енді саяси құрылым таңдауына материалдық мүддеден гөрі, моральдық және тәрбиелік көзқарас тұрғысынан қарай бастадым».

Жеке тұлғаның еркіндігі – бұл Дж. Милль қарастыратын саяси және құқықтық мәселелердің «топтық шыңы» болып табылады.

Тұлғаның жеке еркіндігінің шекарасы ретінде Дж. Милль мынаны көрсетеді: ой мен пікір еркіндігі, өзге жеке тұлғалармен байланыса әрекет ету еркіндігі, таңдау құқығы. Мұның барлығы да жеке тұлғалардың дамуы мен орнығуы үшін бөлінбейтін жағдай және сыртқы қауіптерден сенімді қорған. Дж. Милль жеке тұлғаның еркіндігі дегенде, ол өркениетке, мәдениетке, азаматтық дамуға бейімделген тұлғаны еске алады.

Дұрыс ұйымдастырылған және қызмет ететін мемлекеттің бір белгісі – мемлекеттік механизмнің сапасы. Дж. Милль мұндай механизмнің құндылығын биліктің бөліну қағидатымен байланыстырады. «Өкілдік биліктің» авторы олардың шектелгенін қалайды, әсіресе, заң шығарушы және атқарушы билік құзырының шектелуін жақтады.

Дж. Милль ұсынған либерализм тек жеке тұлғаның еркіндігін, құқықтарын қорғап қана қоймай, мемлекеттік механизмнің ұйымдастырылуын демократиялық және құқықтық бастамаларға негізделуін қалайды. Осыдан шығатыны, құқықтық мемлекет концепциясы либералды саяси-құқықтық ойдың органикалық негізі болып табылады.

Мемлекеттік функциялардың объективті қажеттілігін түсіне отырып, бұл функцияны атқара алатын мемлекет-

тің ел үшін керек екенін көре отырып, Дж. Милль сонымен қатар, үкімет қызметінің кеңеюін сынады, мемлекеттік шенеуніктердің шексіз билікке ұмтылысы мен жеке өмірдің еркіндігін заңсыз бұзуын барынша айыптайды. Оның пікірінше, бұл үкімет ықпалын күшейтеді және қоғамның еркін әрі тәуелсіз мүшелерін, үкіметтің қарапайым құлдарына айналдырады. Бұл, әрине, қоғамды әлеуметтік пассивтілік ауруына ұшыратады. Қоғамда еркіндік рухы өледі, жеке намыс санасы сал болады, айналада болып жатқан жағдайға жауапкершілік сезімі жоғалады.

Наполеон мен оның режимі құлаған соң, Бурбондар әулиетінің билікке келуімен де Францияда тап аралық күрес тоқтаған жоқ. Дворяндық аристократтар негізгі экономикалық және саяси-құқықтық революциялық өзгерістерді әкелген конституциялық монархиямен келіскенімен, өздерінің дворяндық бастамаларын қайтаруға тырысты. Өндірістік және сауда буржуазиясы ескі тәртіптің оралуына, сословиелік артықшылыққа қарсы күресті және жеке тұлғаның еркіндігі мен заң алдындағы теңдікті қорғады. XIX ғ. анти феодалдық идеологияны көптеген саяси ойшылдар қолдады. Соның ішінде Б. Констан мен А. Токвиль ерекше аталады.

Зерттеушілер еуропалық либерализмнің рухани әкесі деп те атайтын **Бенжамен Констан (1767–1830 жж.)** саясат, билік, мемлекетке қатысты еңбектерін 1810–1820 жж. аралығында жазды. Ол бұл еңбектерін «Конституциялық саясаттың бағыты» атты кітабына жинайды және ол мемлекет туралы ыңғайлы, жүйеленген либералды оқулыққа айналды.

Б. Констанның саяси-теориялық конструкциясының негізі – жеке тұлғаның еркіндік мәселесі. Жаңа заманның еуропалық азаматына бұл антикалық еркіндіктен өзгеше еркіндік еді. Көне гректер мен римдіктер үшін еркіндіктің

мәні жоғары билікті азаматтардың ұжымдық түрде іске асыруында болды. Оған қоса антикалық еркіндікте жеке тұлға толықтай қоғамдық билікке бағынды және жеке тұлғалық тәуелсіздікті көрсетуге кеңістік өте тар еді. Ал жаңа еуропалық азаматтың еркіндігі – жеке тәуелсіздік, дербестік, қауіпсіздік, мемлекетті басқаруға ықпал етуге құқықтылық. Ал еркіндіктің бұл типінде жеке тұлғаның мемлекетті басқару ісіне қатысуы міндетті емес деп көрсетеді.

Б.Констан жеке тұлғалық еркіндікті практикалық-саяси мәнде қарастырғанның өзінде де адамның материалдық және рухани автономиясы, оның заңмен қорғалуы бірінші орындағы мәселе болып қалады. Оның ойынша, бұл құндылықтарға мемлекеттің мақсаты мен құрылымы да тәуелді болуы тиіс. Егер мемлекеттік биліктің институттары жеке тұлғалық еркіндікке, адам құқығының бұзылмауына негізделсе, ал мемлекеттің өзі түрлі адамдардың ұжымдарын біріктірген саяси бүтіндік ретінде қызмет етсе, онда мұндай саяси өмірді қалыпты деп бағалауға болады. Осы ойдың аясында, Б. Констан қуатты халықтық егемендіктің қажеттілігі туралы Ж.Ж.Руссоның тезисіне ірі өзгеріс енгізеді. «Жеке тұлға мен оның тәуелсіз өмірі басталған жерде, мемлекеттік шекара бітеді», – деді ол. Билікке мұндай шектеу мен бақылау орнату қоғамның саяси-институционалдық құрылымының қағидатына айналады.

Алайда, Б. Констан мемлекеттің әлсіз болуын қалайтын либералдарға мүлдем жатпайды. Ол өзге моделді қалайды: билік институттарының әлеуметтік қажеттілігін, олардың құзыретінің шекарасын дәл анықтау. «Билік өз саласының шегінен шықпауы тиіс, ал өз саласында ол шексіз болуы тиіс» деген қағидатымен құрылған мемлекет әлсіз болуы мүмкін емес. Пассивті әрі әлжуаз мемлекет ешқашан да Б. Констанның саяси идеалы болмаған.

«Король ешбір билік түрінің басқалардан үстем болғанын қаламайды, керісінше, олардың бірін-бірі қолдап, келісім және гармонияда жұмыс істеуіне мүдделі» деп көрсеткен. Сөз бостандығына негізделген, қоғамдық пікірмен, қоғамның өзімен қадағаланатын мемлекеттік билік институттарымен қатар жеке тұлғалық еркіндіктің кепілі құқық болады. Бұл – Б. Констанның бұлжымас позициясы. Құқықтық формалар «қоғамның желеп-жебеуші періштесінің» және «адамдар арасындағы қатынастың жалғыз негізі».

Жеке тұлғаның еркіндікті заңды жолдармен іске асыруға және қорғауға тырысқан Б. Констанның отандасы **Алексис де Токвиль (1805–1859 жж.)** болды. А.Токвильдің саяси концепциясы Констанның идеясының ықпалымен қалыптасты. А. Токвильдің екі атақты «Америкадағы демократия туралы» және «Ескі режим және революция» атты еңбектері саяси ғылымда оған бедел әкелді. Демократияның теориялық және практикалық аспектілері оның қызығушылығының объектісіне айналды. Ол демократияны кең насихаттады. Демократия ол үшін антифеодалдық және жоғары, төменгі таптар арасындағы шекараны көрмейтін қоғамдық құрылым ретінде көрінді.

Демократияның діңгегі – тарихта салтанат құратын теңдік принципі. «Уақыт өте теңдіктің орнауы – жоғарыдан берілген қашып-құтылмас жағдай. Бұл үдерістің мынадай белгілері бар: оның әлемдік, ұзақ мерзімді қасиеті бар және ол күн сайын адамдардың еркінен тыс болуда. Соншалық терең кеткен әлеуметтік процесті бір ұрпақтың күші тоқтата алар ма екен? Феодалдық жүйені жойып, корольдерді жеңген соң, демократия буржуазия мен байлардан сескенеді дегенге кім сенер екен? Оның қарсыластары әлсіз, ал өзі қуатты күшке айналғанда, оның дамуы тоқтар ма екен?» деген сұрақтарға жауап іздеген.

Еркіндік пен теңдік, А. Токвиль бойынша, мүлдем басқа түсініктер. Олардың арасындағы қатынас та өзгеше. «Еркіндік адамдарға күн сайын кіші қуаныштар сыйлайды. Теңдіктің тартымдылығы әрдайым сезіледі және әрбіреуге әсер етеді, оның сиқырына кең пейіл жүректер де шырмалады. Осылай теңдіктен туатын құмарлық әрі күшті, әрі ортақ болады» деп түсіндіреді.

А. Токвиль демократиялық институттардың қатарына сөз бостандығын, дін бостандығын, тәуелсіз сотты жатқызады. Алайда, ол демократиялық қоғамда нақты қандай саяси құрылым болу керек екенін көрсетпеді. Оның ойынша, ең бастысы бұл қоғамда өкілдік билік формасы болуы қажет.

А. Токвиль батыстық демократиялық қоғамдағы азаматтардың саяси мәдениетін жіті зерттеді. Бұл мәдениеттің еркіндік рухын тұншықтыратын, демократиялық-құқықтық режимді әлсірететін қасиеттері А. Токвильдің мазасын алды.

Неміс жеріндегі либералды қозғалыстар XIX ғ. бірінші жартысында басталды. 1848–1849 жж. революцияның алдында ол Германияда жоғарғы деңгейге жетті. Ерте неміс либерализмі, революцияға дейін туған қозғалыс, «конституциялық қозғалыс» ретінде үстемдеу еді. Оның аясында герман мемлекеттері үшін түрлі саяси-заңнамалық тәртіптер ұсынылды. Осы мемлекеттерді модернизациялауға бағытталған модельдер Батыс Еуропадағы белгілі либералдық қағидаттар мен нормаларға сүйенді. Ағылшын және француз либералдары секілді, олардың неміс замандастары да әлеуметтік тіректі буржуазиялық орта таптан іздеді. XIX ғ. бірінші жартысындағы неміс либерализмінің алдында Фридрих Дальман, Роберт фон Моль, Карл Роттек, Карл Велькер және Юлиус Фребельдер болды. Олардың көзқарасы мен қызметі сол кездегі Германияның саяси және рухани климатына қатты әсер етті.

Лоренц Штейн (1815–1890 жж.) «1789 жылдан бүгінге дейінгі Франциядағы әлеуметтік қозғалыстың тарихы», «Басқару туралы ілім», «Германиядағы мемлекет пен құқық туралы», «Бүгінгі және болашақтағы ғылым» атты еңбектердің авторы. Л. Штейннің пікірінше, индивидтің өзін тұлға ретінде қалыптастырудағы басты түрткі – игілікті табу, өңдеу, дайындау және көбейту. Тұлғадан шыққан барлық игілік тек өзіне ғана тиесілі және өзімен ғана өзгереді, сол үшін тұлға секілді ол да қол жетімсіз болады. Бұл игіліктің қол жетімсіздігінің өзі – құқық. Құқық арқылы тұлғамен бір бүтінге біріккен игілік жеке меншік болады деп түсіндірген.

Адам өзгелерден бөлек болып, тұлға ретінде қалыптаса алмайды, шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндігі келмейді. Ол сол адамдарға тәуелді және сол үшін олармен бірге тұруы тиіс, өзара әрекет етіп, әріптес болуы керек. Міне, осылай Л. Штейннің еңбектерінде адам қоғамдылығы, қоғам мәселесі туындайды.

Кез-келген қоғамның ұйымдасуының маңызды жері – мүлікті бөлісу. Жеке мүлікке ие адамдар әрдайым өзара тығыз байланысты. Қоғамдық өмірдің заңы «мүлкі барларға мүлкі жоқтардың тұрақты және өзгеріссіз тәуелділігі» болмақ. Бұл екі тапты жойып жіберуге, аттап өтуге болмайды. Қоғам басқаратын және басқарылатын таптардан тұруы тиіс деп көрсетеді.

Л. Штейннің қоғам мен мемлекет туралы ойларына Гегельдің идеялары қатты әсер еткен. Л. Штейннің концепциясында қоғам өзінше дербес және тәуелсіз әлеуметтік құрылым ретінде суреттеледі.

Мүлдем басқа құрылым мен мақсаттарға ие мемлекет – қоғамның жоғарғы формасы. Онда түрлі адамдардың еркі мен әрекеттері бір бүтінге жиналады. Л. Штейннің ойынша, мемлекет – жалпы еріктің тұлғаландырылған организмі, сол үшін ол жалпыға қызмет етуі керек. Өзі-

нің осындай ұйымдасуы мен мақсатына байланысты мемлекет қана еркіндікті қамтамасыз ете алады.

Л. Штейн – басқару құқығы Конституцияға негізделетін және заң мен бұйрықтың аражігі бар құқықтық мемлекеттің жақтаушысы. Л. Штейн құқықтық мемлекеттің үздік формасын конституциялық монархиядан көреді.

Конституциялық монархияда атқарушы билік заң шығарушы билікке адал қызмет етеді, ал монарх орталық фигура болғандықтан, қоғамда партикулярлық мүдделердің үстем етуін жоя алады.

Анри де Сен-Симонның (1760–1823 жж.) мемлекет, құқық туралы танымдары оның тарихи прогресс концепциясы арқылы анықталды. Оның ойынша, қоғам өз жолымен табиғи түрде дамып келе жатыр. Ол бір деңгейден екіншісіне жылжығанда, өзінің «алтын ғасырына» ұмтылуда. Теологиялық деңгейді метафизикалық деңгей ауыстыруда. Одан кейін позитивті деңгей келеді, ол «қоғамдағы адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін максималды құрал мен мүмкіндік беру арқылы бәрін де бақытты қылады» деген болатын. Егер бірінші деңгейде қоғамдағы билеу құқығы діндарлар мен феодалдарға берілсе, екіншісінде – заңгерлер мен метафизиктерге, үшіншісінде – ғалымдар мен өндірісшілерге беріледі.

А. Сен-Симон бойынша, жеке меншіктік қатынас индустриализм жүйесімен үйлесімді. Ол зауыттағылардың, саудагерлердің, банкирлердің жеке капиталына қол сұқпайды, алдыңғы «өндірісшілер класының» құрылымын өзгертпейді. Бірақ индустриализм қазіргі буржуазиялық қатынастан асып түседі. Себебі, ол елді біріккен, орталықтанған өндірістік қауымдастыққа айналдырады. Бұл қауымдастық – қоғам арқылы іске асырылатын жоспармен өмір сүреді.

А. Сен-Симонның тарихи кезеңдегі адамды басқарудан мүлікті басқаруға өтетін идеялары Ж.Ж. Руссоның пікірлерінің жалғасы болып табылады.

Роберт Оуэн (1771–1858 жж.) саяси аренаға өндірістік революция туындаған және оның кесірінен басталған таптық күрес кезінде шықты. Осы жағдай Р. Оуэннің реформаторлық танымына әсер етті.

Р. Оуэннің пікірінше, адамның мінезі – оның өмірінде басты рөл ойнайтын жеке тұлға мен қоршаған ортаның қатынасының нәтижесі. Міне, дәл осылай, сыртқы әсердің ықпалымен бүкіл қоғамдық таптың мінезі қалыптасады. Р.Оуэн өзі ұсынған адам мінезі туралы ілімі қоғамның әділ, әрі саналы құрылымына апаратын жалғыз жол екендігіне сенімді еді.

Сол кездегі әлеуметтік-экономикалық тәртіптерді сынай отырып, Р. Оуэн капитализмдегі өндіруші күштердің прогресінде, ірі өндірістің дамуында, ғылыми-техникалық жетістікті қолдануда қоғамдық жаңа құрылымның қажет екендігін түсінді. Оның ойынша, бұл өзгерістер объективті табиғат заңы бойынша өтіп жатыр және ол ұлы әрі маңызды әлеуметтік революцияның дайындық деңгейі болып отыр. Р. Оуэн мемлекет шығаратын заңдар арқылы еңбекшілердің пайдасына реформа жүргізуге болады деп үміттенді.

Р. Оуэн қоғамдық ауыл Конституциясын жасап шығарды. Оған сәйкес ондағы комунналар ұжымдық еңбек, қоғамдық мүлік, барлық қатысушылардың тең құқығы мен міндеті негізінде құрылуы, қызмет етуі тиіс деген. Комунна мүшелері арасында өзара көмек қатынастары орнайды. Аурулар, қарттар, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық жасайтын ұжымдар пайда болады. Жас ұрпақты тәрбиелеудің рационалды әрі гуманды жүйесі дүниеге келеді.

Өткен ғасырдың 30–40 жж. Батыс Еуропаның рухани өмірінде революциялық-утопиялық концепциялар үлкен рөл ойнады. Джеймс Бронтер О Брайен (Англия), Огюст Бланки (Франция), Вильгельм Вейтлинг (Германия) және басқалар жұмысшы таптың атынан қоғамның түбегейлі

өзгеруін талап етті. Олардың саяси бағдарламасы Г. Бабеф салған революциялық дәстүрді синтездеді.

Позитивизм философиясының негізін қалаушы **Огюст Конт (1798–1857 жж.)** қоғамның тарихи қозғалысында жаңа перспективаны ашқанын мәлімдеді. Оның мұндай идеяларына А. Сен-Симонның әлеуметтік философиясы әсер етті.

О. Конттың негізгі еңбегі – алты томдық «Оң философияның бағыты» 1830–1842 жылдар аралығында басып шығарылды. О. Конт философияның басты тапсырмасы – жағдайлар қалай пайда болады және өтетінін түсіндіру деп мәлімдеді.

Шынайы философия адам өмірін үш топ феномені арқылы жүйелендірілген: ойлар, сезімдер және әрекеттер. Қоғамдық өзгерістердің үш қайнар көзі нәсіл, климат және «оның ғылыми дамуын толықтай қарастыратын саяси қызмет». Адамдық құндылық адамдық бақыт секілді тәртіпке шақыратын кез-келген күшті өз деңгейінде ерікті түрде қолдануына байланысты болады.

Бұл орасан зор қызметте философияның негізгі мақсаты мен міндеті адам өмірінің барлық саласын координациялау болып табылады. Философияның функциялары «саясаттың сілтеушісі мен философияның табиғи қосындысы болатын моральдық жүйенің» функцияларымен араласып кетеді. О. Конт саналы түрде христиан дінін жоққа шығарып, ортақ тәртіптің дамуына мүмкіндік беретін адамдардың өткені, бүгіні, ертеңінің тұтастығы болатын Адам дінін жариялайды.

О. Конттың жалпы әлеуметтік ілімі өткен ғасырда Ресейде де көпшілік түгілі, сыншыларға да өте қатты ықпал етті. Әсіресе оның институционалдығы өте тартымды болды, оған қоса түрлі әлеуметтік концепцияларға әсер еткен саяси-мекемелік және ғылыми реформаторлығы да ерекше еді.

Тақырыпқа қатысты түсініктер мен ұғымдар: индустриализация, либерализм, құқықтық мемлекет, жеке тұлға, социалистік идея, революция, өндіруші күштер, ғылыми-техникалық революция.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Батыс Еуропадағы саяси-құқықтық ойлардың негізгі бағыттары.

2. Ағылшын либерализмінің негізін қалаған кім?

3. Социалистік идеяның пайда болу алғышарттарын атаңыз.

4. Француз либерализмінің басты ерекшеліктері.

5. Батыс Еуропада социализм идеяларының пайда болуы.

Әдебиеттер:

1. История политических и правовых учений / под ред. В.П. Малахова, Н.В. Михайловой. – М., 2007.

2. Андерсон К.М. Мексиканский проект Роберта Оуэна // История социалистических учений. – М., 1987.

3. Аникин А.В. Юность науки: Жизнь и идеи мыслителей-экономистов до Маркса. – М., 1985.

4. Утопический социализм: Хрестоматия / общ. ред. А.И. Володина. – М., 1982.

5. Фурье Ш. Избранные сочинения. – М. – Л., 1951-54.

Реферат тақырыптары:

1. XIX ғ. бірінші жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси ойлар мен саяси ағымдар.

2. Социализм идеологтарының саяси-құқықтық танымдары.

3. Иремия Бентамның саяси көзқарасы.

4. Огюст Конт – қоғамның тарихи қозғалысындағы жаңа концепцияның негізін қалаушы.

5. Р.Оуэннің саяси көзқарасы.

12 тарау. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙДЕГІ САЯСИ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУЫ

I Александрдың таққа келуімен Ресей мемлекетінің саяси өмірінде саяси жылымық лебі байқалды. Сол жылымық әсерінен батыстық либералистік құндылықтар Ресей қоғамына ақырындап ене бастады, нәтижесінде елде (қоғамда) «Дауыссыз комитет» деп атау алған либералды адамдар тобынан «жас достар» үйірмесі қалыптасты. Жоғарғы деңгейдегі саяси және мәдени-ғылыми элиталық ортада комитеттің мүшелерін олардың ұстанған көзқарастары мен іс-әрекеттері үшін «якобиндік топ» деп атады. I Александр осы комитетпен бірлесе отырып, мемлекетте бірқатар либералды заңдар қабылдады және басқарудың орталық органдарына өзгертулер енгізді, сондай-ақ, қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай зиялы қауым арасында конституциялық көңіл-күйдің пайда болуына әсерін тигізді.

М.М. Сперанский (1772–1839 жж.) Владимирская губерниясының Черкутино деревнясында, кіші рухани шенді Третьяков отбасында дүниеге келді. Михаил Михайлович «атағы» мен Владимир-Суздальдік рухани семинариясын бітірген және үш озат оқушылар қатарына ілініп, математика, физика, риторика және философия мұғалімі ретінде Санкт-Петербург рухани семинариясына (1797 жылдан бастап академия) жіберілді. 23 жасында ол осы семинарияның ректоры болып тағайындалды, содан кейін генерал-прокурор Куракиннің қол астында қызмет етті. Бұл қызметте ол кеңесші шеніне дейін жетеді. М. Сперанский I Александр сарайға алдырды,

онда бірқатар жоғары қызметтер атқарады, ең соңғысы – мемлекеттік хатшы қызметі. Сарай төңірегіндегі көре алмаушылардың қызғанышы, сонымен қатар, ақсүйектердің реформаторлық іс-әрекеттерге көңілі толмаушылығы М. Сперанскиді 1812 жылы жұмыстан босатуына және (Нижний Новгород, Пермь) жер аударуына себеп болды. Патша жарлығымен ол 1816 жылы Пензаның губернаторы етіп тағайындалды, ал 1819 жылы Аракчеев өтініші бойынша, Сібір губернаторы болды. Тек 1820 жылы ғана Сперанскиге Санкт-Петербургке қайта оралуға мүмкіндік туды, ал 1826 жылы император І Николай оған Ресей империясының Заңдар жинағын құруды тапсырды. М.Сперанскидің басшылығымен құрылған комиссия бұл Заңдар жинағын төрт жыл ішінде біріктіріп, жүйелендірді және тарихи-мағыналы 45 томды құрады. Үш жылдан соң атқарушы заңнаманы жүйелеп біріктіретін 15 томдық басылым дайындалды. І Николай М. Сперанскиді осы еңбектері үшін Андреев жұлдызымен марапаттады.

М.М. Сперанскидің саяси доктринасы антикалық және еуропалық ойшылдардың саяси теорияларының терең танымдарына негізделген. Діни адам бола отырып, ол «сезімдік материализмнің күңгірт жүйесін» жоққа шығарды және Құдайды әлемнің жоғары заң шығарушысы ретінде қабылдаған. Мемлекеттің келісімді концепциясын ол ғылыми болжам ретінде қарастырған (Құдай еркін жүзеге асыру келісім шарты ретінде).

М. Сперанскидің ойы бойынша, Ресей өзінің тарихи дамуында үш сатыны бастан кешірді: Ортағасырларда – удельщина; Жаңа заманда – абсолютті монархия; ал қазіргі заманда – жоғарғы биліктің конституциялық шектеулерін талап ететін және қол астындағыларға саяси және азаматтық құқықты ұсынатын өнеркәсіптік кез (тұлға қауіпсіздігі, жеке меншікті сақтау және жеке саяси құқықтарды қамтамасыз ету). Ресей Батыстағы мемлекеттердегідей

революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен «дұрыс заңдар арқылы» өзгерістерді күтуде. «Мемлекеттің реформациясы екі-үш жылда емес, он жылдап, ғасырлап жүргізіледі» деп көрсеткен.

М. Сперанский өзінің өзгертулер жобасында «міндетті заңдарға негізделген самодержавиелік басқаруға (мұнда абсолюттік мағынада)» мүмкіндік беретін конституциялық монархияны армандаған. М. Сперанский билікті жүзеге асыру формаларының заңдылығын билік бөлінісімен байланыстырған. Заң шығарушы билік сессиялық түрде жиналатын, заңдарды талқылап, қабылдайтын екі палаталы Думаға берілуі керек деген. Атқарушы биліктің басшысы – монарх Думаның қызметіне араласады, бірақ «ешбір заң Думаның қолдауынсыз басылып шығарылмайды. Жаңа алым-салықтарды, міндеттіліктерді бекіту Думада қабылданады» деп көрсеткен. Думаның пікірі тәуелсіз, міне, осы себептен де монархтың «заңдарды жоюға да, өзгертуге де» мүмкіндігі жоқ дейді.

Конституция және соған негізделген билік бөлінісі мемлекеттегі барлық бостандықтың кепілі болып табылады. Ресей үшін қалыптасып қалған жағдайды өзгертудің және жаңа тәртіпті қалыптастырудың уақыты жетті; Ресейдегі бостандық үшін болған қозғалысты меңзей отырып, ол «басқа мемлекеттермен салыстырғанда, Ресейдің даму қарқыны өте жылдам» жүріп жатқанын айтқан.

Заңға негізделген конституциялық монархия қызметін қамтамасыз ететін мамандандырылған шенеуніктік аппаратқа сүйенуі қажет. Мұндай жобаны жүзеге асыру үшін М. Сперанский шенеуніктер туралы екі заңды: «Сарай атақтары туралы» (3 сәуір, 1809 жыл) және «Шендік емтихандар туралы» (6 тамыз, 1809 жыл) заңдарды ұсынып, жүзеге асырды. Бұл заңдар қызмет және қызметтік шендер алу үшін жоғары білім туралы дипломның бар

болуы немесе көптеген пәндер бойынша шеңдік үшін емтихандар тапсыру сияқты қажетті шарттарды енгізді.

Н.М. Карамзин (1766–1826 жж.) жас кезінде өте көп саяхаттаған және сол кезде бірнеше атақты батыс еуропалық философтармен және саяси қайраткерлермен танысқан. Еуропада Карамзин Гетемен, Гердермен, Кондорсемен кездескен. Парижде Дантон мен Демуленнің сөздерін тыңдаған, Робеспьермен таныс болған.

Н.М. Карамзиннің шығармашылық жолының бастауы әдеби саламен байланысты. Ол басылым қызметіне белсенді қатысты, сонымен қатар, өзін жазушы ретінде және әдебиеттегі жаңа бағыттың – сентиментализмнің негізін салушы ретінде танылады. 1803 жылы Н. Карамзин баспа жұмысын тастап, өз көңілін «Ресей мемлекетінің тарихын» қалыптастыруға жұмылдырады. Өз ойларын жүзеге асырғаны үшін, ол І Александрдан тарихнамашы атағын алады және Вяземскийдің айтуынша, 23 жасында «тарихшылар қатарына енеді».

Н.М. Карамзин өзінің саяси концепциясын өзі басып шығаратын Ресейдегі ең бірінші саяси журнал болып табылатын «Еуропа хабаршысында» жариялап отырған. Мұнда антикалық, француз, ағылшын авторларының саяси шығармашылық басылымдарымен қатар, Н. Карамзин басқару түрлеріне, саяси режимдерге, заңдардың мазмұндары мен т.б. көзқарастарын білдіріп отырған. Бірақ саяси концепциясын ретті, әрі нақты өңдеуі «Ресей мемлекетінің тарихында» көрсетілген, ал дәлелдеуі 1811 жылы І Александр атына құрылған «Саяси және азаматтық қатынастағы ежелгі және жаңа Ресей туралы жазбаларда» көрсетілген.

Ресей үшін ең тиімді болып табылатын билік түрін зерттеу – «Жазбалардың» ең басты тақырыбы. Мысалы, ІV Иванның басқаруын сараптай отырып, Н.Карамзин тирандықты сынға алды. Теориялық түрде Карамзин

тирандықты табиғи, салт-дәстүрлік және жағымды заңдарды бұзатын билік түрі деп сипаттаған.

Басқару түрін талқылай отырып, Н.М. Карамзин монархия кезінде республикашыл болып қала беру мүмкін екендігін қоса отырып, өзін нағыз республикашыл екендігін ерекше атап өткен. Мемлекеттік және қоғамдық өмірді ұйымдастыру ретінде республика түсінігінің өзі ол үшін қоғамның жоғары салт-дәстүрлік дәрежесін сақтай отырып, барлық азаматтардың бостандық пен қауіпсіздікке қол жеткізуін білдірді. Адам өнегелігінің нақты деңгейі, олардың саяси сауаттылығының деңгейі кез-келген мемлекеттің қандай басқару түріне дайын екендігін анықтайтын көрсеткіштер болып табылады дейді. Мысалы, республиканы армандаған Франция оған дайын болмады және нәтижесінде Бонапартқа бағынды, ал ол Н. Карамзиннің ойынша, билік жаулап алушы емес, керісінше, «игілікті саясат» жүргізген, нағыз монархияны әкелуші болып табылады.

Н.М. Карамзин өзінің құқықтық түсінігінде табиғи-құқықтық теорияны ұстанған, себебі салт-дәстүрлі мемлекетте азаматтық заңдар түгелімен табиғи заңдарға сәйкес болуы қажет деп көрсетеді.

Тарихшы заң шығарушылардың жұмысының жауапкершілігін ерекше атап көрсетті, себебі ол жаңа заң жобасын жасаған уақытта «барлық заттарды бір жақты емес, жан-жақты қарастыру қажет, әйтпесе бір зұлымды кесе отырып, ол одан да көп зұлым жасауы мүмкін» дейді. Ол сонымен қатар инкорпоративті және кодификациялық жұмыс жүргізу арқылы барлық ресейлік заңдарды қазіргі заманға сәйкес қарастыру қажеттілігі туғанын айтқан. Карамзин заңдардың барлық жүйеленген және түсініктемелермен қамтылған заңдар жинағының басылымын көргісі келді. Мұндай жұмыстарды жүргізу қажеттілігі бұрында туған, себебі, көптеген заңдар

ескіріп, тіпті, зиянды болып кетті, сондықтан олардың кейбіреулерін, «әсіресе, қылмыстық, қатал және варварлы заңдарды түзету...».

«Жазба» авторы заңдарға қарағанда, көбінесе, халықтық ағартушылық және өнегелі тәртібін таратуға сүйенген. Бірақ оның көзқарастары тиянақсыздығымен ерекшеленеді. Сонымен, бір жағынан, ол ағартушылықты, мемлекетте саяси және тарихи білімдерді таратудың жақтаушысы болса, екінші жақтан, батыс еуропалық мемлекеттерде қабылданған ағартушылық жүйесін сынға алып, оны практикалық әрекеттен алыс және шамадан тыс теориялық деп санаған.

Н. Карамзин қоғамның сословиелік ұйымдарына да көп көңіл бөлді. Ол бұл ұйымдардың құрылымында мыналарды бөліп көрсетті:

1. дін басылар;
2. ақсүйектер;
3. көпестер;
4. шаруалар т. б.

Ол ақсүйектерді ерекше артықшылықтарды пайдаланатын, құрметпен, молшылықпен қамтамасыз етілген тап ретінде қарастырған. Ақсүйектер әскерде және мемлекеттік қызметте жоғары орындарды иеленуі қажет, бірақ соған қарамастан, Н. Карамзин төменгі таптардың мүмкіншіліктері мен «ерекше білімі» болса, онда шендер мен атақтарға «жолдарды жабуға» болмайды деп көрсетеді.

Дінбасылар – «оқытатын тап», осы себептен де олардың жоғары өнегелі әлеуеті және білім беретін деңгейі болу қажет. Оларды арнайы оқу орындарында оқытып, жеткілікті қамтамасыз ету қажет дейді.

Ресейдің негізгі табы ретінде шаруалардың жағдайын және шаруалардың дамуының болашағын анықтауда Н. Карамзиннің пікірі қарама-қайшы. Табиғи-құқықтық

концепцияның жақтаушысы бола отырып, Н. Карамзин әрбір бостандыққа деген адамның тартып алынбайтын табиғи құқығын мойындаған. Б. Годуновтың ерікті шаруаларға үстемдікті беріп қойғаны дұрыс болмады, олар бостандық алғанымен, жерлері жоқ, олар сол жерлерді қамтамасыз ете алмайды, сондықтан олар бұрынғы жерлерде қалып, жұмыс істеуге тура келеді. Міне, осы себепті «олардың өмірлерінде ешнәрсе өзгермейді» деп көрсетеді. Сонымен қатар, бекіністерге тыйым салу белгілі тәртіпсіздіктерге әкелуі мүмкін немесе шаруалар бостандық алған соң, өздеріне жаңа басқа иелер іздеуі мүмкін, нәтижесінде егіс далалар толығымен түптеліп аяқталмай қалады да, ең алдымен осыдан қазына азап шегеді. Сонымен қатар, шаруалар жүгеннен босатылған соң, «арақ ішіп, зұлымдық жасауды» бастайды. Монарх мемлекеттегі тәртіпті сақтау үшін, «тақ тірегі және мемлекетте тыныштық пен тәртіп сақтаушылары» ақсүйектерге сенім артады, ал егер қалыптасқан жағдайды шайқалтып жіберсе, мемлекет жойылып кетуі мүмкін дейді.

Н.М. Карамзин сыртқы саяси қатынастарда бейбітшіл бағытты ұстанды. Мәскеу патшасының саяси жүйесі халықтың бір ғана берекесін мақсат ете отырып, өзінің даналығымен таң қалдырды. Олар қажет болғанда ғана соғысқан, әр қашанда бейбітшілікке дайындар Ресейді көтеріп, иемдену емес, ал сақтауды аңсай отырып, бұрыс немесе қауіпті жаулап алушылықтарды құмартпады. Н.Карамзин қазіргі заманға сәйкес әскер құру кезінде оның санын азайту, әскери ауылдарды жою сияқты өзгерістердің қажеттілігін қарастырған.

«Жазба» II Александрға өте үлкен әсер қалдырды, себебі, ол шындықтың маңыздысын және бүкіл мемлекеттік аппаратты өзгерту талаптарын қамтыған.

Батыс жорығынан кейін ресей қоғамында патша билігін шектеу идеясы біртіндеп тарала бастады. Қоғамда

либералдық пиғылдағы әр түрлі жасырын саяси ұйымдар пайда болды. Патша Үкіметі өз тыңшылары арқылы елдегі саяси тұрақтылыққа сызат түсірді. Елдегі саясатқа деген наразылық әсіресе жоғарғы топта күшейе түсті.

«Орыс серілер ордені» (1815), «Құтқару одағы» (1818), «Береке одағы» (1818) және соңғысының құлауы нәтижесінде Солтүстік және Оңтүстік қоғамдарын біріктірген оппозициялық ұйымдардың пайда болуына әсер етті.

П.И. Пестель (1793–1826 жж.) Мәскеуде ірі шенеунік отбасында дүниеге келген. П. Пестель үй білімін алған, содан соң оны Германияда жалғастырған, ал Ресейге қайтып оралған соң, Пажес корпусын бірінші оқушы болып аяқтады. 1812 жылы Отан соғысына қатысып, көптеген батыл әрекеттер көрсетіп, үкімет тарапынан атаулы алтын қарумен марапатталды. 1821 жылы полковник шенін алған соң, оның алдынан жарқын әскери қызмет жолы ашылды. Бірақ П. Пестель басқа өмір жолын таңдады. Қоғамды және мемлекетті өзгерту мақсатында ол құпия одақтарға кіріп, нәтижесінде «Оңтүстік» қоғамының ұйымдастырушысы және басшысы болып, келесі әрекеттің теориялық бағдарламасы ретінде «Русская Правдасын» құрады. «Русская Правда», П. Пестельдің пікірінше, елдегі конституцияны алмастыру керек болды.

1825 жылғы 14 желтоқсанда Санкт-Петербургтің Сенат алаңында болған көтеріліс құпия қоғам әрекетінің нәтижесі болды, оны тұншықтырып басқан соң, П. Пестель «дәрежеден тыс» сотталып, өлім жазасына кесілді.

П. Пестель өзінің философиялық көзқарастары бойынша материалист және атеист болған. Өзінің әлеуметтік көзқарастары барлық адамдардың табиғи құқықтары туралы және еңбек бөлінісі негізінде қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қоғамдық өмірге өзара талпыныс туралы жағдайлардан шыққан. Ол мемлекетті қо-

ғамды заңды тәртіпке әкелуші ретінде анықтай отырып, қоғамдық және мемлекеттік құрылымды бөліп қарастырған. Соңғысы адамның бағынышты және басқарушыларға табиғи бөлінісінің нәтижесінде пайда болған.

Үкімет «жалпының әрекетін басқаруға және барлығы мен әрбіреуіне Береке беру үшін күшті әдістерді таңдауға міндетті. Халық үкіметтен жалпы және жеке Берекесіне қол жеткізуді талап етуге құқылы» деген болатын. Мемлекет үкімет пен халықтың өзара құқықтар мен міндеттердің тепе-теңдігі болған жағдайда ғана өмір сүре алады, ал егер осындай тепе-теңдік жоғалса, онда «мемлекет күштеу және ауру халге душар болды» деп көрсеткен. Сондықтан осы тепе-теңдікті ұстап тұра алатын заңдар құру қажет. «Мемлекеттік құрылымның мақсаты – барлығы мен әр-біреуінің Берекесі» және оған тек заңдар негізінде қол жеткізуге болады дейді.

П. Пестель барлық заңдарды үшке бөлген: рухани, табиғи және азаматтық. Рухани заңдар қасиетті жазулар арқылы танымал: олар «рухани әлемді табиғимен, өткінші өмірді мәңгі өмірмен байланыстырады». Табиғи заңдар табиғат талаптарынан және табиғи қажеттіліктерден туындайды және олар «біздің жүректерімізде терең сақталған. Әр адам оған бағынышты және ешкім оны жоя алмайды». Мемлекеттік заңдар өз алдына қоғамдық Берекені мақсат етіп қоятын мемлекеттік бекітулерді білдіреді және сондықтан да олар табиғи және рухани заңдармен сәйкес шығарылуы қажет. Мұндай сәйкестік олардың ақиқат екендігінің сөзсіз шарты болып табылады дейді.

Қоғам мүдделерінің басымдылығы мемлекеттік заңдардың мазмұнын анықтайтын басқа бір шарт болып табылады. Себебі, тұтастың пайдасы әрқашанда бөліктің пайдасынан жоғары болады. Азаматтық заңдар жеке тұлғалардың мүдделері бүкіл қоғамның мүдделеріне

қарама-қайшы келмейтіндей етіп құрылады. Егер үкімет әрекеттері жеке тұлғалардың әрекеттеріне тең болып, «тек осындай міндетті заңдарға негізделсе, онда Берекені пайдалану барлығы үшін мүмкін болар еді». Әділетті құрылған әрбір қоғам қоғамның жеке қасиеттеріне емес, заңдардың билігіне бағынышты болуға міндетті деп көрсетеді.

П. Пестель жеке мемлекеттер мен халықтың «байырғы заңдардағы» нақты айырмашылықтарын қарастырған, бірақ Монтескьеден өзгеше, ол бұл айырмашылықтарды тек географиялық орта және климаттық жағдайлармен ғана байланыстырған жоқ, сонымен қатар, кез-келген мемлекетте қалыптасқан әлеуметтік және саяси мекемелермен, институттармен де байланыстырған.

П. Пестельдің әлеуметтік бағдарламасы радикалды бағытта болған. Ол шаруаларға ақысыз жер бөліп беруді талап етеді. Табиғи құқық бойынша, жер барлық адамдарың мүлкі болып табылады, соған сәйкес жер – «адамзат тамағының» басты қайнары болғандықтан, әр адам өзінің үлесін алуы қажет. Бірақ қазіргі заңдарға сәйкес жеке меншік қалыптасады және жеке меншік құқығы адамдар санасында терең тамырын жайған, тіпті, оны бүкілдей сындыру мүмкін емес, соған қарамастан бұл екі дамуды біріктірудің және олардың арасындағы қарама-қайшылықты шешетін жолдарды табу қажет. П.Пестельдің жоспары жеке меншікті жоюға емес, ал барлық ресейліктерді меншік иелеріне айналдыруға негізделген.

Бүкіл жерді ол екіге бөлді: болыстық (қоғамдық) және жеке. Біріншісі қоғамдық меншікті білдірсе, ал екіншісі – жеке меншікті білдіреді. Болыстық жерге қол сұғуға болмайды және ол болыс мүшелеріне үлестіріліп беретін жер телімдеріне бөлінеді. Қандай да болсын бір шаруа басқа жерге орын ауыстырған жағдайда, ол жер болыс

қарауына беріліп, айналымға қатыспайды. Болыстың бұрынғы мүшелері қайтып оралған кезде, оған болыстық фондтан тамақтануға қажет жер беріледі.

П. Пестель жеке меншік құқығын «қасиетті және қол сұғылмайтын» деп атайды. Ол адамның мүмкіншілік пен бұлшық ет күшінің табиғи теңсіздігі болған жағдайда, қоғамда байлар мен кедейлерге бөліну сақталады, бірақ соған қарамастан, «әрбір ресейлік қажетінше қамтамасыз етіледі және ешкімнің тәуелдігіне түспейді» деп есептеген.

П. Пестель мемлекеттің жоғары билігін ұйымдастыруда жоғары заң шығарушы билік пен басқаруды (атқарушы билікті) бөліп қарастырды. Жоғары билік халықтық вечеге берілсе, атқарушы – Державалық думаға, ал олардың қызметін бақылау – қорғаушы билікті өз қолына шоғырландырған жоғарғы жиылысқа беріледі.

Жеке қызмет атқаратындардан басқа 25 жасқа жеткен барлық ерлер сайлау құқығына ие.

Халықтық вече – жыл сайын 1/5 бөлігін қайта сайлап отырған, бес жылға сайланып отыратын бір палаталы ұйым, сонымен қатар «сол біреу қайта сайлануы мүмкін». Вече біртұтас және ол бөлінбейді, барлық заң шығарушы билік сонда шоғырланған. Ол соғыс жариялап, бейбітшілікті бекітеді, сонымен қатар «ардақты (негізгі)» және т.б. заңдарды қабылдайды. «Ешкім халықтық вечені таратып жібере алмайды. Ол мемлекеттегі ерікті, халықтың жан дүниесін білдіреді» деп көрсетеді.

Атқарушы билік – Державалық дума – бес жылға сайланатын бес адамнан тұрады, олардың біреуі бір жылға президент болып сайланады. Державалық дума – ең жоғарғы атқарушы билік, ол «соғысты жүргізіп, келіссөздер өткізеді, бірақ соғысты жарияламайды және бітім жасамайды. Барлық министрліктер мен барлық басқаратын орындар Державалық думаның ведомстволары мен басшылығының астында болды» дейді.

Сақтаушы билік – жоғарғы жиылыс – бояр деп аталатын 120 адамнан тұрады. Олар өмір бойына тағайындалады және заң шығарушы да, атқарушы билікке де қатыспайды. Кандидаттарды губерниялар тағайындайды, ал халықтық вече «шығып кеткен жерлерді» солармен толтырады. Әр заң жоғарғы жиылыстың бекітуіне жіберіледі, бірақ бұл оның қарауына кірмейді, ол тек барлық қажетті жағдайлардың сақталуын тексеріп отырады және жоғарғы жиылыс заңдарды бекіткен жағдайда ғана заңды күшіне енеді.

Жиылыс маңызды бақылау функцияларын атқарғандықтан, өзінің мүшелерінен бір-бір адамнан әр министрлікке және әр облысқа тағайындайды. Армияның жоғарғы қолбасшысында жоғарғы жиылыс тағайындайды және армия мемлекеттің шекарасынан тыс аттанған уақытта жоғарғы жиылыс армияға басшылықты өз қолына алады, міне, осылайша «жоғарғы жиылыс Халықтық вечені және Державалық думаны заң шеңберінде ұстап тұрады». Жиылыс кез-келген деңгейдегі шенеунікті асыра сілтегені үшін сотқа беруге құқығы бар деп көрсетеді.

Заң шығарушы және атқарушы биліктің әрекеттерін, мемлекеттік құрылымды Конституция анықтайды. П.Пестель конституцияны **мемлекеттік өсиет** деп атайды.

П. Пестельдің жобаларында Ресей «бүкіл кеңістігі 10 облысқа және 3 енші нәрсеге» бөлінген федерация ретінде берілген. Өз кезегінде әр облыс бес губерния немесе округтен, губерниялар уездерден, ал уездер болыстардан тұрады. Биліктің жергілікті органдары орталық үлгісі бойынша құрылған дейді.

П. Пестельдің Ресей территориясын қамтыған әр түрлі ұлттардың жағдайын анықтау туралы пікірлері қызықты. «Бүкіл ресейлік халық бір тапты – азаматтықты құрайды; қазіргі барлық таптар жойылып, бір тапқа – азаматтыққа бірігеді. Ресей мемлекетін құрап тұрған әр түрлі барлық

тайпалар орыс деп мойындалады және өзінің әр түрлі атауларын тастап, біртұтас орыс халқын құрайды» деген болатын.

Ресейде орналасқан барлық халықтың құқықтары тең, бірақ қолайлылық мақсатында барлық халықтардан бірыңғай орыс халқын құру қажет деп есептейді. Мұндай құрылымда Ресей «жалғыздықты, біркелкілікті және бірпікірлілікті» білдіреді.

П. Пестель орыс мемлекетінің астанасын Ресейдің географиялық орталығы және орыс еркінің бесігі деп қарастырған Нижний Новгородқа ауыстыруды ұсынды.

Таптық артықшылықтар, титулдар және атақтар жойылады және барлығы ресей азаматтары деп мойындалады дегенді ұсынған. Жұмыс түрін анықтағанда және қызметтерді ұсынған уақытта «барлық таптарда» табылуы мүмкін азаматтардың жеке мүмкіншіліктері ескеріледі дейді.

П.И. Пестель республика жобасын құрды, бірақ оны жүзеге асыру ұзақ мерзімге енгізілген революциялық диктатураға байланысты. Қатаң заңдылықты жақтай отырып, ол өзінің әрекеттерінде заңмен мүлде сәйкес келмейтін революциялық диктатураның орнауын қолдаған.

Н. Муравьев (1796–1843 жж.) ірі жер иеленуші аристократияға жататын отбасында дүниеге келген. Әкесінің басшылығымен үй білімін алған. Университеттің математика факультетінде оқып, оны аяқтамай, 1812 жылы әскерге өз еркімен кетеді.

Н. Муравьев өзінің саяси және әлеуметтік бағдарламасын конституциялық үш жобада көрсеткен, оның соңғысы түрмелік деп аталады, себебі, ол қылмыстық биліктің талаптары бойынша жазылған және жобаның ішіндегі ең радикалдысы болып табылады. Н.Муравьев АҚШ-тың конституциясын және Францияның декларациясы мен конституциясын жақсы білген.

Н.М. Муравьев Ресей үшін билік бөлінісі қағидаттарына негізделген конституциялық монархияны ең тиімді басқару түрі деп есептеген. Ол мемлекетте жоғары биліктің өзара бақылауы үшін қажетті кепілдіктерді қалыптастырады.

Заң шығарушы билік «екі палатадан, яғни жоғарғы Дума және Өкілдер палатасынан тұратын» халықтық вечеге берілген. Кәмелет жасқа толған, жылжымалы және жылжымайтын мүлкі бар тұрғындардың барлығының (тек жеке қызметтегі тұлғалардан басқа) сайлау құқығы бар.

Жоғарғы дума алты жылдық мерзімге сайланады және екі жыл сайын оның бүкіл санының 1/3 бөлігі, яғни 45 мүшесі жаңарып отырады. Думаның мүшесі 30 жастан асқан күмістей 6000 рубльден асатын жылжымалы және жылжымайтын мүлкі болу керек деп есептеген.

Өкілдер палатасы 450 мүшеден тұрады және екі жылға сайланады.

Монарх атқарушы биліктің басшысы ретінде заң шығарушы биліктің қызметін атқаруға, заңдарды өзгерту мен тыйым салуға еш құқығы жоқ, бірақ оның өкілеттігі маңызды болып табылады: ол жоғарғы атқарушы билікке ие, барлық құрлық және теңіз күштерінің бас қолбасшысы болып табылады, министрлерді және армиялар мен флоттың жоғарғы бас қолбасшыларын тағайындайды және қызметтен босатады, шетел державаларымен келіссөздер жүргізеді және елшілерді тағайындайды. Монарх екі палатаны да шақыруға және палаталардың отырыстарының уақытын тек екі айға ғана кейін шегеруге құқылы.

Облыстық (державалық) басқару екі палатадан тұрады: облыстық (державалық) дума және сайланғандар палатасы.

Палаталардың міндеттері Конституциямен анықталады. Облыстық держава тәуелсіз бірлік емес, оның өзінің жеке конституциясы жоқ, ол сыртқы байланыстарды

жүргізбейді, ақша соқпайды және т. б., бірақ оның жергілікті шаруашылық, әкімшілік және қаржылық мәселелерді шешу бойынша өкілеттері бар.

Н. Муравьевтың конституциясы сонымен қатар жергілікті басқаруды сайлау негізінде ұйымдастыруды қарастырады. Бұл басқаруларға «шаруашылық және әкімшілік билік беріледі».

Сот билігі әкімшілік биліктен бөлінген және орталықтанған, сот органдарының біршама күрделі жүйесі арқылы жүзеге асады. Уездерде намыс соты қызмет етеді. Сайлаушылардың сенімін артқан және екі мың рубль күміс цензы бар уездің кез-келген тұрақты тұрғыны мұндай сотта судья бола алады. Намыс судьясының қызметі ауыстырылмайды және ол бұл қызметті басқа міндеттермен бірге жетпіс жасқа дейін атқара алады. Уезде ешкім де намыс судьясының бекітуінсіз күзетке алынбайды. Бұл судьялар азаматтық дау-шараларды және ұсақ қылмыстық істерді қарастырады және аз мерзімге қамауға алуға және үш күндік жалақы көлемінде айыппұл төлетуге құқығы бар. Сот процесі ашық түрде жүреді.

Сот жүйесінің келесі қатары – облыстық сот, оның құрамын облыстық палаталар жылына кірісі үш мың рубль күмістен асатын тұлғалар құрайды. Олар да ауыстырылмайды және өзінің қызметін жетпіс жасқа дейін атқарады. Бұл сотта қосымша бақылаушылар болады.

Жоғарғы сот өзінің ортасынан жыл сайын сот мүшелері сайлайтын төраға басшылығымен өтеді. Жоғарғы сот өзінің саласындағы қызметті шешеді, сонымен қатар, император мен екі палатаға төрт жылда бір рет түсініктемелермен, бағаларымен және конституцияға қатысты басқа қарама-қайшылықтарды анықтаумен шыққан барлық заңдар мен бекітулерге қатысты, сонымен қатар, бүкіл заң шығаруға қатысты өзінің қорытындыларын ұсынады. Жоғарғы судьяның қызметіне қатысты арыздар

жоғарғы сотқа, сонымен қатар өкілдер палатасына жазылады.

XIX ғасыр Ресей қоғамында ең үлкен саяси оқиғамен тарихта қалды. Патша жарлығымен 1861 жылы Ресейде крепостниктік құқық жойылды. Бұл саяси оқиға орыс қоғамы үшін үлкен прогрессивті мәні бар саяси реформа болды. Бұл тарихи-саяси оқиға Ресейдің беделін Батыс елдері арасында бір көтеріп тастады. Крепостниктік құқықтың жойылуы елдің ішінде де кең қолдау тапты. Қоғамда жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазия өкілдері үшін бұл өте қолайлы сәт болды, өйткені өндірісті дамыту үшін қоғамда ерікті, басы бос жұмысшы табы болмаған еді.

Саяси және экономикалық бостандыққа қолы жеткен қолөнершілер мен шаруалар қоғамда жаңа әлеуметтік тап – жұмысшылардың пайда болуына әкеліп соқты. Бірақ бас бостандығын алған шаруалар жерсіз, мүліксіз өз жағдайларын түзей алмады. Елде люмпен шаруалар мен люмпен жұмысшылар қатары көбейді. Бұл өз кезегінде орыс қоғамындағы алдыңғы қатарлы либералистік бағыттағы демократ тұлғалардың ашу ызасын туғызды. Енді олар патша билігін шектеу, халықты әлеуметтік жағынан қорғау туралы, келешекте Ресей мемлекеті қай бағытта дамиды деген ойлар қозғай бастады.

30-40 жылдарда шетелдерде ақсүйектер интеллигенциясының ортасында славянофилдер мен батысшылдардың шартты атаулары мен қоғамдық және саяси ойдың екі ағымы қалыптасты. Олар орыс ағартушылары мен реформаторларының күшті дәстүрінде Ресейдің тарихи сот мәселесін, оның басқа халықтар арасындағы орны мен рөлін, Еуропа мен Шығыс халықтарының тәжірибесімен тарихи салыстыра отырып, оның саяси және құқықтық тәжірибесінің ерекшеліктерін талқылаған.

Ресейдің өткен және қазіргі заман тәжірибесін бағалау кезінде славянофилдер бірқатар жаңа ойлар мен

ережелерді, яғни I Петр дәуіріне дейінгі тәжірибені қайта бағалау қажеттілігі туралы, шаруалар қауымдастығының жергілікті өз-өзін басқарудың маңызы туралы, мемлекеттік бастаудың рөлі және халық білімінің жалпы концепциясының шеңберінде заң мен дәстүр арақатынасы туралы ойды алға қойды.

Құқықтанушылар ішінде батысшылдардың көрнекті өкілдері – К.Д. Кавелин және Б.Н. Чичерин. Олар уақыт өте келе, либерализмді эволюция жолымен бірте-бірте дамытқан және XX ғасыр басындағы конституциялық демократтардың идеялық бастаушылары болды. Славянофилдер мен олардың қарсыластарының 40-жылдардағы дауларында В.Г.Белинский, А.И. Герцен, Н.П. Огарев, Т.Н. Грановский, П.В. Анненков батысшылдарды жақтады.

Константин Дмитриевич Кавелин – Ресей тарихын түсіндірудегі мемлекеттік мектептің негізін салушылардың бірі (С.М. Соловьев және Б.Н. Чичеринмен бірге). Оның көзқарастарына сәйкес, тұлғалардың бостандығы үшін күресі және қоғамдық формалардың «баяу өзгеруі» – рулық қатынастардан отбасылыққа, ал олар өз кезегінде қоғамдық қатынастың жоғарғы формасына, яғни мемлекетке жол беруі тарихи процестің қозғалмалы күшін және негізін қалыптастырады.

Тимофей Николаевич Грановский – славянофилдерді радикалды тарихи-философиялық тұрғыдан сынады. Ол үшін тарихи даму әр түрлі күштердің күресімен жалғастырылып отырды және әр дәуірді басқасынан «айқын айырмашылықтар» бөліп отырады. Тарихи даму шексіз, себебі, қарама-қайшылықтар әрқашанда жаңа және олар ешқашанда бұрынғы пункттерге оралмайды, «олардың күрестерінен әрқашанда жаңа нәтижелер шығады».

60-жылдардағы реформалардан кейін, славянофилдер мен батысшылдар арасындағы келіспеушіліктердің шиеленісуі өзінің бұрынғы мәнін жоғалтпады. XX ға-

сырда орыс тарихының өзіндік ерекшелігіндегі мәселе әлеуметтік тәжірибеге байланысты көтерілген болатын, міне, осылайша, Ресей деген не, оның мәні, бейімділігі және әлемдегі орны неде? деген Хомяков пен Киреевскийдің сұрақтары жаңа түсіндірулер мен жаңа бағдарлар алды.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: либерализм, диктатор, радикализм, славянофилдер, батысшылдар, халықшылдар, консерваторлар, эволюционистер.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Орыс қоғамындағы либералистік идеялардың пайда болу алғышарттарын атаңыз.
2. Декабристердің арасындағы идеологиялық түсінбестіктің себебі неде деп ойлайсыз?
3. П. Чадаев – ресейдегі пессимистік идеяның негізін қалаушы.
4. Батысшылдар кімдер және олардың идеялық көсемдерін атаңыз.
5. Славянофилдердің саяси бағдарламасындағы басты ерекшелік неде?

Әдебиеттер:

1. Исаев И.А., Золотухина Н.М. История политических и правовых учений в России 11-20 вв. – М., 1995.
2. Азаркин Н.М. История политической мысли России. – М., 1999.
3. Политология: Энциклопедический словарь. – М., 1993.
4. История политических и правовых учений. 19 в. – М., 1993.
5. Карамзин Н.М. Записка о древней и новой России и ее политическом и гражданском общении. – М., 1991.

Реферат тақырыптары:

1. XIX ғасырдағы Ресейдегі саяси ойлардың дамуы.
2. М. Сперанскийдің саяси-құқықтық көзқарасы.
3. Н. Карамзиннің саяси ойлары.
4. Н. Муравьевтің саяси платформасы.
5. Халықшылдардың әлеуметтік қолдаушы топтары.

13 тарау. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ ОЙЛАР

ХІХ ғысырдың ІІ жартысында қазақ даласында саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдай өте ауыр болды. 1822 жылы Ресей патшасының жарлығынан кейін қазақ даласында хандық институт толығымен жойылды. Қазақ елі Ресей империясының құрамына губерния ретінде кірді. Елдегі саяси билік түгелімен Ресей шенеуніктерінің қолына көшті. Губерниялардың басшысы генерал-губернаторлар патша жарлығымен бекітіліп отырды. Жергілікті қазақтарға бұл шен (губернаторлық) түгелімен бұйырмады. Қазақтар тіпті уезд басшысы болуға да құқықтары болмады. Қазақ халқы отаршылықтың қамытын біржолата киді. Отаршылық қазақтарды ең бастысы саяси тәуелсіздіктен айырды. Хандық билікпен бірге елдің қоғамдық статусы да жойылды.

Елдегі феодалдық-рулық тартыстар мен жанжалдар және патша үкіметінен шен-шекпен дәмелі сұлтандар елдің берекесін алды. Оған ішкі Ресейден қазақ даласына қоныс аударып келген шаруалардың жергілікті халыққа қысым көрсетіп, шұрайлы жерлерін тартып алуы тағы қосылды. Бір сөзбен айтқанда, отарлау саясаты басталды. Мұның барлығы да, мүлгіп жатқан қазақ қоғамына әсер етпей қоймады. Әсіресе, орыс патшасының қазақ жеріне саяси тұтқындарды жер аударуы бұл процеске жаңаша серпін берді. Ел ішінде көзі ашық, орыстың жер аударылып келген зиялы қауымымен араласа бастаған алдыңғы қатарлы өкілдері сол заманға байланысты өз ойларын білдіре бастады.

Шоқан Уәлиханов (1835–1865 жж.) өз заманының еуропаша білім алған, талантты ғалымы, жаһангері және қазақ саяси әлеуметтік ойларының эволюциясына үлкен үлес қосқан азаматы. Шоқанның дүниетанымы мен рухани жетілуіне өскен ортасы мен Омбы қаласындағы кадет корпусында оқып жүргендегі қазақ даласына патша үкіметіне саяси жағынан сенімсіз деп табылған орыс зиялы қауымымен араласып, достасуы және Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып қызмет етуі ерекше із қалдырды.

Шоқан орыс армиясының офицері ретінде патшаға адал қызмет атқарды. Патша өкіметі жасақтаған керуенмен Қашқарияға саяхат жасап келді. Сырт әлемге есігін тарс жауып отырған Қашқар Үкіметі туралы алғашқы құнды материалдарды жинақтаған да – Шоқан.

Орыс патшасы Оңтүстік Қазақстан, ұлы жүз қазақтары территориясын өз иелігіне қарату үшін Генерал Черняев бастаған арнайы әскери экспедициясын құрайды. Экспедиция құрамына Шоқан Уәлиханов та енген болатын. Бірақ ол патша генералының жергілікті халықты бағындырудағы ұстанған саясатын көргенде, экспедициядан бас тартып бөлініп кетеді. Осы жолғы жағдай Шоқанның патшаға деген сенімін біржолата үзді және ол патшаның отарлау саясатының мақсатын түсінді. Қазақ даласындағы патша Үкіметінің өктемдігі мен озбырлығын өз көзімен көрген Шоқан өз достарына жазған хаттарында «...халықты ашықтан-ашық аямай сорды» – дейді.

Шоқанның саяси портретін аша түсетін – «Сот реформасы туралы» еңбегі. Бұл еңбекте ол қазақ даласында жасалмақ болып жатқан реформаның мән-мақсатына тоқталады. «Адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы да, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылмақ» – дейді. Сонымен қатар, ол реформа барысында реформатор сол

елдің менталитетіне назар аударып, ескеру керек деп есептейді.

Шоқан сот реформалары туралы еңбегінде патша үкіметі тағайындаған соттардан гөрі, бұрыннан қазақ қоғамында қалыптасқан билер институтын тиімдірек деп есептейді. Сондай-ақ, ол әкімшілік реформалау кезінде патша үкіметі округ басшыларын жергілікті салт-дәстүрді қанық білетін қазақтардан сайлау керек деп түсінеді. Осы мақсатта өзі 1862 жылы Атбасар округінің аға сұлтандығын сайлауына қатысады. Ондағы ойы билік жүйесін жақсартуда оқыған, көзі ашық билеушінің пайдалы екендігін дәлелдеу еді. Бірақ өкінішке орай сұлтандыққа өтпей қалады.

Шоқанның бұл идеясы сол замандағы Ресей мен Еуропадағы «ағартушы билеуші» идеясының нақты көрінісі еді.

Шоқан Уәлиханов этнограф ретінде өзінен кейін қырғыздардың «Манас» дастаны, «Елдегі мұсылмандық туралы», «Қазақ шежірелері», «Құлжа күнделіктері» және тағы басқа да тамаша еңбектер қалдырды.

Шоқан Уәлиханов қазақ саяси тарихында өз орны бар «жарқ етіп ағып өткен жарық жұлдыз» болды десек қателеспейміз.

XIX ғасырдың аяғында қазақ даласына ақырындап капиталистік қатынас ене бастады. Жаңа заманмен бірге ел арасына жаңа дәстүр мен жаңа саяси өзгерістер қатар келді. Осы кезде қазақ ұлтының ішінен шыққан зиялы азаматтар «ел келешекте қай бағытта дамиды, елдігіміз не болады» деген сұрақтармен саяси аренаға шықты. Ұлт зиялылары көтерген осы мәселелер қазақ дәстүрлі қоғамының ғасырлар бойы сақталып келген құндылықтарын шайқалта бастады. Екіншіден, ескіше сауатын ашып, кейіннен Орталық Ресейде білім алған ұлт зиялылары Ресейдегі болып жатқан саяси дүрбелеңнің қақ ортасында жүрді. Ресейдегі әр түрлі саяси партияларға

қатысып, саяси жағынан шындалған азаматтар келешекте қазақ саяси ойларының дамуына, Алаш қозғалысы мен Алашорда ұлттық үкіметін құруда ерекше рөл атқарды. Сол кездегі ел ішіндегі ауыртпалықты көріп, сезген ұлт зиялылары заманның ащы шындығын көрсету үшін, халықтың санасын ояту үшін ағартушылық бағытты ұстанып, алғаш рет қазақ даласында «Айқап» газетін шығара бастады.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері.

Қазақтың көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин оқушыларға білім беру мен оларды кемелдендіру мақсатындағы мұғалім мен оқушының бірлесіп, біріге жасайтын қызметін және қарым-қатынастарының амал-тәсілдерін әдіс деп атайды. Оқымыстының дүниетанымдық және тәлім-тәрбиелік идеялары XIX ғасырда қазақ халқының тәлім-тәрбиелік, ұлттық құндылықтарын жаңа деңгейге көтерді. Дегенмен, сол кезеңдерде қазақ зиялыларының ағартушылық ой-пікірлерінің дамуы, өзіндік идеяларын жариялау мүмкіндіктері биік деңгейде болмағаны белгілі. Соған қарамастан ұлт ағартушылары, педагог – ұстаздары өз еңбектерін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізіп, педагогикалық тың мәселелерді көтере білді. Қазақ мектептерін және ондағы оқытудың дидактикалық негіздерін педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы деңгейінде құра білуі, білім мен тәрбие беру, оқыту принциптерінің негізгі құрамдас бөліктерін өміршең мәнде дәлелдеуі ғұламаның сол кездегі үлкен жетістіктері болды. Қазіргі жоғары оқу орындарындағы кіріктіре оқыту (интеграция) әдісін Ы.Алтынсарин өз тәжірибесінде сол тарихи кезеңнің өзінде пәрменді және сапалы қолдана білгенін атап өткеніміз абзал.

Ы. Алтынсарин терең ағартушы ретінде оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына ерекше мән бергенін

атап өтуге болады. Әрине, сапалы оқу үшін инемен құдық қазғандай ыждағаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал енді оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ пен қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады (Мәселен, «Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап; Надандықтың белгісі - Еш ақылға жарымас»). Адам үшін оқу, білімнің өмірдегі пайдасы қандай, ол неге керек? деген мәселеге келгенде, оның нағыз өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді (Мәселен, «Ата-енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу; Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ағартушы-ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасып тапқаны белгілі. Дүниеде өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері қандай болуы мүмкін деген секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады (Мәселен, «Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»).

Қазақ ағартушысы Ыбырайдың орыстың көрнекті зиялысы Ушинский жолымен жүргізген оқыту жүйесі бойынша: мектеп, ең алдымен халықтық мектеп болуы, халықтың тұрмысына ыңғайлы шаруашылығына қолайлы болып, халықтың қалың бұқарасын қамтуы үшін ауылдарда, болыстарда, уездерде ашылуы және жергілікті жағдайға сай құрылуы керек. Ағартушы мектептер үлгілі, тәртіпті, көрнекі, мәдениетті, ауылдағы бүкіл мәдени-ағарту жұмысының орталығы, «қазақтарды оқытудың негізгі буыны» болуға тиіс деген ойды тұжырымжайды. «Мектеп ішкі мазмұнымен ғана үлгілі болып қоймасын, сонымен бірге сыртқы формасымен де ауылға үлгі берсін» деген ұстанымды білдіреді. Қазақ шаруалары балаларын мектепке алып келгенде, балам білім алады деп қана

қуанбасын, өзі де сол мектепті көріп, «өмірді осылай құру керек екен» деп, үлгі алып қайтатын болсын – деген талап қойды. Міне қазақ ағартушылығының әлеуметтік сипатының кеңдігін осы қадамдарда-ақ байқауға болады.

Ресей патшалығы заманында жоғары оқу орындарына аз санды ұлттардың жастарын алмайтын еді. Осыны терең түсінген ағартушы өз мектебінің бағдарламасын жоғары деңгейге көтеріп, қазақ жастарына әр түрлі ғылым саласынан мәлімет беруді алдына мақсат етіп қойды. Ыбырай өзі дайындаған бағдарламалар хақында айтылған үстірт пікірлерге құлақ аспаған және өзінің ойын әлеуметтік практикада жүзеге асыруға барынша күшін салған. Ресей үкіметі қазақ даласынан ашылатын мұндай мектептің алдына қойған мақсаты қазақ даласынан мектеп ашудағы ереженің бірінші параграфында анық айтылған. Онда: «мектеп құрудағы басты міндет – шекарадағы басқару ісін атқара алатын адамдарды және сұлтан-правительдердің ісін жүргізетіндер мен айрықша қызметтерді атқаратын адамдарды дайындау» деп жазылған еді. Міне, осындай «айрықша қызметке» мамандар дайындайтын мектепке осы ереженің он екінші параграфы бойынша «тек үкіметке ерекше еңбегі сіңген адамдардың балалары алынатын» болған. Бұл әлеуметтік жіктелеу ағартушының жалпы гуманистік көзқарасымен сәйкес келмейтін.

Қазақтың атақты ағартушысы, әрі өз халқының шынайы патриоты өз халқының жарқын болашағын тек оқу-ағарту ісімен, білім – ғылыммен, сол білім-ғылымды ел ішіне көптеп тарата алатын мектептерді ашумен байланыстырды. Сондықтанда ол өз заманында: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана» деп жазды. Міне ойшыл ағартушының ой-тұжырымдарының астарында қазақ елінің болашағына, ұлттық бірлігіне деген сенім жатқанын байқаймыз.

Қазақстанның XIX ғасырға дейінгі қоғамдық-саяси ой-пікірінде өз халқының барлық рухани-адамгершілік құндылықтарын жинаған Абай айрықша орын алады. Оның әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына Шығыстың философиялық-саяси ойы ықпал етті.

Абай Құнанбаев (1845–1904 жж.) қазақ ақыны, ағартушысы, ойшылы, қазақ философиясы тарихында өшпес мұра қалдырған біртуар тұлға. Шығармашылық мұрасы өлең, дастан-поэмалар мен философиялық мазмұнды қара сөздерден және аудармалардан тұрады.

Абай елде моральдық құндылықтардың құнсызданып бара жатқанына көңіл аударады. Ақын мұндай қоғамда зұлымдық, қулық-сұмдық, адамгершілікке меңіреулік және надандық билік жүргізеді деп ескертеді.

*«Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бар жаласы.
Пысықтардың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы».*

Абай өз шығармаларында сол заманның әлеуметтік ащы шындығын нақты бейнелеп берген. Қоғамдағы әділетсіздікті Абай халықты ағарту арқылы шешуге болады деп есептеген және білім мен мәдениетті қараңғылыққа қарсы ұғым ретінде қолданған. Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да бәрі орыста» деп халықты білім мен өнерге шақырады.

Абай қазақтың бойындағы надандықты да қатты сынаған. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

*Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсыменен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.*

Абай заманында білім мен ғылымға ерекше назар аударған және жастарды алған білімін қалың қазақ игілігіне жұмсауға үгіттейді, «баламды медресеге біл деп бердім, шен алсын, қызмет қылсын деп бермедім» немесе «жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім, ер жеткесін түспеді уысыма, мезгілінен қолымды кеш сермедім» дейді.

Абай қоғамдағы әлеуметтік (бай мен кедей) мәселесіне де өте көп көңіл бөледі. Ақын «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңінде заман келбетін тамаша ашып береді.

*Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы.
Байұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.*

Ол заманда қазақ қоғамында енді-енді ғана партиялар пайда болып, болыстыққа сайлау өтіп жатқан еді. Сайлау үшін малын шашып, елді алдап, пара беруші байларды Абай қатты сынаған.

*Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды.
немесе
Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер,
Аз жүрегін жалғайды – деп сол заман шындығын реалистік тұрғыдан өрнектейді.*

Абай елдегі бірлікке ерекше мән береді. Елдің болашағы білім мен бірлікте. Ел ішіндегі күншілдік пен надандықты тоқтату керек деп ойлайды. Ру мен ру арасындағы

алауыздыққа жол бермей, әрбір қазаққа «біріне қазақ бірің дос, болмасаң істің бәрі бос» деп мәңгілік ұран тастайды.

Абай шығармаларының дені елдегі әлеуметтік мәселелерге арналды. Ақын қоғамдағы келеңсіз жайттарды болдырмауға барынша қарсы тұрып, күресіп өтті. Абайдың шығармалары осы заман тұрғысынан алып қарағанда да өз өзектілігін жойған жоқ және оның шығармалары әлі талай ұрпаққа өсиет-өнеге болып қала бермек.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: қазақ хандық институт, саяси билік, бай, кедей, әкімшілік реформа, билер институты, саяси тарих.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ даласындағы саяси ахуалға сипаттама беріңіз.
2. Шоқан Уәлихановтың әлеуметтік-саяси көзқарастары.
3. Ыбырай Алтынсаринның саяси ілімдер тарихында қалдырған ізі туралы.
4. Абай Құнанбаевтың әлеуметтік-философиялық көзқарастары.

Әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. – А., 1994.
2. А. Құнанбаев. Екі томдық шығармалары. – А., 1986.
3. Ғ. Есім. Саяси философия. – А., 2006.
4. Т. Омарбеков. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – А, 2001.
5. Ч. Валиханов. Следы шаманства у киргизов: в 5 т. – А., 1985.

Реферат тақырыптары:

1. XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы саяси ой-пікірлер.
2. Қазақ ағартушылары көзқарастарындағы сенім мәселесінің орын алуы.
3. Абай Құнанбаевтың еңбектеріндегі негізгі саяси ойлар.
4. Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарастары.

14 тарау. XX ҒАСЫРДАҒЫ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТЫНДАҒЫ САЯСИ ІЛІМДЕР

XX ғасырдағы Америка Құрама Штаттарындағы саяси ілімдердің қалыптасуы – күрделі, ұзақ және тым қарама-қайшы үдеріске толы болды. Саяси ойлардың дамуына американ ойшылдарының ең алдымен саясаттануды дербес ғылым ретінде түсіндіруі және қоғамдық ғылымдар арасындағы орнын анықтап беруі үлкен ықпал етті. Америка саясаттанушыларының арасында бұл ілімнің дамуында терең із қалдырған ғалымдар – Чарльз Мерриам, Гарольд Лассуэл және Ганс Моргентау.

Чикаго университетінің қолдауына сүйене отырып, аталған ғалымдар америка саяси ғылымында прагматизм және саяси реализм мектептерінің негізін қалады. АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатын зерттеуде жаңа әдістерге жол ашты. Осылайша Америка қоғамы АҚШ-тың келешектегі қоғамдық және саяси тәртібінің лайықты стратегиясын қалыптастырды.

Аталған ғалымдардың ішінде саяси шоқтығы биік тұрған – **Чарльз Мерриам (1874–1953 жж.)**. Батыс зерттеушілері оны Америка саяси ғылымының негізін салушы ретінде ғана емес, сонымен қатар бихевиористік бағыттың әкесі ретінде қабылдайды.

Саяси тәжірибенің сапалы жаңа сипатын белгілеу үшін ол «саяси саналық» деген арнайы терминді айналымға енгізді. Бұл термин практикалық саясаткерлерді өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін жауапкершілікпен қарауға және Америка азаматтарын саяси басқаруға тартуға бағытталған.

Ч. Мерриам саяси зерттеулерге талдаудың жаңа сандық әдісінің енуін белсенді түрде талап етті. Оның еңбегі нәтижесіз болмады. XX ғасырдың 30-шы жылдарының басына таман әр саясаттанушы осындай зерттеу әдісімен қаруланды. Ч. Мерриам жаңа зерттеу әдістерінің маңыздылығы мен қажеттілігін ескере отырып, бұған дейінгі дәстүрлі әдістерді жоққа шығармады. Басқа әдістердің маңызын төмендетпей кез-келген жағдайда саяси мәселелерді барынша объективті түрде түсіндіріп және шешу үшін тиімді зерттеу әдістерін таңдап алу – басты мақсат деп көрсетеді.

Ч. Мерриам Америка демократиясын адам табиғатына көп мөлшерде сәйкес келетін саяси басқарудың түрі ретінде қарастырды және соған өзі де қатты сенген. Оның ойынша, Америка демократиясының дамуы адамның шығармашылық мүмкіншіліктерінің ашылуына және соның нәтижесінде саяси қатынастардың жаңа түрінің қалыптасуына әкелуі керек.

Гарольд Лассуэл (1902–1979 жж.) Ч. Мерриамның шәкірті және оның идеясын жақтаушы. Ол Америка саяси ғылымы саласындағы ең атақты маман және басқа америка саясаттанушыларымен салыстырғанда АҚШ-тағы саяси ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан ғалым.

Америка саяси ғылымы үшін Г. Лассуэлдың жұмысының маңызы мынада – ол саясатты зерттеуде жаңа методологиялық әдістерді батыл қолданды. Бұған дейін жаратылыстану ғылымдары саласында қолданылып келген З. Фрейд әдісін алғаш рет саясатпен және саяси ғылыммен байланыстырды. Сол әдістің негізінде саяси ғылымда жаңа саяси психоанализ теориясын қалыптастырды.

Басшылар мен бұқара халық үшін саясат дегеніміз не болып табылады, олардың саясатқа деген қатынасы қандай психологиялық ерекшеліктерді қалыптастырады, сондай-ақ, саясаттың өзі қалайша оған қажетті тұлғаның

психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады – міне осы мәселелер саяси психоанализ теориясының негізгі сұрақтары болып табылады. Сонымен қатар бұл теорияда саяси тұлғалардың типологиясын өңдеуге де көп көңіл бөлінеді. Мәселен, тұлғаның қандай да бір саяси рөлді таңдауға бейімділігін анықтай отырып, Г.Лассуэл саясаткерлердің үш негізгі түрін атап көрсеткен: администратор, насихаттаушы және теоретик. Саясаткерлердің аталған түрлерін сипаттай отырып, олардың әрбіреуіне тән позитивті және негативті жақтарын көрсете отырып, ол саяси тұлғаның «аралас түрін» таңдаған, яғни саяси тұлғалардың басқа түрлеріне тән ең жақсы қасиеттерін жинаған.

Ұсынылған классификация сонымен қатар саяси лидерлердің психикалық ерекшеліктерін де қарастырады. Мәселен, Г. Лассуэлдің ойы бойынша, өз-өзін кінәлау сезімі «көсем-насихаттаушыларды» алға тартады. Олар «басқаларды әшкерелеу сияқты механизмдер әдісімен жеңілдіктерді іздейді». Идеологиялық лидерлер – «балалық шақтарында көптеген үміттерінің қирауын бастан кешірген жеке тұлғалар». Сондай-ақ, Г. Лассуэлдің айтуынша лидерлікке қызығушылықтан бас көтертпейтін психопатологиялық тұлғалар да саяси өмірге араласады. Биліктің қабылданбаған іздеушілері басқаларға үстемдік жүргізуге үміттеніп, бизнеске, кәсіподақтарға, ұйымдастырылған қылмысқа кетеді». Оларға қай жерде бекітілсе де бәрі бір, себебі олар басқа адамдарға билік жүргізсе жетеді деп көрсетеді.

Саяси билік және оны қоғамда тарату мәселесі Г.Лассуэлдің еңбектерінде маңызды орын алады. Г. Лассуэл билікті саяси ғылымның орталық категориясы ретінде қарастырып түсіндірген. Билік ету үдерісінде құндылықтар, сонымен қатар оларды қоғамда тарату маңызды рөл ойнайды. «Кім, не, қашан және қалай алады деген сұрақтар саяси әрекеттер мен саяси үдерісті сараптау

кезіндегі негізгі сұрақтар», – деп көрсеткен. Саяси процесті түсіну үшін, саяси ғылым келесі мәселелерді шешуі қажет:

1. оның мақсаттары мен объектілерін анықтау;
2. құндылықтарды таратуда басты тенденцияларды белгілеу;
3. осы тенденцияларды түсіндіретін шарттарды зерттеу;
4. болашақта болуы мүмкін барлық өзгерістерді белгілеп қою;
5. құндылықтарға максималды қол жеткізуге әкелетін әрекеттер әдісін таңдау.

1936 жылы жазылған «Саясат: кім нені, қашан және қалай алады» кітабында ол элиталарды «бұқарамен салыстырғанда, көбірек әсер ететін» топтар ретінде анықтаған. Саяси сараптаудың басты мақсатын «әсер етушілердің және әсерленушілердің» рөлдерін зерттеуден көреді. Элиталық топтар кез-келген топтарда, сонымен қатар, демократиялық қоғамда да болады деп дәлелдеген. Оның ойынша, демократия олигархиядан элитаның жоқ болуымен емес, ал «ашық» және «жабық», «өкілеттік» және «өкілеттік емес» сипатымен ерекшеленді.

1941 жылы жарық көрген «Демократия қоғамдық пікір арқылы» еңбегінде Г. Лассуэл құндылықтарды таратуда элиталық топтың, қоғамдық пікірдің маңызды рөлін көрсете отырып, саяси билікті және саяси үдерісті элитарлық түсіндіруден бас тартты. Ол оны демократиялық басқарудың және қоғамдағы легитимділіктің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырады.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Г. Лассуэлдің саяси билік және қоғамдағы құндылықтарды тарату үдерісі туралы көзқарасы үлкен өзгерістерге ұшырады. Ол өзгерістің мәні мынада – үдерістің басты фигурасы ретінде – саяси тұлға танылды және де ол жай ғана тұлға емес, саяси белсенді тұлға, сондай-ақ сол саяси тұлғаның қоғамдағы құндылықтарды қаншалықты меңгергендігі.

Г. Лассуэлдің қалыптастырған билік концепциясы әр түрлі мектептер мен бағыттарды ұстанатын көптеген батыс саясаттанушыларының қолдауына бірден ие болды. Саяси модернизация мәселесін зерттей келе және иерархиялық, сегментарлы, сондай-ақ пирамидалық билік бөлінісінің үш жүйесі туралы идеяны негіздей отырып, Д.Эптер оны өзінің еңбектерінде кеңінен пайдаланды. Саяси жүйе қоғамда авторитарлы (биліктік) құндылықтарды тарату жүйесі ретінде қызмет атқара алатындығы туралы Д.Истон да өзінің саяси өмірдің жүйелік сараптамасына арнаған кітабында жазған.

Саяси жүйенің басты міндеті, негізінен мынадай екі қызметті орындаудан тұрады. Біріншіден, қоғамда құндылықтарды тарату, екіншіден, қоғамның басым көпшілігіне осы қабылданған құндылықтарды ұзақ уақыт бойы міндетті ретінде қабылдауды қамтамасыз ету. Дәл осы аталған екі функция саяси жүйені қоғамның басқа жүйелерінен шектеуге мүмкіндік береді және саяси өмірдің мәнді өзгерістері болып табылады. Егер саяси жүйе берілген осы функцияларды нақты жүзеге асыра алмаса, онда қоғамда саяси шиеленіс, тіпті ақыр аяғында сол жүйенің құлауына әкеп соқтыруы да мүмкін деп көрсетеді.

Қорыта келгенде, Г. Лассуэлдің АҚШ-ғы бұқаралық ақпарат құралдары теориясының дамуына үлкен әсер еткен насихаттау идеясына міндетті түрде назар аудару қажет.

XX ғасырдағы Америка саяси ғылымының аса көрнекті өкілі **Ганс Моргентау (1904–1980 жж.)** – прагматизм және саяси реализм мектептерінің көпшілік таныған басшысы, АҚШ-тың сыртқы саяси мәселелері бойынша басты теоретигі.

Сыртқы саясаттағы ұлттық мүдделер рөлінің маңыздылығын көрсете отырып, Г. Моргентау оларға сәйкес классификацияны ұсынған. Бір жағынан, ол негізгі, тұрақты мүдделерді атап көрсеткен: аумақты, тұрғындар-

ды және мемлекеттік институттарды сыртқы қауіптен қорғау, сыртқы сауданы дамыту және инвестицияны өсіру, шетелдерде жеке капиталдың мүдделерін қорғау; одақтастармен өзара қатынас және сыртқы саяси бағытты таңдау. Екінші жағынан ол өтпелі және аралық мүдделерді бөліп қарастырған: аман қалу мүддесі; өмірлік мүдделер; маңызды мүдделер; перифериялық немесе ұсақ мүдделер. Г.Моргентау аймақтық немесе әлемдік гегемонияға қол жеткізу кез-келген ірі державаның ұлттық мүддесінің ең жоғарғы критеріі деп есептеген.

Ұлттық мүдделер кез-келген мемлекеттің сыртқы саясатының өзегі екенін жариялай отырып, Г. Моргентау америкалық ұлттық мүдделерді басқалардан жоғары бағалаған. Ол сөзінде «АҚШ-тың ұлттық мүдделері Батыс жарты шарда саяси басымдылықты талап етеді. Егер Еуропа мен Азия держава немесе державалар тобының бақылуына түссе, бұл басымдылыққа қауіп төнеді. Себебі, Батыс жарты шары мемлекеттерінің көмегімен немесе жеке дербес мықты мемлекеттердің АҚШ-қа бас салуы жеткілікті. Міне, осыдан келіп шығатыны Еуропа мен Азияда күш балансы жүйесінде тепе-теңдік сақталуы, ал нақтырақ айтсақ, бір де біреуіне Батыс жарты шарда әскери немесе саяси жаулап алушылықтар арқылы өздерінің күшін нығайтуға мүмкіндік бермей, екі немесе одан да көп державалар тобының бір-біріне қарама-қарсы тұруы америкалық қауіпсіздікке өте маңызды», – деген.

Ұлттық мүдделер концепциясын өңдей отырып, Г. Моргентау оның дәлелдеуінде күшке өте көп мән берген. Оның ойынша, ұлттық мүдделер саясаты күшпен бекітілмесе, табысты бола алмайды.

Г. Моргентауға сәйкес, «күш» түсінігі кең мағынада (ұлттық күш түсінігі ретінде) келесі негізгі компоненттерді қамтиды: географиялық орналасу, табиғи ресурстар, өнеркәсіптік әлеует, әскери дайындық (сонымен қатар

әскери техниканың даму деңгейі, әскери басқару, әскери күштердің сапасы мен саны), халық саны, «ұлттық сипат» (халықтың саясатқа қатынасы), «мемлекеттің күшін анықтайтын ең басты фактор» ретінде дипломатияның сапасы. Г. Моргентау бойынша, дипломатия – «бұл сыртқы саяси мақсаттарға қол жеткізу айналасында ұлттық күштің әр түрлі элементтерін біріктіру өнері, бұл – үкімет сапасы, яғни үкіметтің қоғамдық пікір жағынан өзінің сыртқы саясатына қолдауды қамтамасыз ету мүмкіндігі». Дипломатияның сапасын ұлттық күштің ең маңызды факторы деп атай отырып, Г. Моргентау әскери күштің рөлі мен маңызын төмендетпеді, себебі оның ойынша, саяси-дипломатиялық мүмкіншіліктердің тиімділігі әрбір нақты мемлекеттің әскери күшіне тікелей тәуелді. Халықаралық саясатта, әсіресе, «тәжірибеде қолданылатын немесе қауіп ретінде пайдаланылатын әскери күш мемлекеттің саяси күштілігін қамтамасыз ететін маңызды материалды фактор болып табылады» деп түсіндірген.

Дәстүрлі әдіс пен күш факторының арасындағы қарама-қайшылық және ядролық соғыстың болу мүмкіндігі оның ойынша, қазіргі заманғы мемлекеттердің ядролық стратегиясында төрт парадоксты тудырды: халықаралық қатынастарда ядролық немесе басқа күштерді қолданудағы жолды қуушылық және бүкіл әлемдік ядролық катастрофа алдындағы қорқыныш; ядролық соғыстың мүмкін нәтижелерін болдырмау үшін ядролық саясатты өңдеу талпынысы; ядролық қарулануды тоқтату әрекеттерімен қатар жарысуды жалғастыру; ядролық қару бар болғанда бұл саясатты ескірген деп жасайтын шартымен, одақтарға сүйенетін саясатты жүргізу.

Г. Моргентаудың көрсеткен төрт парадоксты сараптау қорытындысы: «қандай да болмасын әрекет өзінің жаңашылдығымен және көріпкелдігіне қарамастан мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен әдістері арқылы ядролық күшін басқаға бағытталған кез-келген әрекет,

ядролық күштің жойғыш күшімен жоққа шығады». Жасалған нәтижені есепке ала отырып, жалпы ережелерде де өте сенімді болып көрінеді: ядролық күшті мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен әдістеріне бейімдегенше, одан да осы мақсаттар мен әдістерді ядролық күштің әлеуеттік мүмкіндіктеріне бейімдеу қажет.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: модернизация, гегемония, ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздік, бихевиористік бағыт, саяси сана, сандық әдіс, саяси басқару, саяси лидер, насихаттаушы, саяси билік.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XX ғасырдың басындағы АҚШ-тағы саяси ойлардың дамуындағы басты ерекшелікті атаңыз.

2. Г.Лассуэлдің саясаткерлерге берген типологиясы қандай? (басқару стиліне қарай).

3. Г.Моргентаудың АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясын дамытудағы орны.

4. Г.Моргентаудың «күш» түсінігін кең мағынада (ұлттық күш түсінігі ретінде) талдаңыз.

Әдебиеттер:

1. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы, 2007.

2. В.Ф. Петровский. Американская внешнеполитическая мысль. – М., 1976.

3. Г. Моргентау. Четыре парадокса ядерной стратегии. Американцы размышляют, американцы критикуют. Проблемы внешней политики США. – М., 1967.

4. Современная буржуазная политическая наука. Проблемы государства и демократии. – М., 1982.

5. Т. Мұстафин. Саясаттануға кіріспе. – А., 1994.

Реферат тақырыптары:

1. XX ғасырдағы Америкадағы саяси ойлардың дамуындағы негізгі ерекшеліктер.

Саяси ілімдер тарихы

2. Г. Моргантау – прагматизм және саяси реализм мектептерінің көпшілік таныған басшысы.

3. Г. Моргантау – АҚШ-тың сыртқы саяси мәселелері бойынша басты теоретигі.

4. Г. Лассуэл – саясатты зерттеуде жаңа методологиялық әдістерді батыл қолданған саясаттанушы.

5. Ч. Мерриам – америка саяси ғылымының негізін салушы.

15 тарау. ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦИЯДАҒЫ САЯСИ ОЙ ТАРИХЫ

ХХ ғасырдағы Франциядағы саяси ілімдер өзінің құрылуы мен даму кезеңіне байланысты екі сатыдан өтті. Бірінші кезең өткен ғасырдың соңынан басталып, ІІ дүниежүзілік соғыспен аяқталады. Екінші кезең соғыс кезеңінен кейінгі мерзімнен басталып, қазірге уақытқа дейін жалғасуда. Саяси ғылымның Конституциялық құқықтан біртіндеп бөлініп шығуы бірінші кезеңге тән сипат еді. Бұл процесс үш жолмен жүрді.

Бірінші жол конституциялық құқықтың саясаттануымен, яғни конституциялық құқықтың дәстүрлі шеңберіне саяси мәселелерді енгізуінің есебінен және оның кеңеюімен байланысты. Конституциялық құқықтың саясатпен байланыса бастауын А. Эсмен өзінің 1895 жылы жариялаған «Конституциялық құқықтың элементтері» еңбегінде қарастырады. Бұл еңбекте дәстүрлі конституциялық құқықтық мәселелермен қатар, қоғамдағы «саяси күштер ойыны» туралы мәселелер де зерттелді. Конституциялық құқықтың саяси мәселесіне Л. Дюги мен М.Ориу тоқталды. М. Ориу саяси сараптаудың маңызды компоненті болған институт ұғымын қалыптастырды.

Екінші жол конституциялық құқықтың әлеуметтенуімен, яғни оның дәстүрлі шеңберін алғашында АҚШ-тың саяси ғылымында пайдаланып, кейіннен Еуропа құрлығында де кең дамыған позитивистік бағытты нығайту арқылы сипатталады. Позитивистік бағыт конституциялық құқықтың зерттеушілерін сараптаудың әлеуметтік әдістерімен қаруландырды, сонымен қатар бү-

кіл конституциялық-құқықтық мәселелерге әлеуметтік бағыт берді. Конституциялық құқықтың әлеуметтенуінің нәтижесінде француз саяси ілімдерінің жүйесінде саяси әлеуметтану өкілдерінің басымдылығы пайда болды.

Зерттеушілердің конституциялық құқықтың шеңберінен мүлдем шығып кетуі үшінші жолға тән болды. Бұл үшін орыс профессор – заңгері М.Я. Острогорскидің 1903 жылы Францияда жарияланған «Демократия және саяси партияларды ұйымдастыру» атты еңбегі өте маңызды импульс береді. Бұдан кейін осы еңбекке ұқсас көптеген француз зерттеушілерінің, соның ішінде А. Зигфридтің 1913 жылы жарық көрген «Франциядағы партиялардың суреті» атты кітабы, сонымен қатар заң шығарушы, атқарушы және қоғамдық биліктің қызмет етуінің өзекті мәселелеріне арналған М. Шевальенің, М. Прелонның, А. Сульенің және т. б. монографиялары пайда болды.

Францияның қоғамдық-саяси ілімдерінің жүйесінде радикалды өзгерістер ІІ дүниежүзілік соғыстан кейін болды. Халықтың саясатқа белсенді араласуы, саяси өмірдің күрделенуі, конституциялық құқық ғылымы нақты жауап бере алмайтын көптеген күрделі саяси мәселелерді қойған жаңа қоғамдық-саяси қозғалыстардың және институттардың пайда болуы бұл үшін үлкен түрткі болды.

1960–1970 жылдары француз саясаттанушыларының (М. Прело, Ж. Баренс, Ф. Буррико, Ж. Бюрдо, Р. Арон, М. Дюверже, М. Ориу, М. Гравитц, Ж. Ведель, Б. Де Жувенель және т. б.) бірқатар еңбектері пайда болды. Еңбектерде француз саяси ғылымы және оның негізгі мәселелері кең талқыланды.

Соғыс жылдарынан кейінгі кезеңдерде француз саяси ғылымының ерекшелігі басқа мемлекеттердегі саяси ғылыммен салыстырғанда, нақтырақ белгіленді. Ерекшелік француз саясаттанушыларының ең алдымен ілімнің мынадай салаларына: саяси институттар және қатынастар;

сайлау және сайлау жүйесі; қоғамдық басқару және саясат салаларына көп көңіл аударуынан білінеді. М.Ориу француз саяси ойларындағы институт теориясын құрушы ретінде есептеледі. Ол бұл концепцияны 1906 жылы жасады және оны өзінің «Институт теориясы және оның негіздері» атты еңбегінде тұжырымдады. «Әлеуметтік витализм очерктері» (1925) атты ғылыми диссертациясы бұл идеяны мықтап ғылыми түрде шегелеп алды. М.Ориудың ойы бойынша, институт дегеніміз – нақты әлеуметтік ортада жүзеге асатын белгілі бір идея. Осы идеяны жүзеге асыру үшін әр түрлі әлеуметтік топтарға өздерінің органдары мен өкілеттіктерін ұсынатын билік кеңінен қолданылады. Идеяны жүзеге асыруды көздейтін әлеуметтік топтардың мүшелерінің арасында билік органдарымен бақыланатын және процедураның ережелерімен реттелетін сәйкес қатынастар пайда болады.

М. Дювержеге сәйкес, «институттар адами қатынастардың танымал моделі болып табылады. Сол адами қатынастардан тұрақты, орнықты және біріккен мінезді иеленетін нақты қатынастар көшіріледі. Осындай қасиеттердің арқасында олар кездейсоқ, тұрақсыз және орнықсыз болып келетін институциялық модельдер шеңберінен тыс пайда болатын қатынастардан ерекшеленеді» делінген. Кез-келген институт екі элементтің: солардан шығатын сол институттық модельдер мен нақты қатынастар құрылымының органикалық бірлігі болып табылады. М. Дюверженің ойынша, маңызды мәселе – құқықпен регламенттелген саяси институттарды, сонымен қатар құқықты толығымен елемейтін институттарды, яғни саяси партияларды, саяси режимдерді, саяси қысым көрсету топтарын, қоғамдық пікірді, бұқаралық ақпарат құралдарын насихаттауды және т. б. зерттеу.

Сайлау және сайлау жүйесі өзіне француз саясаттанушыларының назарын аудартқан ілімнің басқа саласы

болып табылады. Сайлау туралы айтар болсақ, онда олар не қызмет жасайтын, не енді қайтадан құрылып келе жатқан институттардың бос орындарына үміткерлерді таңдау үшін пайдаланатын, сәйкес сайлау процедураларының ережелері бойынша өңделген емтихандық тест ретінде қызмет етеді.

Қоғамдық басқару және саясат – француз саясаттанушыларының қызығушылығын тудыратын ілімнің тағы бір саласы. Қазіргі Францияның саяси өмірінде қызмет ететін екі қарама-қайшы үрдіс – мемлекеттік басқаруды нығайту және қоғамдық өзіндік басқаруды қалыптастыру берілген сала өкілдерінің сараптау объектісінің артықшылығы болып табылады деп көрсеткен.

Қоғамдық өзіндік басқару теориясына қызығушылық француз қоғамының саяси өмірінде ортағасырлардан жалғасып келе жатқан терең дәстүрлі идея. Қоғамдық өзіндік басқару жобаларының әр түрлерін француз әлеуметтанушы-утопистері (Мелье, Морелли, Мабли, Дешан, және т. б.) де қарастырған. Сондай-ақ бұл идея Француз революциясының теориясы мен практикасында да өзінің көріністерін тапқан. Франциядағы 1968 жылғы мамыр-маусым оқиғалары бұл идеяларды қайта жандандырды, сонымен қатар оларға анық байқалған жалпы демократиялық бағытты берді. Бұл кезде саяси өзіндік басқару концепциясын алға шығарған француз әлеуметтанушылары ерекше белсенділік танытты. Бұл концепцияның негізгі принциптері мыналар:

1. саяси мақсаттарға қол жеткізудің әдісі ретінде демократиялық күштерді біріктіру;
2. әртүрлі деңгейдегі билікті децентрализациялау;
3. мемлекет пен биліктің қоғамдық органдарының арасындағы өзара қатынасты реттеу саласындағы саяси партиялардың рөлін жоғарлату.

Мемлекеттік органдар көбірек басқарып, азырақ әкімшілік ету – олардың басты тезисі. Сонымен қатар

шешімдерді дербес қабылдайтын жергілікті ұжымдардағы, аймақтардағы және азаматтардағы биліктің максимумына негізделген VI Республиканы бекітуді ұсынған француз экологистері қоғамдық өзіндік басқару бағдарламасымен шықты.

Бұл мәселеде атақты француз әлеуметтанушысы және саясаттанушысы М. Крозьенің өзіндік ұстанымы бар. Бір жағынан, ол қоғамдық өзіндік басқару идеясының утопиялық және тіпті, қауіпті сипатын көрсеткен. «Өзіндік басқарудың жақтаушылары игілікті, бірақ іске аспайтын мақсатты қудалайды. Бұл мақсатқа деген талпыныс мәнсіз және қауіпті болып келеді және ол кез-келген билікті жоюға даяр» деген. Екінші жағынан, М. Крозье әкімшілік жүйе, басқару, шешімдерді қабылдау, мемлекеттік араласу және бақылау әдістерімен байланысты жаңа әлемге бейімделу үшін жаңаруы қажет дейді.

Раймон Арон (1905–1983 жж.) – Францияның саяси әлемінде күрделі және ерекше бейнелі тұлға. Ол философия, тарих, әлеуметтану және саясаттанудың әр түрлі мәселелеріне арналған көптеген ғылыми жұмыстардың авторы болып табылады. Олардың қатарына мыналар жатады: «Тұлға тиранға қарсы» (1946 ж.), «Ірі бөліну» (1948 ж.), «Соғыс өзінің салдарымен» (1951 ж.), «Интеллектуал апиыны» (1955 ж.), «XX ғасырдағы сынақ алдындағы демократия» (1960 ж.), «Әлем және ұлттар арасындағы соғыс» (1962 ж.), «Демократия және тоталитаризм» (1965 ж.), «Еркіндік туралы эссе» (1967 ж.), «Саяси зерттеулер» (1972 ж.), «50 жылдағы саяси ойлар» (1983 ж.).

Р.Арон саяси теорияны өңдеу кезінде адами қоғамдастықты екі түрге: жеке емес саяси және жеке саяси деп бөліп көрсетеді. Р. Аронның еңбектерінде саяси билік мәселелері өте маңызды орын алады. Р. Арон ең алдымен билікті метафизикалық және заңды түсінуден аулақ болуға шақырады. Берілген билік шындығында қандай

екендігін, ол қалайша нақты саяси өмірде таратылатынын, бұл билікті тікелей таратушылардың жеке қасиеттерді иеленетінін, саяси шешімдер қабылдау процесінде қандай автономиялық деңгейі бар екенін білу қажет деп ескертеді.

Қоғамда билікті тарату туралы, нақтырақ оның дисперсиясы, көптеген субъектілер арасында ыдырап кетуі туралы мәселе – Р. Аронның саяси теориясындағы басты идеяларының бірі. Билік дисперсиясы қоғамның саяси өміріне бірталай әсер етеді. Бір жағынан, ол ондағы демократиялық үрдістерді нығайтады, себебі нақты адамдар тобының, билік элиталарының қолында биліктің шоғырлануына кедергі жасайды. Екінші жақтан, билік дисперсиясы оның жоғарғы өкілдерінің, ең алдымен саяси шешімдерді қабылдауда жауаптылардың беделін көтереді. Бұл саяси шешімдердің нәтижесін қоғамның барлық мүшелері сезінеді деп көрсетеді.

Р. Аронның ойынша, соңғы жағдай билікті персоналдау туралы мәселені өзекті мәселеге айналдырады. Бұл мәселеге көп көңіл аудару қажет, себебі билікті персоналдауға деген үрдіс әмбебап сипатқа ие. Ол өзі туралы саяси тарих дамуының қиын жағдайларында, яғни, стандартқа келмейтін саяси шешімдерді қабылдау қажеттілігі туған кезде еске түседі. Қандай да бір саяси лидердің қызметіндегі жеке және легитимді беделдің қосылуы билікті персоналдауды білдіреді.

Адамзат өз дамуында көптеген егеменді құрылымдарға бөлініп тұрған уақытта, авторитарлы тұлғалар өздерінің шешімдері арқылы өздеріне миллиондаған ұқсастарды анықтайды. Сондай-ақ мұндай тұлғалардың рөлі ядролық дәуірде де өсіп келеді. Плюралистік қоғамда бұл рөл билік дисперсиясымен теңелсе, ал тоталитарлық қоғамда ол тираниялық сипатқа ие болады.

Р. Арон халықаралық-саяси теориясын және халықаралық қатынастарды дамыту идеясына да көп көңіл

бөлген. Халықаралық қатынастар саласында, Р.Аронның ойынша, екі әдіс: рационалды схематизм және социологизм бір-біріне өзара әсер етеді және өзара толықтырады. Рационалды схематизм өкілдерінің көзқарасы бойынша, халықаралық қатынастар теориясы бақылаушы объектіден тапқан барлық рационалды элементтердің саналы реттелген түйіні болып табылады. Мұндай түсінікте мемлекеттер арасындағы, яғни, мемлекетаралық қатынастар артықшылық бойынша халықаралық қатынастар мазмұны болып табылады.

Социологизм туралы айтсақ (Р. Арон өзін осыларға жатқызады), онда олар халықаралық қатынастар жүйесінде қоғамдық және жеке өмірдің рационалды элементтерін ғана емес, барлығының рөлі мен маңызын табуға талпынады. Бұл мағынада халықаралық қатынастар туралы ғылым мемлекетаралық сахнада және ұлттық сахнада болып жатқан көптеген байланыстарды мойындамауы мүмкін емес. Халықаралық қатынастар әлеуметтануы мемлекеттер арасындағы қатынастар сипатына осы мемлекеттер ішінде болып жатқан көптеген факторлардың үлкен әсер етуінен шығады. Мұндайларға қандай да бір мемлекеттің күш факторы және әлсіздік факторы жатады.

«Ұйымдасқан мемлекеттер арасындағы сауданы зерттей отырып, мамандар әлсіздік артықшылығы әлем үшін күш артықшылығы сияқты қауіпті екенін ұмытып кететінін Р. Арон атап көрсеткен. Қарулы жанжалдардың болуына себепші аймақтар көбінесе құлап жатқан саяси бірліктер аймағы болып табылады». Зайырлылық плюрализмі, сонымен қатар өзіндік мақсат, өзіндік амбиция және өзіндік құндылықтар жүйесі бар автономды құндылықтар мен қоғамдастықтардың плюрализмі фактор бола алады. Қорыта айтқанда, өркениет даму тарихында өз шешімін ешқашан таппаған ұжымдық және индивидуалдық тірі

қалу мәселесі халықаралық қатынастар әлеуметтануының басты мәселесі болып табылады.

Морис Дюверже (1917 жылы туған) – француз саяси ғылымының ірі өкілі.

М. Дюверже ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық сипаттағы көптеген жұмыстарды жариялаған. Солардың ішінде: «Курс конституционного права» (1946, оқулық), «Политические партии» (1951 ж.), «Методы политической науки» (1959 ж.), «Политические режимы» (1961 ж.), «О диктатуре» (1961 ж.), «Методы социальных наук» (1964 ж.), «Введение в политику» (1964 ж.), «Социология политики» (1966 ж.), «Демократия без народа» (1967 ж.), «Политические институты и конституционное право» (1970 ж.), «Янус. Два лица запада» (1972 ж.), «Социология политики: элементы политической науки» (1973 ж.), «Республиканская монархия» (1974 ж.), «Открытое письмо социалистам» (1976 ж.), «Обратная сторона вещей» (1977 ж.), «Республика граждан» (1982 ж.), «Полупрезидентские режимы» (1986 ж.) және т. б.

М. Дюверже зерттейтін негізгі мәселелердің шеңберін үш топқа біріктіруге болады. Бірінші топ теориялық-әдістемелік сипаттағы мәселелерді қамтиды. Оларға ең алдымен саясаттану ілімдерінің әр түрлі салаларын шектеу мәселесі жатады. Бұл ілімде саяси әлеуметтануды, саяси психологияны, саяси философияны ерекшелей отырып, М. Дюверже 60-жылдары жазылған өзінің еңбектерінде біріншіге көп назар аударған. Ол саяси әлеуметтану саяси ілімнің ең кең саласын білдіреді, себебі билікке, басқаруға және беделге негізделген адами қатынастардың бүкіл жиынтығын қамтиды деп есептеген.

Кейінірек, М. Дюверже саяси ілімдердің әртүрлі салаларына өзінің түсінігіне маңызды түзетулер енгізді. «Социология политики: элементы политической науки» еңбегінде ол саяси әлеуметтану емес, ал саяси ғылым сая-

си құбылыстар туралы кең түсінік береді, себебі дәл сол саяси ғылымның үш басты бөлігін қамтиды: саясаттың әлеуметтік сараптауына кіріспе, үлкен саяси жүйелерді суреттеу және саяси ұйымдарды зерттеу.

М. Дюверженің ойынша, саяси ғылымның пәнінің түсінігін анықтау – маңызды теориялық-әдістемелік мәселе болып табылады. Берілген мәселе бойынша дауда екі концепция қарама-қарсы келеді. Біріншісі – ертеректегі және саналы ойға жақын болып келетін саяси ғылымның пәні мемлекет болып табылады. Екіншісі – Батыста кеңірек тараған концепция саяси ғылымды билік туралы ғылым ретінде қарастырады. М. Дюверже өзін екінші концепцияны ұстанушы санап, ол біріншіге қарағанда артық көрінетінін түсіндіреді, себебі ол мемлекеттік билікті басқа қоғамдастықтағы биліктермен қарама-қайшы қоя отырып, оның табиғатын зерттеу үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар оның ойынша, екінші концепция саяси ғылымның пәнін түгелімен ашпайды, себебі «әсер» сияқты түсінікті шетте қалдырады. «Билік» және «әсер» – жақын болғанымен де, ұқсас түсініктер емес. Қоғамда жүзеге асатын кез-келген билік әсерді білдіреді. Бірақ бір жеке тұлғаның екіншіге тигізер әсері билік ретінде қарастырылады. Нақты саяси өмірде әсер биліктің басты бағытын сипаттайды және көп жағдайда оны толықтырады.

М. Дюверже өңдеп шығарған мәселелердің екінші тобын демократия мәселелері құрайды. Бұл мәселелерді зерттей отырып, М. Дюверже ең алдымен батыс мемлекеттерінің демократиялық дамуының тәжірибесін ұғынуды ұсынады. Оның ойынша, соңғылары плутодемократия шарттарымен, яғни, билікті бір уақытта халық та (demos), байлық та (plutos) иеленетін саяси басқару шарттарымен өмір сүреді. Плутодемократия екі түрлі формада болады: либералды демократия және

технодемократия. II дүниежүзілік соғысы кезінде өмір сүрген либералды демократия үшін либералды идеологияға сәйкес келетін индивидуалды құрылым тән. «Бір-біріне қарсы тұратын және әр түрлі салада жарысатын индивидтердің және индивидтер тобының агломераты» болып табылатын «экономикалық олигархия» либералды демократияның қайнар көзі болып табылады. Бұл билік маман саясаткерлерден, мемлекеттік қызметкерлерден және қоғамдық пікірді қалыптастыратын тұлғалардан (М. Дюверже олардың қатарына мұғалімдерді, профессорларды, тәрбиешілерді, журналистерді, жазушыларды, дін қызметкерлерін жатқызады) тұратын «орта және аралық таптар» өкілдері арқылы жүзеге асады деп көрсеткен. Жеке меншік, кәсіпкерлік бостандығы, бәсекелестік, табыс жарысы «орта және аралық таптар» өкілдерінің тіршілік әрекетінің маңызды қағидаттары болып табылады.

II дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған технодемократия үшін қоғамның саяси өмірінің барлық саласында технократиялық үрдіс тән. Бұл үрдістерді сараптай отырып, М. Дюверже технодемократияның рөліне жан-жақты баға береді. Бір жағынан, либералды демократияға қарсы ол экономикалық олигархияның халықтық бұқараға бақылауын қиындатады. Технодемократия шарттары бойынша, саяси партиялар мен кәсіподақтар ұйымдары өзінің мүшелеріне экономикалық олигархияға қарсы әрекеттену үшін үлкен (сонымен қатар материалды және ұйымдық) мүмкіндіктер ұсынады. Екінші жағынан, технодемократия экономикалық олигархияның халықтық бұқараға бақылауын жеңілдетеді. Мына айтылған технодемократия шарттарымен әлеуметтік келісім нығайтылады, қоғамдағы халықтың әр түрлі топтарының әлеуметтік қарамақайшы тұруын әлсіретеді. Тоталитарлық-диктаторлық

режимімен бірге капитализмге қарама-қарсы жүйенің өмір сүруі батыс әлеміндегі әлеуметтік келісімді және ондағы әлеуметтік-таптық антогонизмді одан әрі нығайтты.

Плутодемократия қандай формада жүзеге асса да, ол нағыз демократия емес. М. Дюверженің айтуынша, плутодемократия басқа: ол қарапайым және нақтырақ болып келеді. Ол 1793 жылғы француз Конституциясында жазылған «халық үшін және халықтың әр бөлігіне бостандық» арқылы анықталады. Туғаны бойынша, сәтті тағдыр бойынша, қызмет бойынша, білім бойынша парасаттыларға ғана бостандық емес, сонымен қатар өмірдің, білімнің, әлеуметтік теңдіктің және саяси тепе-теңдіктің жоғары деңгейін білдіретін үшін шынайы бостандық деп атап өткен.

Сонымен М. Дюверженің өңдеп шығарған мәселелерінің үшінші тобына саяси партиялар мәселесі жатады. Осы мәселелерге қарай отырып, М. Дюверже екі басты мәселені қояды: біріншісі, саяси партиялар қаншалықты демократиялы, яғни олар кең бұқараның көзқарастары мен мүдделерін қаншалықты білдіріп, жүзеге асыра алатындығы және екіншіден, қай режим демократиялы: партиялық па, әлде партиялық емес пе? Бірінші сұраққа жауап бере отырып, М. Дюверже қазіргі саяси партияларды ұйымдастыру көп жағдайда демократиялық қағидаттарға сәйкес келмейтінін айтқан. Олардың ішкі құрылымы көп сипаттары бойынша автократиялы және олигархиялы болып келеді. Саяси партиялардың басшылары ереже бойынша, орталық арқылы таңдап алынады немесе көшіріледі. Олар өзінің жиынтығымен қоғамнан және партияның қатардағы мүшелерінен бөлінген жабық топты құрайды. Олардың негізгі саяси шешімдерді қабылдау басымдығы бар.

Саяси партиялардың жалпы эволюциясы олардың демократиялық режимнің нормаларынан айрылуын

нығайтады. Партияның басшыларымен салыстырғанда, партия мүшелерінің рөлі минимумға дейін жететін саяси партияларды орталықтандыру үрдісі нығаяды. Сайлау процедуралары формалды болады. Олар мәні бойынша, саяси лидерлерді іріктеудің антидемократиялық практикасын заңды етеді.

Саяси басшыларды халықтық бұқарадан бөліп тұратын кедергілер сақтады және нығаяды, оның нәтижесінде қатардағы мүшелердің әрекеті бостандығы кеміп, жоғарыдан әсер ету мүмкіндігі артады. Партиялық басшыларды сынау көп жағдайда тоқтаусыз мадақтаумен ауыстырылады.

Саяси партиялардың эволюциясы парламентік қызметке де үлкен әсер етеді. Ол сайлаушылармен де, партиялық қызметшілермен де алдын-ала анықталады. Оның нәтижесін, басқарушы органдарға бағынатын аздаған партиялық мүше топтары мен белсенді сайлаушылар бұқарасына басымдылық көрсеткен жағдайда болады. Сонымен қатар партиялық қызметшілер қоғамдық пікірді қаншалықты білдірсе, соншалықты қалыптастырады. Олар бұл пікірді насихаттау көмегімен құрады, оған өзіне тиімді фонды қалыптастырады.

Екінші сұраққа жауап берсек, М. Дюверже партиялық жүйе өзінің кемшіліктеріне қарамастан партиялық емес жүйеден жақсырақ деген қорытындыға келді. Партиясыз жүйені партиялық жүйемен салыстырғанда, демократиядан алшақ тұрады, себебі ол туған, байлық немесе қызмет құқығы бойынша қалыптасқан басқарушы элиталарды мәңгі есте сақтауды қамтамасыз етеді; ценздық сайлау құқығына сәйкес келеді немесе қоғамның пікірін білдіруден алшақ болып келетін басшыларды халыққа байлау арқылы сайлау құқығын сендіруге талпынысты білдіреді; мемлекетке белсенді қарсы тұратын саяси өмірге әсер етудің ұйымдасқан түрлерін халық

бұқарасымен бірге ғасырлап қалыптасқан дәстүрлі іздеуді лақтырады.

М. Дюверженің ойынша, саяси режимдердегі саяси партиялардың рөлін анықтамағанша, қазіргі саяси режимнің мәнін түсіну мүмкін емес. М. Дюверженің көзқарасы бойынша, саяси партиялар қоғамның саяси өміріндегі прогрессивті өзгерістерді ұстанушылар болған және болады, олар саяси күштердің оң флангісіне қарағанда, сол флангісіне жақынырақ болады. Міне, сол үшін қоғамдағы күштер әрекеттерін сендіруге талпыныста оң күштерге көмек көрсету белсенді саяси өмірден саяси партияларды шығаруды білдіреді.

Тақырыпқа қатысты ұғымдар мен түсініктер: саяси институттар, халықаралық қатынастар, саяси партиялар, партиялық жүйе, саяси лидер, саяси билік, саяси жүйе, саяси тәртіп, авторитаризм, плутодемократия.

Тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Францияның қоғамдық-саяси ілімдер жүйесіне радикалды өзгерістер қашан енді?
2. XX ғасырдағы Француздық саяси ілімдер өзінің құрылуы мен даму кезеңінде неше сатыдан өтті?
3. Плутодемократия мен нағыз демократияның айырмашылығы неде?
4. М.Дюверже бойынша технодемократияның қоғамдағы рөлін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы, 2007.
2. Современная буржуазная политическая наука. Проблемы государства и демократии. – М., 1982.
3. Вятор Е. Социология политических отношений. – М., 1979.
4. Демидов И.А., Феодосеев А.А. Основы политологии. – М., 1997.

5. Вебер М. Политика как призвание и профессия // Избранные произведения. – М., 1990.

Реферат тақырыптары:

1. Француз саяси мектебінің қалыптасу ерекшелігі.
2. Раймон Аронның саяси көзқарасы.
3. Морис Дюверже – француз саяси ғылымының ірі өкілі.

«САЯСИ ІЛІМДЕР ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Саяси ілімдер тарихын оқудың басты мақсаты?

- A) Білім деңгейінің кеңеюі;
- B) Тарихқа деген табиғи қызығушылықты қанағаттандыру;
- C) Өркениет тарихын тану;
- D) Ұлттық сананың оянуы;
- E) Адамдардың саяси қызметтерінің тарихи үдерістің рационализациялануына әсері.

2. Саяси доктринаның мағыналылығы оның мынадай байланысымен анықталады?

- A) Саяси күштердің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен;
- B) Қоғамдық дамудың негізгі тенденцияларымен және заңдылықтарымен;
- C) Қоғамның рухани атмосферасымен;
- D) Мемлекет мәдениетімен;
- E) Жалпы саяси және құқықтық санамен.

3. Ежелгі әлемнің қай ойшылы саяси сананың келесі түрін қолдады: «Егер де жоғарыдағылар әділеттілікті қатал түрде орындаса, қарапайым адамдар бағынудан бас тарта алмайды?»

- A) Конфуций;
- B) Сократ;
- C) Платон;
- D) Аристотель;
- E) Цицерон.

4. Аталған мемлекеттердің қайсысында алғаш рет демократиялық процедуралар қолданған?

- A) Фараондар кезеңіндегі ежелгі Египетте;

- В) Грекияның кейбір ежелгі қала-мемлекеттерінде;
- С) Императорлық Римде;
- Д) Ежелгі ортағасырлық мемлекеттерде;
- Е) Ежелгі Үндістанда.

5. Қай ғалым мемлекеттік құрылымды саясат субъектісі ретіндегі адамның табиғатына, мінез-құлқына ұқсас деген?

- А) Платон;
- В) Аристотель;
- С) Әулие Августин;
- Д) Т. Гоббс;
- Е) Б. Спиноза.

6. Платонның ойынша, идеалды мемлекет жүзеге асады, егер де...

- А) Идеалды теңдік болса;
- В) Құлдық жоқ болса;
- С) Қауымдар арасында айырмашылықтар жойылса;
- Д) Философтар патша болса немесе патшалар мен князьдер философияға жан-тәнімен берілсе;
- Е) Білім және тәлім-тәрбие алу барлығына тең дәрежеде болса.

7. Аристотель бойынша, саясатқа қатысу жақсылық жасау болып табылады, өйткені:

- А) Саяси жарыста жеңіске жеткен тұлға мемлекеттік төлемдерден босатылады;
- В) Жеке индивидке жиналыстарға қатысуға мүмкіндік береді;
- С) Үкіметтен алашағын алуға мүмкіндік береді;
- Д) Адамдарға өзін-өзі тануға көмектеседі және сәйкесінше жұмыс береді;
- Е) Әскери міндеттерден босатады.

8. Аристотель бойынша, «Полития» келесілердің мүдделерінің көрінісі:

- А) Монархтың;

- В) Аристократияның;
- С) Жеке азаматтардың;
- Д) Қоғамның барлық құрылымының;
- Е) Демагогтардың.

9. М.Т. Цицеронның саяси идеалы?

- А) Монархия;
- В) Аристократия;
- С) Демократия;
- Д) Аралас мемлекеттік басқару;
- Е) Олигархия.

10. М.Т. Цицеронның эмпирикалық саяси бағдарламасы –

- А) Қауымдардың келісімі, барлығының біройшылдылығы;
- В) Монархтың абсолюттік билігінің орнығуы;
- С) Барлық басымдылықтар шаруашылық қауымдарға;
- Д) Аристократиялық биліктің басымдылығы;
- Е) Барлық билік халыққа.

11. Ортағасырлық саяси көзқарастардағы маңызды мәселелер қандай?

- А) Саясат және дін;
- В) Дін және ғылым;
- С) Адам және қоғам;
- Д) Қоғам және мемлекет;
- Е) Адамгершілік және діни парыз.

12. Ортағасырдың әлеуметтік-саяси ілімдерінің негізгі идеясы –

- А) Христостың жалпылық насихаты;
- В) Адамдардың теңсіздігін түсіндіру;
- С) Адамдардың міндеттері Құдаймен белгіленген;
- Д) Мемлекет ерекше құрылым болып табылады;
- Е) Адамзат тарихының бірлігі идеясы, адамзат қоғамының прогрессивті дамуы туралы.

13. Шығыс ортағасырлық саяси идеясының басты ерекшелігі қандай –

- A) Басқарушыны жоғары көру;
- B) Қауымдардың құқықтарын анықтау;
- C) Мемлекеттің нормативті-құқықтық аспектілері;
- D) Мұсылмандық саяси құқықтарды жасау;
- E) Этнос аралық қатынастарды реттеу.

14. Әл-Фараби бойынша, қайырымды қоғамды жүзеге асырудың негізгі шарты –

- A) Халықтың сауаттылығы;
- B) Биліктің тепе-теңдігі;
- C) Саясат пен діннің қосылуы;
- D) Тұрғындардың адамгершілігі;
- E) Монархтың ар-намыстығы.

15. Ибн-Халдунның негізгі жетістігі –

- A) Қоғамның даму заңдылықтарының тарихи зерттеу қағидаттарын енгізді;
- B) Арабтың перипатетизімімен қалыптасқан материалистік тенденцияларды дамытты;
- C) Қоғам өмірін зерттеуде аверроизм қағидаттарын таратты;
- D) Қоғам дамуының екі фазасын бөліп көрсетті;
- E) Өндірушілердің жеке еңбек азығы мен құралдарына деген құқықтарын қорғау.

16. Ибн-Халдун мемлекеттік саясаттың келесі формасын сынады –

- A) Жеке меншікке зиян келтіретін;
- B) Діни тәрбиеге мән бермейтін;
- C) Мемлекеттің шекарасын кеңейтпейтін;
- D) Күшейіп келе жатқан сыртқы экспансияға;
- E) Қауымдық ерекшеліктерді ажыратпайтын.

17. Аврелий Августин доктринасының идеясы –

- A) Мемлекет – ол үзілмейтін соғыс мекені;
- B) Бір елдің екінші елге қарсы тұруы;

- C) Тарихтың циклдык идеясы;
- D) Тарих – ол екі жақтың күресі;
- E) Адамзат бірлігі және қоғамдық прогресс.

18. Византиялық саяси ойлар мен саяси өмірдің сипаттық ерекшелігі –

- A) Діни көзқарастардың саясатқа ықпал етуі;
- B) Зайырлы көзқарастардың саясатқа ықпалетуі;
- C) Саяси өмірдің бюрократизациясы және оның саяси көзқарастардағы көрінісі;
- D) Екі биліктің теңдігі – императорлық және шіркеулік;
- E) Ерестер мен еретиктерді қуғындау.

19. Фома Аквинскийдің ойынша, мемлекеттің мақсаты –

- A) Жалпы құндылық, материалдық және рухани;
- B) Материалдық құндылық;
- C) Рухани құндылық;
- D) Дамыған қоғам;
- E) Жеке тұлғаны қорғау.

20. Ренессанс дәуірінің әлеуметтік-саяси ойларының негізгі бағыты –

- A) Гуманизм;
- B) Адамның бостандық және құқық мәселелері;
- C) Мемлекет заңдары – адамдардың тәжірибе және ақыл нәтижесі;
- D) Қоғам – тәуелсіз адамдар одағы;
- E) Адамның шығармашылық мүмкіндіктеріне сену.

21. Н. Макиавелли шығармаларының басты мақсаты мынадай –

- A) Саяси ғылымды жасау;
- B) Ортағасырлық схоластиканы рационализм және реализммен ауыстыру;
- C) Ғылымға заманауи мағынадағы «мемлекет» және «республика» ұғымдарын енгізу;
- D) Дінге рационалды қарау;
- E) Ұлттық рухты жоғарылату.

22. Макиавеллизм – ол

- A) Әскерилендірілген саяси көзқарас;
- B) Моральдық нормаларға бағынбайтын саясат;
- C) Утопиялық саяси көзқарас;
- D) Күш балансының саясаты;
- E) Зорлық-зомбылыққа қарсы саясат.

23. Ж. Боден еңбектерінің болашақ саяси ойлар-дағы негізгі мақсаты қандай?

- A) Климат теориясы;
- B) Прогресс теориясы;
- C) Саясатқа кіру тарихы;
- D) Мемлекеттік зайырлылық теориясы;
- E) Жеке меншікті қорғау идеясы.

24. Саяси ілімдер тарихында утопиялардың маңыздылығы неде?

- A) Қоғамдағы маңызды құндылықтарды анықтайды;
- B) Болып жатқан үдеріске сыни түрде қарауға алып келеді;
- C) Болашақ саяси бағдарламалардың бағыттарын анықтайды;
- D) Мемлекеттік құрылымның идеалды түрлері;
- E) Саяси тәрбиені жүзеге асырады.

25. Реформацияның тарихи мағынасы –

- A) Дінге жаңа қызығушылық тудырды;
- B) Ұлттық рухты күшейтті;
- C) Буржуазиялық революцияларға идеялық негіз дайындады;
- D) Рационализмнің дамуына үлес қосты;
- E) Мемлекет пен шіркеуді бөлді.

26. Ағартушылық дәуірінің әлеуметтік-саяси ойларының басты жетістігі?

- A) Феодализмді жоққа шығару;
- B) Адамның көзқарас, іс-әрекет және табиғи бас бостандығы идеясы, жеке меншікке ие болу, сот және заң алдында барлық азаматтармен бірге тең болу идеясы;

- С) Шіркеулік билікке және діни фанатизмге қарсы күрес;
- Д) Демократиялық мемлекет;
- Е) Биліктің үш тармаққа (заң шығару, атқарушы, сот) бөліну идеясы.

27. Т. Джефферсонның бөлу қорғаны мынаған байланысты –

- А) Сөз бостандығы;
- В) Діни бостандық;
- С) Баспа сөз бостандығы;
- Д) Заң алдындағы теңдік;
- Е) Жиналыс бостандығы.

28. АҚШ конституциясының «Әкесі» –

- А) Д. Вашингтон;
- В) Б. Франклин;
- С) А. Гамильтон;
- Д) Д. Мэдисон;
- Е) Т. Пейн.

29. Американдық әке – негізін салушылар мына идеяны орнатты –

- А) Қоғамдық келісім идеясын;
- В) Жазылған конституция идеясын;
- С) Екі палаталы ұлттық-заң шығару жиналыс идеясын;
- Д) Республика идеясын;
- Е) Адамның табиғи құқық идеясын.

30. Американдық әке – негізін салушылар республикалық басқару формасын таңдады, өйткені –

- А) Тура демократияға қарағанда, адамдарға басқаруда дауыс құқығын беретін оңай жол деп ойлады;
- В) Ежелгі Грек республикаларының жетістіктерін қайталау мақсатында;
- С) Американдықтар осы жол тиімді деп білді;
- Д) Тек осы жол қоғамдық келісім теориясына жауап береді деп ойлады;
- Е) Табиғи құқық концепциясына жауап береді деп ойлады.

31. Дж. Мэдисон мынаған сенді:

А) Американдық жүйе мүдделер қақтығысы кезінде американдықтардың шектен шықпауының толық бостандығын жүзеге асырады;

В) Сайлауды қамтамасыз ететін шенеуніктер мүдделер қақтығысын елемеулері тиіс;

С) Ақша саясатқа кездейсоқ ықпал етеді;

Д) Әлеуметтік теңсіздік саяси қақтығыстардың басты түрткісі болып табылады;

Е) Құқықтар теңдігі – шектен шықпаудың кепілі.

32. А. Токвиль демократияға төнетін қауіп-қатердің мүмкін түрлерін атап көрсеткен. Осы қауіп-қатерлерге жатпайтынын анықта?

А) Мемлекет қолына биліктің шектен тыс саяси орталықтандырылуы;

В) «Толық теңсіздікке» шектен тыс жақындық;

С) Қоғамда қалыптасудың эволюциялық жолы;

Д) Адамдарды бір-бірінен алыстататын индивидуализм, саясатқа деген индифференттілік;

Е) Қоғамдық өмірдің барлық саласына бақылау орнату.

33. А. Токвиль «Демократия в Америке» еңбегінде... (бұрыс анықтаманы тап) –

А) Демократияға анықтама береді;

В) Жеке тұлға және қоғам бостандығын қатайтатын механизм жасап көрсетеді;

С) Тура демократияны қолдайды;

Д) Қоғамды бостандық пен теңдік мәселелері арқылы қарастырады;

Е) Қоғамның революциялық құрылымына қарсы шығады.

34. Дж. Локк бойынша, адамның табиғи құқықтары –

А) Жазылған конституциядан пайда болады;

В) Пайдалы тұлғаларға ғана берілуі мүмкін;

С) Үкіметке шексіз билік алуға кедергі келтіреді;

Д) Адам туылысымен беріледі;

Е) Кәмелет жасқа толуымен беріледі.

35. Дж. Локк бойынша, үкімет міндетті –

- A) Адамдарды табиғи құқықтарынан айыра алатындай мықты болмауға;
- B) Азаматтарды басқара алатындай күшті болуға;
- C) Жеке тұлғалармен не істесе де, азшылық көзқарасын ұстануға;
- D) Әр 10 жыл сайын қоғамдық келісімді жаңартып тұруға;
- E) Қауымдарға бөлінуге.

36. Американдық және Француздық конституцияларда көрініс тапқан Ш.Л. Монтескье оқуларының негізгі идеясы –

- A) Саяси теориялардағы мәмілеге келу рухы;
- B) Географиялық ортаның саясатқа әсері;
- C) Басқару формасы мен заңнаманың рөлі;
- D) Демократия қағидаттары;
- E) Биліктің бөлінуі және тепе-теңдігі.

37. И. Канттың ойынша, мемлекеттің негізгі мақсаты –

- A) Жалпы құндылық;
- B) Құқық басымдығы;
- C) Бостандық басымдығы;
- D) Құқық және шектеулер;
- E) Іс-әрекеттердің моральдық заңмен бірегейлігі.

38. И. Кант бойынша, революцияға қарсы ең тиімді құрал –

- A) Моральдық түсініктер;
- B) Заңдық түсініктер;
- C) Тәжірибелік түсініктер;
- D) Зорлық-зомбылық, интервенция;
- E) Реформалар.

39. И. Кант бойынша, жалпы тарихтың негізгі мақсаты –

- A) Рационалды құқық;
- B) Азаматтық қоғам;
- C) Республикалық (құқықтық) мемлекет;

- D) Мемлекеттердің әлемдік одағы;
- E) Мәңгілік бейбітшілік.

40. Гегельдің саяси басымдығы –

- A) Тұлға мемлекеттен жоғары;
- B) Тұлға қоғамнан жоғары;
- C) Қоғам мемлекеттен жоғары;
- D) Мемлекет тұлға және қоғамнан жоғары;
- E) Тұлға және қоғам мемлекеттен жоғары.

41. Саяси ойлау либерализмінің басты идеясы –

- A) Бостандық – негізгі құндылық;
- B) Заң мәдениетті адамдардың табиғи қажеттіліктерінің жалпыланғаны;
- C) Тарихтың мақсаты – әлемнің вестернизациялануы;
- D) Халықтық билік идеясы;
- E) Жеке адам қоғам және оның институттарына қарағанда нақты және шынайы.

42. Марксизм бойынша, тарихтың қозғаушы күші не?

- A) Өркениет тарихындағы техникалық прогресс;
- B) Билік үшін күресуегі лидерлердің күш-жігері;
- C) Тарихтағы таптық күрес;
- D) Әлемдік масштабтағы ғылыми жаңалықтар;
- E) Адам мен адамзаттың адамгершілік дамуы.

43. Демократияның негізгі маңызы –

- A) Мемлекеттің абсолютті билігіне тәуелсіз қоғамның бар екенін мойындау;
- B) Әлеуметтік қақтығыстарды шешудегі рационализмді мойындау;
- C) Барлық мақсатқа жалпы, түрлі мүдделер мен идеялармен санасу;
- D) Адамдардың шексіз ар-намыс бостандығы мен бастама құқығы;
- E) Қоғамдық және мемлекеттік саяси шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыруда адамдардың кең қатысуы.

44. Макс Вебердің айтуынша –

- A) Бір күні бюрократия қоғамда басым болады;
- B) Компьютерлер басқаруды тиімді етеді;
- C) Нейтралды құзыреттілік атқарушы биліктің шегі болып табылады;
- D) «Жентек қар» әсерін өзгерту өте қиын болады;
- E) Өзін-өзі ұйымдастыру кеңейеді.

45. В. Паретоның саяси ғылымға қосқан негізгі үлесі –

- A) Тепе-теңдік теориясы;
- B) Әлеуметтік таңдау теориясы;
- C) Жалпы әлеуметтану жайлы трактат;
- D) Қоғамның басқарушылар және басқарылатындарға бөліну жүйесі;
- E) Элита теориясын жасады.

46. Саяси ғылымда Г. Москамен ашылған заң –

- A) Буржуазия басымдылығы;
- B) Технократия басымдығы;
- C) Рухани басымдық;
- D) Элита басымдығы;
- E) Халықтың бсымдығы.

47. Неоконсерватизмнің мінездемелік белгілері –

- A) Нарықтық қатынастар қоғамның дамуына алып келеді;
- B) Нарықтық қатынастар тұлғаның дамуына алып келеді;
- C) Теңдік орнату бостандықты бұзады;
- D) Жеке меншікке құқық басымдылығы;
- E) Классикалық консерватизм және либерализм.

48. Неолиберализмді сипаттайтын белгілер –

- A) Экономикалық салаға мемлекеттің араласуын шектеу;
- B) Әлеуметтік үдерістерді реттеу;
- C) Экономикалық үдерістерді реттеу;
- D) Бәсекелестікті қолдау;
- E) Либерализмнің экономикалық белгілерінің консерва-
тизммен ұқсастығы.

49. Плюралистiк теорияға байланысты, билiк ... қолында –

- A) Үлкен мүдделi топтар ;
- B) Ұйымдасқан топтар;
- C) Көптеген ұйымдарда маңызды ұстанымдарға ие бiр-неше жеке тұлғалар;
- D) Жеке заңды азаматтар;
- E) Халық.

50. Әлеуметтiк мемлекеттiң маңызды мақсаты –

- A) Қоғамда әлеуметтiк әдiлеттiлiктi орнату;
- B) Әлеуметтiк теңсiздiктi әлсiрету;
- C) Әр бiр адамды жұмыспен немесе тiршiлiк көзiмен қамсыздандыру;
- D) Әлеуметтiк әрiптестiк жүйесiн дамыту;
- E) Негiзгi саяси күштер мәмiлесi.

51. Еуразиялық одақ идеясының жүзеге асуындағы әсерiн тигiзетiн фактор.

- A) Славян одағы қатысатын мемлекеттерiнiң экономикалық қуаттылығы;
- B) Мәдениеттiк дәстүрлiгiнiң жақындығы;
- C) Пантюркизм идеясын қолдау;
- D) Панисламизм идеясын қолдау;
- E) Саяси-стратегиялық мақсаттардың ұқсастығы.

52. Әлемнiң Қазақстан Республикасына деген қызығушылығын тудыратын саяси факторды көрсет.

- A) Бай табиғи ресурстар;
- B) Геоэсаяси орналасуы;
- C) Халықтың полиэтникалық құрамы;
- D) Президенттiң тұлғасы;
- E) Мәдениет пен бiлiмнiң жоғары деңгейлiгi.

53. М. Вебер легитимдi басқаруды қалай түсiндi?

- A) Әртүрлi әлеуметтiк топтардың келiсiмдiлiкпен өмiр сүруi;
- B) Қанаушылыққа сүйенген билiк;

- С) Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тақ;
- Д) Басқарудың ең жоғарғы формасына мойын ұсынған тұлғалар;
- Е) Заңмен шектелген басқару.

54. «Патшада аңдарға тән күштің болуы қажет, яғни патша арыстандай айбатты, тұлкіше қу болуы қажет» деген сөздерді қай ойшыл айтып кеткен?

- А) Т. Гоббс;
- В) Дж. Локк;
- С) Ф. Ницше;
- Д) Н. Макиавелли;
- Е) Т. Пейн.

55. «Мемлекет – түнгі қарауыл» деп көрсеткендер, қандай саяси идеологияны жақтаушылар?

- А) Анархизм;
- В) Либерализм;
- С) Консерватизм;
- Д) Социализм;
- Е) Нацизм.

56. Тарихта ең бірінші болып идеалды мемлекеттің моделін құрастырған қай ойшыл?

- А) Аристотель;
- В) Конфуций;
- С) Т. Мор;
- Д) Платон;
- Е) Полибий.

57. Осы көрсетілген принциптердің қайсысы демократияның плюралистік концепциясына сай келеді?

- А) Тұлғаның даралану ойы және оның халықтан, халықтың еркінен жоғары тұруы;
- В) Қоғамдық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік өмірді сақтау арқылы мемлекеттің біліктілігін және әрекет ету өрісін шектеу;
- С) Жеке бостандықты жағымсыз түсіну, яғни шектеудің, қаламайтын кірусілердің болмауы;

Д) Демократиялық биліктің негізі болып табылатын топтық мүдделердің бәсекелестігі мен балансы;

Е) Халықтың, оның еркінің жеке тұлғаның еркіне қарағанда басым болуы.

58. Консерватизм идеясына төмендегілердің қайсысы келеді?

А) «Адам өзіне не керек екенін, үкіметтен артық біледі»;

В) «Тепе-теңдік – әлеуметтік сфераға енгізілетін тек қана құқықтық емес, сонымен қатар саяси түсінік»;

С) «Мемлекет – бұл, яғни осындай институтсыз қоғамда тәртіп, әділдік, сыртқы қаіпсіздік пен ішкі келісімділіктің орнауы мүмкін емес»;

Д) «Жоғарғы мемлекеттік органды адамның басы емес, ал киіп алған бас киімі деп қарастыру қажет, яғни қоғамды түсінбеген жағдайда оны жай ғана шешіп қоюға болады»;

Е) «Революциялық өзгерістер әлеуметтік прогреске алып келеді».

59. Айтылған сөздердің қайсысы маркстік оқуға жатады?

А) «Руханилылық әрқашанда құқықтан жоғары тұруы қажет»;

В) «Саясат басталған жерде, мораль тоқтайды»;

С) «Мемлекеттің өмірін мемлекет идеясымен қатар қою, саясаттың басты міндеті»;

Д) «Саясат біріншіден, таптар арасындағы қарым-қатынас»;

Е) «Саясат – қолдан келетіннің бәрін іске асыру өнері».

60. «Барлық қарапайым адамдар билікті басқарып отырған элитаға, яғни олардың біліктілігіне мойын ұсынуы қажет» деп айтқан саясаткердің сөзі қай теорияға сай келеді?

А) Плюралистік демократия;

В) Элитарлық демократия;

С) Бихевиоризм және постбихевиоризм;

Д) Эгалитаризм;

Е) Ешқайсысына жатпайды.

61. Мыналардың қайсысы социал-демократиялық идеологияға сай келеді?

А) «Дәстүрлілік – қоғам мен мемлекеттің өркендеуінің негізі»;

В) «Келісімділік деп адамдардың бостандық пен әділдікке жетудегі басты қарым-қатынасы»;

С) «Адам өзінің табиғилылығына байланысты бейбіт өмір сүре алмайды, ол билікке құмар, күнәһар, алдамшы болып келеді»;

Д) «Теңдік – қоғамның ажырамас бір бөлшегі, ал бостандық – қоғамның құралы, яғни өзінің мақсаты өзінде»;

Е) «Элитаның басқаруы ғана тұрақтылықтың кепілі».

62. Б.Н. Чичерин орыс қоғамының қай бағытын қолдаған?

А) Анархизм;

В) Социализм;

С) Либерализм;

Д) Халықтылық;

Е) Консерватизм.

63. Ресейдегі радикалдылықты қолдайтындардың өкілі емес, бұл кім?

А) А.Н. Радищев;

В) П.И. Пестель;

С) Н.П. Огарев;

Д) А.И. Герцен;

Е) Н.Я. Данилевский.

64. Осы берілген ерекшеліктердің қайсысы жаңа заман саяси оқуларына жатпайды?

А) Либералды саяси идеологияның қалыптасуы;

В) Мемлекеттің құрылымының сараптамасы, түрлерінің бөлінуі, яғни ең идеалды басқару формасының түрін анықтау;

С) Биліктің тармаққа бөліну негізінің дәлелдемесі;

Д) Құқықтық мемлекеттің мінездемесі;

Е) Құндылықтар сараптамасы мен буржуаздық механизмнің жүзеге асуы.

65. Жазылған идеялардың қайсысы социал-реформизмге жатпайды?

- A) Эволюционизм қағидатына деген қолдаушылық;
- B) Плюрализмнің демократияға деген қауіптілігі;
- C) Саяси билік формасы ретінде, кез келген диктатураны қолдамау;
- D) Жұмысшылардың әлеуметтік қорғалу мәселесінің алда тұруы;
- E) Демократиялық парламентаризмді қолдау.

66. Әлеуметтік мемлекет концепциясына жатпайтын саяси бағытты анықтаңыз.

- A) Әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеудегі мемлекеттің рөлін төмендету;
- B) Экономикалық өсудің жоғары деңгейлілігі;
- C) Саяси жүйенің демократиялануы;
- D) Әлеуметтік серіктестік жүйесінің дамуы;
- E) Қоғам дамуының мақсаты мен жолдарына қатысты негізгі саяси күштердің мәмілесі.

67. Мына берілгендердің қайсысы демократиялық қағидаттарға жатпайды?

- A) Көпшіліктің билігіне қарамастан, азшылықтың мүддесін құрметтеу және ескеру;
- B) Азаматтардың теңдігі, құқықтары мен бостандықтарының сақталуы;
- C) Заң шығарушы биліктің атқарушы және сот билігінен үстем болуы;
- D) Парламенттік институттардың болуы;
- E) Елбасының сайлануы.

68. Құқықтық мемлекет концепциясына жатпайтын саяси бағытты көрсет?

- A) Биліктің тармақтарға бөлінуі мен тепе-теңдік жүйесін қалыптастыру;
- B) Заңның жоғарылығы, яғни заңның билік пен басқаруға үстемдік етуі;
- C) Саяси плюрализм мен жергілікті өзін-өзі басқару;

- D) Конституциялық басымдылықтың мүлде болмауы;
- E) Тұлғаның сот арқылы немесе басқалай қорғалуы.

69. Мына берілгендер қайсысы демократиялық принциптерге жатпайды?

- A) Көпшіліктің билігіне қарамастан, азшылықтың мүддесін құрметтеу және ескеру;
- B) Азаматтардың теңдігі, құқықтары мен бостандықтарының сақталуы;
- C) Заң шығарушы биліктің атқарушы және сот билігінен үстем болуы;
- D) Парламенттік институттардың болуы;
- E) Елбасының сайлануы.

70. «Біз барлығының құқықтарының теңдігі сақталатын полиэтникалық мемлекет құрамыз. Бұл бағытта Президент Конституцияның кепілі ретінде, яғни 130 ұлттар мен халықтар алдында тұр» деп айтқан кім?

- A) АҚШ Президенті Б. Клинтон;
- B) Ресей Президенті В. Путин;
- C) Франция Президенті Ж. Ширак;
- D) Қазақстан Президенті Н. Назарбаев;
- E) Түркия Президенті С. Демирель.

71. И.Г. Фихте бойынша, эфорат атты айрықша органың басты функциясын көрсет.

- A) Заң шығарушы;
- B) Атқарушы;
- C) Сот;
- D) Тыйым салдырушы;
- E) Сыртқы саяси функция.

72. XIX ғ. екінші жартысындағы Ресейдегі саяси ойлардың көрінісінен ашақ тұрған жауапты анықта.

- A) Революциялық демократизмнің пайда болып, утопиялық социализммен ұштасуы;
- B) Маркстік идеялардың таралуы;
- C) Феодалдық және буржуазиялық мемлекеттің сынға алынуы;

- D) Қайта құрушы құрылымды қолдамау;
- E) Еуразиялық идеяның пайда болуы мен таралуы.

73. Идентитарлық демократия концепциясының авторы кім?

- A) Ш.Л. Монтескье;
- B) Ж.Ж. Руссо;
- C) Дж. Локк;
- D) М.Ф. Вольтер;
- E) Т. Гоббс.

74. И.Г. Фихтенің ойынша, өзінің ең жақсы еңбегі қайсы?

- A) «Барлық шыншылдықтың сыналуы»;
- B) «Ғалымның тағайындалуы»;
- C) «Жабық сауда-саттықты мемлекет»;
- D) «Адамның тағайындалуы»;
- E) «Ғылым оқудың қағидаттарына сай табиғи құқық негіздері».

75. «Өмірбақилық бейбіт» атты трактаттың авторы кім?

- A) Г.В.Ф. Гегель;
- B) И.Г. Гердер;
- C) И.Г. Фихте;
- D) И. Кант;
- E) Ф.В. Шелинг.

76. Қазіргі заман демократия теориясының негізінде Руссоның концепциясы анықталып тұр:

- A) Бәсекелестік демократия;
- B) Идентитарлық демократия;
- C) Репрезентативті (өкілділік) демократия;
- D) Қатысушылық демократия (партиципаторлық);
- E) Классикалық либерализм демократиясы.

77. Жаңа заман саяси оқуларына жатпайтын анықтаманы табыңыз.

- A) Либералды саяси концепциясының қалыптасуы;

- В) Биліктің тармақталуына дәлелдеме жасау;
- С) Құқықтық мемлекет концепциясы;
- Д) Дін мен мемлекеттің саясаттағы рөлі;
- Е) Құндылықтар сараптамасы мен буржуаздық механизмнің жүзеге асуы.

78. Насихаттау арқылы халықты революцияға бағыттамақшы болған, орыс халқының өкілі.

- А) М. Бақунин;
- В) П. Ткачев;
- С) П. Кропоткин;
- Д) П. Лавров;
- Е) Н. Михайловский.

79. XX ғ. Орыс интелгенциясының даңқты қайсы өкілі «веховтар» қозғалысына қатыспаған?

- А) Л. Троцкий;
- В) Н. Бердяев;
- С) И. Ильин;
- Д) С. Булгаков;
- Е) П. Струве.

80. Мемлекет пен құқық туралы ойлары жинақталған Дж. Локктың еңбегін көрсет.

- А) «Левиафан»;
- В) «Басқару туралы екі трактат»;
- С) «Азамат жайлы»;
- Д) «Тәжірибе санасының сыналуы»;
- Е) «Христиандық дінге деген тәлім-тәрбие».

81. Саясат пен моралділіктің байланысы көрсетілген кезеңді тап.

- А) Антикалық;
- В) Ортағасырлық;
- С) Жаңа заман;
- Д) Қазіргі заман;
- Е) Буржуаздық революция кезеңінде.

82. Тарихта белгілі болғандай, саясатта моралділік-тен арылу соңында.....

- A) Қоғамның дамуына алып келеді;
- B) Шынайы өмірге кері әсерін тигізеді;
- C) Саясат пен мораль қарым-қатынас мәселелерінің тарылуына әкеледі;
- D) Халықаралық қатынастардың даму жылдамдығын өсіру;
- E) Демократияның қалыптасуына әкеледі.

83. «Адам еркін болып туылғанымен, қоршауда болады» деп айтқан кім?

- A) Платон;
- B) Т. Гоббс;
- C) Ж.Ж. Руссо;
- D) К. Маркс;
- E) Н.А. Бердяев.

